

15. 735

Мұқазалы Махамбет



ӨМІРДАСТАН



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

# ӨМІРДАСТАН

ТАҢДАМАЛЫ ӨЛЕҢДЕР  
МЕН ПОӘМАЛАР



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ,  
АЛМАТЫ — 1976

**Мақатаев Мұқагали.**

**М61** Өмірдастан. Таңдамалы өлеңдер пен поэмалар. Алматы, «Жазушы», 1976.  
232 бет.

Мұқагали Мақатаев соңғы жылдарда өз үні, өз әуенімен қазақ поэзиясына кеп қосылған белгілі лирик ақындарымыздың бірі. Оның өлеңдері мен поэмалары тереңнен сыр тартар нәзіктігімен оқырман қауымның ілтифатына ие болды.

«Өмірдастан» атты бұл кітапқа ақынның өлеңдері мен поэмаларының ең тәуірлері іріктеліп алынды.

M 70403 17  
402(07)-76 60—76

Каз2

© ЖАЗУШЫ 1976  
“Азатташ” ғылыми-  
академиялық  
журнал Петраполь

15735

# БІРІНШІ БӨЛІМ

ӘЛЕҢДЕР



## «АРМЫСЫНДАР, ДОСТАР» ЖИНАҒЫНАН

\* \* \*

Кең дүние, төсінді аш, мен келемін,  
Алынбаған ақым бар сенде менің,  
Бұйрат құмдар — бұйығып шөлдегенім,  
Бура бұлттар — бусанып терлегенім.

Аспанындай кей сәтте курсінемін,  
Жас талындай жауқазын бүршік едім,  
Кең дүние, керемет қалпыңменен,  
Жүрек болып кеудеме кірші менің.

Байтақ ел, балауса тау, бозаң далам,  
Секілді бәрі менен көз алмаған,  
Кең дүние, кенде етсең сыбагамнан,  
Шырылдаған сәбидей мазанды алам.

## ҚҰЗЕТШІ

Сәлем бере бара қалсаң Мұратқа,  
Тыныштық деп алдымен айт, сұратпа.  
— Тыныштық па, тыныштық па, балалар?  
Деп отырар қысы-жазы шуақта.

Қыс та таныс қоржынына мұз артқан,  
Бәрі таныс; жылымық түн, ұзак таң.  
Өмір таныс өмір-жасын ұзартқан,  
Әзірге аман өлім дейтін тұзақтан.

Шатынаған соғыс салған сызаттан,  
Кәрі кеуде жалын атқан, сыз атқан!  
Төрт баланы тыныштыққа құрбан қып,  
Төрт келінді төрт адамға ұзатқан.

Төрт келіннен алып қалды төрт бала,  
Өзі — пана, ал өзіне — төрт пана.  
Қартың отыр түгендеп ап ұпайын,  
«Айырбастап төрт қарага, төрт қара».

Қартың қазір бір бәйтерек мәуелі,  
Сексен емес, жүзіңнен де дәмелі.  
Сәлеміңе қайтаратын жауабы:  
— Тыныштық па? — деп сұрайды өуелі.

Суыт жүрген кәріден де, жастан да,  
— Тыныштық па? — деп сұрайды  
сасқанда.

Күн күркіреп, шатырласа найзагай,  
— Тыныштық па? — деп қарайды аспанға  
Өмірде әлі хауіп көп қой не түрлі,  
Қарт қалғымай күзетші бол бекінді.  
Сәл үйықтаса төрт немере төрт жаққа,  
Көзден файып болатұғын секілді.

## АЛПЫСҚА КЕЛДІҢІЗДЕР

Бәрін де көрдіңіздер,  
Бәріне көндіңіздер,  
Бәріне сендеріңіздер,  
Бәрін де бердіңіздер,  
Сіздер алпысқа келдіңіздер.

Мениң де әкем келер еді алпысқа,  
Амал нешік, жоқ бол кетті тартыста.  
Амал нешік, селдір сақал қарт ұста,  
Ауылында жүрер еді балта ұстап.

Софыс, софыс... Софыс жауы жер-көктің,  
Соны біліп, соғысқа жол бермек кім?!  
Егер сонау қанды майдан болмаса,  
Жүрер еді топай көгі еңбектің.

Жақсы күннің рақатын сезіп тек,  
Немеремен сауық құрып, кезіп кеп,  
Қайран қартым отыратын еді ғой,  
Өлеңімді оқи алмай ежіктең.

Мен егінсіз қалдырғым жоқ даламды,  
Мен көмусіз қалдырғым жоқ Анамды,  
Мен әкесіз қалдырғым жоқ баламды,  
Ешқашан да өлтіргім жоқ адамды.

Алпысқа келдіңіздер,  
Бәрін де көрдіңіздер.  
Бәріне сендеріңіздер,  
Бәрін де бердіңіздер.  
Алпысқа келсек екен енді біздер...

\* \* \*

Тау өзені тентек қой, тасып жатыр,  
Ақ кәбігін аспанға шашып жатыр.  
Арғы жаққа отарын өткізе алмай,  
Бала шопан айғайға басып жатыр.

Тарт!— деп еді, өзинен өт деп еді,  
Беттемеді көк серке, беттемеді.  
Қойлар қайтсін қойшының ыза-кегін,  
Тасқа барып соғылды шек дегені.

Құып шығып серкені қойдан бөліп,  
Сырық салты қамшымен сойды-ау келіп.  
Бірін-бірі паналап, ығысады,  
Көк серкенің тағдырын қойлар көріп.

Дүбін жазбай дүр етіп үрікті де,  
Отар тұрды, қалтырап бірікті де.  
Сорлы серке тұзаққа ілікті ме,  
«Өлдім» деді сақалын сілікті де.

Қой маңырап, шопанның сыбағаны,  
Шыңға жетті серкенің «жылағаны».  
Ұйқылы-ояу маужырап қырда отырган.  
Қарғып тұрды қарт шопан, шыдамады.

Жетіп келді желдіртіп күреңімен,  
Ашу буы атып тұр реңінен.  
Сақалдан ап серкені сабап жатқан,  
Шопанның ұстай алды білегінен.

— Түк көрмеген түлейдей... малды ұра  
ма?!  
Жоғал былай, торсықтай салбырама!

Серке емес, сен өзің де сескенесің,  
Сен қылмаған ерлікті мал қыла ма?!

Шешініп суға түскен қартты көріп,  
Көк серке өзенге өзін атты келіп,  
Көсемінен көз жазбай тұрган отар,  
Жамырасып жағаға тартты берік.

Қазақтың мал — ырысы, малы — бағы,  
Қашаннан бір-біріне танымалы.  
Қүреңімен қырқа асып бара жатқан,  
Қартқа қарап көк серке маңырады.

## БІЗДІҢ ЖАҚТЫҢ ІҢІРІ

Әлдеқашан жасырынды, күн батты,  
Ауыл үстін елеңалаң түн жапты.  
Сонау егіс даласында колхоздың,  
Қызған еңбек әлі-дагы тынбалты.

Жарқырайды тұнгі ауылдың оттары,  
Адам даусы, пысқырынған аттары.  
Қызыл сәуле бір көрініп, бір сөніп,  
Белден асып машиналар кетті әрі...

Дүбірлеткен көшеміздің жан-жағын,  
Дыбыстары машинаның, арбаның.  
Қалтырайды қойлы ауылдың оты да,  
Жағасында тасып жатқан арнаның.

...Күндеңіден әлдеқайда жай тіпті,  
Қыр астынан әрең-әрең Ай шықты.  
Жатағынан кешеу қалған топ үйрек,  
Жаңа ғана жайылымнан қайтыпты.

Көз алдымда оның кейпі, сыр, түсі,  
Сыпайы бір ашық-жарқын күлкісі —  
Аржағында қарауытқан қыраттың,  
Әндetedі менің досым жылқышы.

Өсекшіл жел сыбырлайды алыстан,  
Сырын ұрлап жастардың да табысқан.  
Әлі қарап, мен де тұрмын бір үйге,  
— Жұмысынан келді ме? — деп, — таныс жан.

## МЕН БЕ ЕКЕМ?!

Шаруа-басты, мандайды  
Шаршатам, күнде терлетең.  
Шола алмай алыс, шалғайды  
Шоғырда жүрген мен бе екем?!

Қинамай жанды, ауыртпай,  
Жүретін кезім кемде-кем.  
Илеуге қойған мамықтай,  
Иесіз бұйым мен бе екем?!

Тереңнен тартып нәр алмай,  
Теңізде жүру жөн бе екен.  
Қайығы батқан адамдай  
Қармаған талды мен бе екем?!

...Дос басына күн туса,  
Досымнан бұрын мен кетем,  
Қару ап жауым ұмтылса,  
Қайыра соқпас мен бе екем?!

Отаным, сенің ұлыңмын,  
Сен үшін, Отан, бел бекем!  
Алқызыл арда — Туыңның  
Тұғыры болмас мен бе екем!

## ЖҰМЫСТАН СОН...

Қажып тұрмын, несіне жасырайын,  
Әкелші, ата, бар болса насыбайың,  
Азан-қазан шулаған қапақ бастан  
Құрып кеткір даң-дұңды қашырайын.

Айтшы, ата, әкемді көріп пе едің?  
Ол мендей жан ба еді желікпелі?  
Ол да мендей шақшаңа құмар болып,  
Сергіп бір қайту үшін келіп пе еді?

Ол да мендей шолжыңдал, жүріп пе еді?  
Саяқ па еді, болмаса құлік пе еді?  
Болмаса дүйім елді дүбірлеткен  
Бағзы біреулердей бұлік пе еді?

Мұрагері емес пе ем арт жағында,  
Әкеме тарттым ба, ата, тартпадым ба?  
«Ата көрген оқ жонар» деуші еді ғой  
Байырғы атамыздың салттарында.

Айтшы, ата, әкемді көріп пе едің?  
Ақыл кенес оған да беріп пе едің?  
...Оу, ата, мұның қалай, жарамайды  
Несіне көз жасыңца ерік бердің?!

Көрсетпе көз жасынды, жасымаймын,  
Әкем өлсе, мен бармын несі уайым!  
Әкемдей бір атайын шертіп тұрып,  
Әкелші, тәуір екен насыбайың.

## ОТЫЗДАН АСЫП БАРАМЫН

Сұқтанып тұрып жанарың,  
Сұрыма неге қарадың?  
Солай да, солай, қарағым,  
Отыздан асып барамын.

Шашымның санап әр ағын,  
Таңырқай берме, қарағым.  
Санаулы басқан әр адым,  
Отыздан асып барамын.

Белгісі тұр ма ағаның,  
Бетіме неге қарадың?  
Бақытын тілеп баланың,  
Отыздан асып барамын.

Қуанып кейде қаламын,  
Қуарып кейде қаламын.  
Аттанған ата-ананың  
Артынан құып барамын.

Әзілің қайда, қарағым,  
Әжімге несін қарадың?  
Артымда қалып аларым,  
Отыздан асып барамын.

Солай да, солай, қарағым,  
Көңілдің таппай қалауын.  
Жастықтың жықпай жалауын,  
Отыздан асып барамын.

## ХАТ

Саған таныс адыр, қырқа, беттегі,  
Жыңғыл, жусан, тобылғылар көктеді  
Рақатта іші-сырты ауылдың,  
Қуантсанышы сен де, сәулем, кеп мені.

Сағынышым — тек өзіңсің бір ғана,  
Ұшып жетті, қарлығаш та, тырна да,  
Саралақаз жұмыртқалап үлгірді,  
Кеше екеуміз асыр салған жылғага.

Ең алғашқы несер де өтті себелеп,  
Әлдеқашан гүлге қонды көбелек.  
Байлық, бақыт — бәрі де бар ауылда,  
Әттең, сәулем, тек сен жоқсың не керек?!

\* \* \*

Күміс жалды күн дейтін көлікпенен,  
Көріп келем өмірді, көріп келем,  
Құатым бар жанымда сеніп келем,  
Даңғазага даурығып желікпеген.

Кездеседі кей-кейде босаң қайғы,  
Кеспек болып алдымды шошаңдайды.  
Кездестірем кейде бір осал жайды.  
Кезі-кезі келгенде дос алдайды,  
Көңіл сонда құлазып, босаңдайды.

Жүгірмей, желмей, жортпай,  
жоргаламай,  
Өрмелеп шығып келем жонға қарай,  
Қыран болсам қонбас па ем шыңға  
барып,  
Дарига-ай, қанатымның болмағаны-ай!

15735

Текст-Республиканский альбом-  
2-1942 г. г. Ермекова  
город Петропавловск



## «ҚАРЛЫҒАШЫМ КЕЛДІҢ БЕ?» ЖИНАҒЫНАН

ОТЫЗ БЕСІНШІ КӨКТЕМІМ

Отыз бес күз,  
Отыз бес қыс,  
Отыз бес жаз.  
Осал өмір емес-ау, отыз бес жас.

Отыз бес жыл өткөрдім.  
Отыз бес жыл қуарып,  
Отыз бес жыл көктедім.

Отыз бес жыл өмірді кезіп келем,  
Және отыз бес бола ма?  
Сезіктенем...  
Әкем менің есімде, шам тубінде,  
ВКП(б) тарихын ежіктеген.

Отыз бестің шілдесі, ақпандары,  
Қан майданға әкемнің аттанғаны,  
Бәрі есімде —  
Дала, егіс, ауыл, мектеп,  
Үстаздар, интернаттың қатқан наны...

Бәрі есімде —  
Мекен-жай, тұрағым да,  
Тек есте жоқ,  
Құлдім бе, жыладым ба?!  
Балалық шақ жармасып жүретүғын,  
Өгіз жеккен соқаның құлағында.

Шаруаның баласы болғасын ба?  
Шаруамен айналдым он жасымда.  
Майдандағы әкеме оқ жібердім,  
Айырбастап күлшемді қорғасынга.

Әжем есімде...  
Әрнеге тозбайтүғын,  
Әріден көп әңгіме қозгайтүғын.  
Темір керней есімде,  
Боран үрсе,  
Азалы үнмен аңырап боздайтүғын.

Есімде жоқ,  
Бала бол өсіп пе едім?!

Болсам неге жылы сөз есітпедім?!

Білемін тек, есімде жеңіс-құстың,  
Біздің жаққа бір алта кешіккені.

Осылай өскемін.  
Мен — солдаттың тұтатып кеткен оты

едім,

Сөнбедім де өшпедім  
Мен отыз бестемін.

Мені жұрт:  
«Жақсыдан қалған көз» дейді,  
«Шешеннен қалған сөз» дейді.  
Ақымақ болсам, төзбейді.  
«Хайуан» дейді, «ең» дейді.  
Қақым жоқ жаман болуга,  
Өрбісін өсек, сөз мейлі...

## БҰЗЫЛҒАН ТАМ

Тәкаппар таулар жатқан жан-жағында,  
Барып қайт салқын жайлау, малды  
ауылға.

Бір жер бар, «Қара саз» деп аталатын,  
Көресің жолың түсіп барғанында.

Көресің кек орманын, жылғаларын,  
Мөп-мөлдір қайнап шыққан тұнбаларын.  
Жылғаның жағасында бұзылған там,  
Сен соған ей, жолаушым, бір қарагын.

Кес-кестеп кісі жолын торымаған.  
Сол тамда тірлік еткен момын адам.  
Қаншама тырбанса да шаруаның  
Дәuletі бір-біріне қорымаған.

Өмірде өзін-өзі ол құл көріпті,  
(Киіпті ауыстырмай бір берікті...)  
Байғұстың барша жұрты тілек тілеп,  
Үйіне түңғышы бол үл келіпті.

Той жасап, төрқа тесеп шабылмаған,  
(Демек, тойдың жабдығы табылмаған.)  
Өмір дейтін өзгермес мекеменің,  
Алдында әжем мені қабылдаған.

Кейін әкем ел-жұртын басқарыпты,  
(Қашанғы жарғақ бөркі тасталыпты)  
...Жағасында жылғаның бұзылған там,  
Гұмырым осы жерден басталыпты.

## 1941 ЖЫЛ. АҚПАН

1941 жыл ақпандатқан,  
Сыртта аяз.  
Аулымызды ақ қар жапқан.  
Үнірейген үрей түр соғыс дейтін,  
Алапат — аспан, жерді аттанадатқан.

Аттан! — деді.  
Ол ертең аттанады.  
Аттанады еңбектің ақ табаны  
Күрегінің орнына қару алды,  
Жауынгердің ролін атқарады.  
Ол ертең аттанады.

Жарты Ай түр шар аспанда — тозған  
таға,  
Ускірік үрлей ме, өлде қозғалта ма?!

Әжем жүр туған жердің топырағын,  
Тұмар ғып тігіп жатыр бөз қалтаға.

Ол отыр.  
Аямай-ақ ішіп алған.  
Санасын мазалайды күшік-арман.  
Аттан әке.  
Таныс қой күрес саған,  
Күресуі керек қой күші бар жан.

Неге бізге үмітсіз тесілесің?  
Аттан әке.  
Жолыңдан кешігесің.  
Кеудесінде шыбыны бар пақырлар,  
Тауып жейді сенсіз де несібесін.

Қалай сені жұбатам, аңыра, Ана,  
Сау қайт деп тәңіріңе жалын, Ана.  
Мына отырган иеміз құласа егер,  
Саған жар, әке бізге табыла ма?!.

...Жалынған газиз Анам, сұрап қалған,  
Жоғалды сол бетімен бірақта арман.  
Сенбеймін әкең өлді дегенге мен,  
Себебі ол үйімізден тірі аттанған...

## ҚЫРҚЫНШЫ ЖЫЛДАР

Рас, қайғы-қасіреті бар қаптаған,  
Ғұмырлар бар батқан және батпаған.  
Әкелгемен әр адамға бір қайғы,  
Сол жылдарға қарғыс айту жат маған,

Жанды-жансыз бар табиғат түнерген,  
Әр кеудеде бір шер барын білем мен.  
Қан майданда ерлік етсе біреулер,  
Қарсы жауға біз де шықтық түренимен.

Аңыздардан тере жүріп масақты,  
Рас, рас, көзіміден жас акты.  
Бірақ со бір дауыл жылдар, от жылдар,  
Бәрімізден бір-бір батыр жасапты.

Батыр жұртым, сол жылдарды өткердің  
Сонда да сен жақсы көрдің, жек көрдің.  
Қара емендей қатып қалған әжеңді,  
Кейінгі ұрпақ, батыр емес деп көргін.

Кейінгі ұрпақ, саған салған өткелдің,  
Сағасында өткен жастық, өткен күн.  
Қаршадайдан қара шаруа атанған,  
Сен әкенде батыр емес деп көргін.

Сол жылдарға қарғыс айту жат маған,  
Сондағы мен ерлігіме мақтанам.  
Балғын ұрпақ, сенің болашағынды  
Біле білсең, мына біздер сақтаған!

## МАХАББАТЫМ ӨЗІМДЕ

Жүргенде қатал тұрмыс илеуінде,  
Білмеймін, сүйдім бе мен сүймедім бе...  
Жастықта жалын атып сүйсем егер,  
Түспес ем дәл мынадай күйге мұлде.

Мен нағыз махаббатты армандаймын,  
(Оны мен жоғалтып та алғандаймын...)  
Ақ қаздар арасынан аққыымды,  
Ажырата білмеген сормаңдаймын.

Отінем сенен гафу, асыл жарым,  
Көрсетпе тарпаң мінез, тасынбағын.  
Сен менен от іздеме, құрмет ізде,  
Өртеніп жана-жана басылғамын.

## КЕЛ, БОЛАШАҚ!

Ей, Болашак!  
Сен мені шет көрмегін.  
Осынау емес еді жетпек жерім!..  
Жеткендерің,  
Шарықтап кеткендерің,  
Көрмеген күндерімді өткөр менің.

Көрмедім көп нәрсөні, сөз ілінді.  
Сен түйсін, түйсінбекен сезімімді.  
Атан жортса арқамнан мыңқ өтпеген,  
Айыптасаң өзін біл тәзімімді.

Жыр жорығына аттандым, әзіл журдім,  
Бақ алаңын балтадым сезім-гүлдің.  
Жазылмаған жырымды жалғайсың ба,  
Бастайсың ба жаңа жыр, өзің білгін  
Сезім-гүлге келеді көз ілдіргім...

Өмірменен жән болмас ұстасқаным,  
Бір ғұмыр дүниенің құшпас бәрін.  
Күнің шығып келеді Болашағым,  
Бесінге ауып барады түскі аспаным.

Өмір — мәңгі.  
Уақыт, мүмкін, елес.  
Кел, Болашак!  
Сауық құр, құлқіне көш!  
... Бір күн шықса, бір күннің батуы анық,  
Екі күннің түруы мүмкін емес!..

## АЛАТАУ, АССАЛАУМАҒАЛЕЙКҮМ!

Көзінің де, көңілінің де нұрын алған талайдың,  
Алатауға тамашалап, таңмен бірге қараймын,  
Уа, ассаламағалейкүм, әппақ басты арайым!

Шаруа — ата секілденіп, өміріңді сарып қып,  
Үлкен үйдің ошағындай дүниені қарық қып,  
Аман-есен жатырмысың, айналайын жарықтық?

Жат осылай тапжылмастан, осыныңды хош алам,  
Баурайында бауыр да аман, тең-тұс, аға, дос аман.  
Жат осылай тапжылмастан, уа, тәқаппар босагам!

Кем болып жарапам жоқ мен ешкімнен,  
Кейбіреуге қарыздар емеспін мен.  
Бейілімді теңізбен таластырып,  
Тереземді аспанмен теңестірем.

Досқа сыйын, заһарын шашар жауға,  
Қарыздармын халқыма қашаннан да.  
Қабыргасы қайысып қарт әжемнің,  
Қалай тұрам, көзіне жас алғанда.

Қайғы түссе 'басына бір ағаның,  
Қалай ғана шыдал мен тұра аламын.  
Жасын сұртіп солардың, бірге жылап,  
Бірге күліп солармен, жұбанамын.

Ести тұра шырылын жас баланың,  
Қалай ғана алшаңдал, мастанамын.  
... Тік көтеріп сәбиді уатпасам,  
Сәби — халқым, саған мен масқарамын.

Сәби — халқым, сарыла сыр ақтарам,  
Жалған ой, жасырын күй жырақ маган.  
Сенің үнің мендегі, сенің жырың,  
Сенің ойың санамда тұрақтаған.

## СІЗДЕР

Сіздер сезесіздер ме?  
Тұсінесіздер ме?

Сенесіздер ме кісіге,  
Сіздер?

Сіздер — көтергіш крансыздар:  
Шығарасыздар да,  
түсіресіздер де.

Заманның жүргі алақандарыңызда,  
Алақандарыңызда, жоталарыңызда,  
Айтсаңыздар болды балапандарыңызға,  
Лаулаймыз өрттей от аламыз да.

Дәуірге — оттық,  
шырпы да — Сіздер,

Тұтанасыздар да, сілкінесіздер.  
Құпия сандық құлышы да — Сіздер,  
Құлышының ашар кілті де — Сіздер.

Катігез майдан, қанды жапанда,  
Безгісіз болып жоғалғансыздар.

Жігіт бол барып ерлік сапарға,  
Шал болып қайта оралғансыздар.

Атадан қалған асылдарсыздар,  
Дауылдансыздар, жасыннансыздар.  
Өзен болып көлге қосылғансыздар,  
Дән болып жерге шашылғансыздар.

Атанин гөрі жоталысыздар,  
Жоталысыздар, боталысыздар;  
Боталарыңызың Отанысыздар.

\* \* \*

Ауыл түні бозғыл, торғын, мақпалдай,  
Аспан жерге таңырқап тұр ақ мандай.  
Бір-біріне ғашық екі дүние,  
Сырласа алмай, мұндаса алмай жатқандай.

Құс ұшпайды, жел еспейді, тып-тынық,  
Жұлдыз қандай, жұлдыз қандай тұп-тұнық.  
Жер мен Аспан,

Екі алыптың қойнында  
Ұйықтап жатыр ұлан-ғайыр мықтылық.

Сал-дүние, самала-аспан, жарық кеш,  
Жаймашуақ жаздың түні мамық тес.  
Құс жолында керуенін доғарып,  
Ұйып қана ұйықтап жатыр алым көш.

Сыр дүние-ай, сиқырың көп не түрлі,  
Бір көрсетпей өтесің-ау бетінди.  
... Жанып-сөнген, жанып-сөнген жұлдыздар  
Іңдердегі стадион секілді.

(Үздік-создық шырпыларын жаққандай).  
Ауыл түні.

Ауыл түні мақпалдай.  
Аспан мен жер бозғыл шәйі жамылып,  
Сырласа алмай, мұндаса алмай жатқандай.

\* \* \*

Жұтайыншы елімнің таза ауасын,  
Сарайымды, санамды тазаласын.  
Жасырмайын аяздан дидарымды,  
Жазаласын жарықтық, мазаласын.

Соқсын, мейлі, үскірік тыншымасын,  
Саусағымды, бетімді шымшыласын.  
Туган жердің ежелгі өзіліне,  
Туган ұлы шыдамай, кім шыдасын?..

Соқ бүрқасын.

Қаласаң аттан алып,  
Қатырып қой даалаң аққалағып.  
Ұшып-қонып өмірде жүрген ұлың  
Мұздай қатып отырсын таққа барып.

Аяз Ата!

Соқ, мені, шынығайын,  
Шыдамасам мәңгілік тынығайын.  
Таяғыңа тас болып төтемесем,  
Сынайын да құриын шыныдайын.

Ал, бүрқасын, аңыра, аңыра бір,  
Өн бойымды қуала, жаныма кір.  
Ей, жүрегім, еліңді сүйем десен,  
Ең алдымен сауығын сағына біл!

## АРУЛАР

Арулар — асыл жандар!  
Шуақ боп шашылғандар,  
Құат боп тасынғандар,  
Құшақ боп ашылғандар,  
Арулар — асыл жандар!  
Арулар — асыл жарлар!

Арулар — әр бір үйдің шаңырағы,  
Әр бір үйге от болып жағылады.  
Әр бір үйде таң болып атты-дағы,  
Әр бір үйге сөule боп жамырады.

Жимайды-ау бір шашылған шуақтарын,  
Саясына келеді-ау, шуақтағың.  
Жамаңдыққа қиярсың қалай ғана,  
Жайнаған бір-бір үйдің шырақтарын.

Арулар — асыл жарлар, сағыныштар,  
Өтініштер, құшақтар, жалыныштар...  
Жек көрсе олар жүрегін мұз жасайды,  
Жақсы көрсе балқытып, жанына ұстар.

Арулар — аяулылар, ардақтылар,  
Өмірдің жылуы боп қалмақ бұлар.  
Арулар — тіршілікке күре тамыр,  
Өмірді бір-біріне жалғап тұрап.

Бір ән бар бүгінгі ұрпақ естімеген,  
(Сонау бір соғыс жылы естіген ем)  
Әрәдік, әлдеқалай есіме алсам,  
Қос басы, қою қара кешті көрем.

Шар тастар, шалғынды сай «Қарагайлы»,  
Шулы өзен шомылдырған шагала —  
Айды.

Жөтеліп бұлттар көшіп өтетүғын,  
Жетектеп жетегінде қара қайғы.

Жел тынған, жапырақ та сілкінбекен,  
Тауға кеп түн үйитын кілкілдеген.  
Әр жүректі сол бір ән мазалайтын,  
Әр көмейде сол бір ән бұлкілдеген.

Қос басында қауымның берісі де,  
Қосылатын жасы да, кәрісі де,  
Сіңір тірсек біздер де шырқаушы едік,  
Тусінбестен сол әннің мәнісіне.

Күндізгі зор бейнеттің түні келіп,  
Әр кеш сайын ән тындал жүріп едік.  
Көз үйқыға кеткенше сол бір әннен  
Сай-сала тұратүғын күніреніп.

Жүректің шыңрауында қоздайтүғын,  
Шыбыны бар қеудені қозгайтүғын  
Қауым айтқан сол әнді естігенде,  
Боталы інген борықта боздайтүғын.

Бір ән бар бүгінгі ұрпақ естімеген,  
(Сонау бір соғыс жылы естіген ем)  
Сол бір ән көмейіме кептелгенде,  
Өмір дейтін керуен, көшті көрем.

\* \* \*

Қабағы таудың қатулы,  
Қар жауа ма, қайтеді?!  
Бұлақтар мұнға батулы,  
Мұз тұра ма, қайтеді?!

Ай туыпты шалқалап,  
Шатынап аяз болар ма?!  
Тыныстай қапты шар тарап,  
Шарқ ұрып дауыл соғар ма?!

Жапсан жап тауды, қыратты,  
Жаусаң, жау, ақ қар, үш алта!  
Бұйығып жатқан бұлақты  
Бұрқана келіп құшақта.

Дала, орман тегіс ілбіпті,  
Соқсаң соқ, дауыл, серпіл бір!  
Мына бір бейқам тірлікті  
Желпіндір, дауыл, желпіндір.

Шалқадан туған Айды да  
Орақ қып көкке шаншып қой.  
Жол ашсаң мұнға, қайғыға  
Тірлігің онда мансұқ қой.

Қарлығашым, келдің бе, қаршығадан саумысың?  
Аман-есен жеттің бе, айыр құйрық нау-құсым?  
Оралдың ба тағы да өзің өскен үяга,  
Оралдың ба, сүйіктім, екеуің де бармысың?

Қарлығашым, бұ қалай, қайда кеткен серігің?  
Зияны жоқ зиялым, өкпелетті сені кім?  
... Түсінікті сүйіктім, түсінікті айтпа енді,  
Тұмар құсым кеткен-ау тырнағында перінің.

(О жылы біз ауылда оңаша үйде тұрганбыз)  
Жаз да өтіп барады, қарлығашым жүр жалғыз,  
Көзді ашып-жұмғанша көсеуін ап қолына  
Жетіп келді бір күні жел үрлеген сырдаң құз.

Ғанибет қой, шіркін-ай, шуылдасаң ұлардай,  
Қыын екен жалғыздық қияда өскен шынардай,  
Жалғыз қайтты сол жылы,  
жалғыз қайтты жыл құсы,  
Жұмыртқа да таба алмай, балапан да шығармай.

Қарауытып көз алдым, қарап тұрмын досыма,  
— Қарлығашым, қайта орал мекениңе, шошыма.  
Әжем менің күйбеңдеп, күбірлеп жүр аулада:  
— О, бәтшагар өмір-ай, өмір дейтін осы да!..

\* \* \*

Бұлқынып жатыр,  
Келмейді-ау құрғыр шамасы,  
Бұлқынып жатыр.  
Таусылды-ау айла-шарасы.  
Сәулемнің менің аяқ пен қолын матамай,  
Бостандық берші, бостандық берші, мамасы.

Түмшалап қойдың несіне сонша қаусырып,  
Шандудан бөлек қалған ба шараң таусылып?  
Аяқ пен қолын матамай бос қой, мамасы,  
Кішкентай адам көрсетіп жатыр қарсылық.

Қарашы мынау қабаржып жатқан пішінге,  
Ыза мен ашу қайнайды келіп ішінде.  
Жетпей ме сол да, қойдың ғой мені арқандап.  
Мамасы, босат, қызыма құрсау түсірме!

Көкемді босат, аяқ пен қолын матама,  
Көтеріп жүрем, көтеріп өтем жотама.  
Басымды тігем.  
Бармақтай менің сәбиім бұлдіре қоймас...  
Бостандық берші ботама?

Мамасы, босат, еркімен өссін тал шыбық!  
Ауа мен күнге, Ай менен нұрга малшынып.  
Бұлқынып жатыр, ұмтылып жатыр, қарашы,  
Кішкентай жүрек көрсетіп жатыр қарсылық.

\* \* \*

Қап-қара, ғажап сиқырлы  
Қашпаңдар қара бояудан!  
Қандырып уыз-үйқымды,  
Қап-қара тұннен оянғам.

Қап-қара тұнді көрдім де,  
Жап-жарық таңға кездестім.  
Қарасыз, сірә мен мұлде,  
Аппактың нарқын сезбеспін.

Жарыңың шашы қап-қара,  
Көзі де қара, шамасы.  
Сондықтан жүзі аққала  
Сондықтан әсем, қарашы.

Ақ пенен қара алмасып,  
Алмасып тұрса әрдайым.  
Ақ түске ғана жармасып,  
Қараны неге алмайын.

Қап-қара көзді бір қыз бар,  
Қашпаңдар қара бояудан!  
Аспанда жарық жұлдыздар  
Қап-қара тұнде оянған.

\* \* \*

Шау тартып қалыпсың-ау, қайран шабыт!  
Жүруші ең кейбір жерде ойран салып,  
Жүруші ең кейбір жерде сайран салып,  
Шау тартып қалыпсың-ау қайран шабыт!

Секектеп желетін де сен емес ең,  
Тепектеп келетін де сен емес ең,  
Ақ бұлт пен қара бұлттың арасында,  
Алапат айқыш-ұйқыш тәбелес ең!  
Сен солай болмағанда елемес ем,  
Сені мен наизағайға теңемес ем.

Шау тартып баrasың-ау шарық-құсым,  
Тояттап әлде жемге қарықпышың?  
Бар үшши!

Босатайын тұғырыңнан,  
Шау тартпа!  
Шынымен сен шабытпышың!?

Адамды адам түсінбеу — бір ақырет.  
Ойлы жас, түсініпсің, рақмет!  
Рақмет!

Жассың ғой жалыны мол,  
Жалыны мол және де қуаты көп.

Ойлы жас!

Өлең менің бар тынысым,  
Жақсы сөзім — жаны игі халқым үшін.  
Атақ қуып, бақ қуып, даңқ қуып,  
Біреулерден жүргем жоқ арту үшін

Оңашада ойларын тыным еткен,  
Біздейлердің мыңы көп, мыңы кеткен.  
Ақындар бар амалсыз бұғып өткен,  
Ақындар бар ішінен тынып өткен.  
Біздейлердің мыңы көп, мыңы кеткен.

Бізді олардың балама біріне де,  
Ұлыға да санама, іріге де.  
Қалам тартқан қазақтың бәрі де ақын,  
Абай, бірақ, қайтадан тіріле ме...

Ойлы жас!

Өлең менің сырласымдай,  
Сырлассам да құмарым жүр басылмай  
Айтып өткен ақында арман бар ма  
Жүргегінің туғынде кір жасырмай...

## ҚАСЫМ СОЛАЙ БОЛМАСА...

Дейсіңдер-ау! Қасымның несі басым?!  
Қасым солай болмаса, несі Қасым,  
«Ақынмын» деп қопаңдап жүргендердің  
Әммесінен Қасымның десі басым.

Құат алып жырына бәз-даладан,  
Ол жанған.

Күні жоқ-ты маздамаған!  
Өлісінде өнеге болғаны анық,  
Тірісінде «біреуге жазған Адам...»  
Өлеңінің өлмеуін арман қылды.  
Тасқа басып қалдырыды такаппар жан,  
Қан менен жас аралас тарлан-жырды.

Жеді.

Тынды...

Керемет дерттер төніп,  
Кең кеудеде кетті ғой қектер сөніп.  
Қасым деген — қалғыған жанар тау ғой  
Жанар тау ғой.

Жанды да кетті өртеніп.

«Бір күй бар добырамда...»  
(Иесі Қасым)

Қасым солай болмаса, несі Қасым?  
Жыр бәйгесіне аттанған адам болса,  
Сөредегі Қасымын есіне алсын!..

Тау бұлағы да ағады,  
Ой бұлағы да ағады.  
Әрқайсысы өзінше тепкілейді жағаны.  
Бірі жылжып барады,  
Бірі мәңкіп барады,  
Бәрісі де, не шара, ага алмайды жоғары.

Бәрісі де, ұмтыла, тек ылдиы іздейді.  
Әрқайсысы өзінше,  
Қатарларын түзейді.  
Дарияға қосылып жай тапсам деп теңізден,  
Байғұстардың бәрісі құдерлерін үзбейді.

Бірі жатыр күркіреп,  
Бірі жатыр жылмыш.  
Бірі қалды шөлдерде көмейіне құм құйып.

Асығады байғұстар,  
Сезінбейді сірәда,  
Баар жері бәрібір екендігін тұңғиық.

Асығады байғұстар,  
Өзін-өзі қинайды...  
Бұлақтардың көбісі дарияға құймайды!  
Дарияны қайтеді.  
Мұнысы да жөн шығар.  
Мүмкін олар даласын шөл етуге қимайды,  
Бар қуатын өзінің топырагына сыйлады.

\* \* \*

Санаулы күн,  
Санаулы ай,  
Санаулы жыл.

Санай жүріп самайлар ағарды кіл,  
Уақытты не пайда санағаннан,  
Алатұғын өмірде бағаңды біл.

Қанша күнің,

Санап көр текке кетті,

Қанша жанды.

Санап көр, өкпелеттің.

Адамдықтан адасып қаншама рет,

Қаншама рет ауытқып, шетке кеттің?!

Қанша жүрек түбінде тұрақ тептің,

Қанша жанның жүзіне шуақ септің?

Қаншама рет қуанып бардың-дағы,

Қанша адамның алдынан жылап кеттің!

Ал, қанеки,

Санап көр, санағышым!

Сарқылмастан тұрганда сана-күшің.

Не жақсылық көрсетті адам саған?

Не жақсылық жасадың адам үшін?

\* \* \*

Сонау бір жазда, жайлауда,  
Соғыстың кезі, қой баққам.  
Көңілім келмей байламға,  
Көп нәрсені ойлантқан.

Астымда тарпаң дөненім,  
Торсықта шырын қымызым.  
Миымда шикі өлеңім,  
Қайнайтын келіл күн ұзын.

Қайнайтын, шіркін, піспейтін,  
Маздатып қойып оттығын.  
Өзімді-өзім күштейтін,  
Қазіргі жағдай жоқ-тұғын.

Қойнымда дәптер, қаламым,  
Қайтатын үйге жазылмай.  
Сағымы сабыр даланың  
Айта алмай жүрген назымдай.

Жүгірген төмен құлдырап  
Көрдім де таудың бұлағын.  
Көзімнің алды бұлдырап,  
Қалқайып екі құлагым,  
Қабаржып, үнсіз жыладым.

Сондағы көздің жасынан  
Ләzzат алғам, нансаңыз.  
Сұраңыз әрбір тасынан  
Еліме менің барсаңыз.

Сұрапыл, сұрғылт, ашулы  
Сұраңыз таудан, асқардан.

Сондағы тамшы жасымды  
Кем көрмен ұлы дастанинан.

Бұлақтан барып сұраңыз,  
Көрді екен, кімді білді екен...  
Бұғынып қалған бір аңыз  
Бұйығып тағы жүр ме екен.

Жартастың жонын ұрғылап,  
Кеудесін сайдың тепкілеп.  
Сұрап ма екен сүм-бұлақ  
— Сол бала қайда кетті? — деп.

## САҒЫМ

Есімде ессіз менің бала шағым,  
Болмасқа әжемменен таласамын.  
Қырыры жоқ дағаның сахнасында,  
Сағым болып ойнайтын болашағым.

Теңіз болып жер беті тербелетін,  
Қыбыр-қыбыр дүніне сенделетін.  
Таулар алдың кемедей жүзетүғын.  
Желпіндіріп желкені желге бетін.

Сиқырлы сан мың сәуле төгілетін,  
Сан мың өрнек сәнімен өрілетін.  
Көз ұшында мазарлар көтеріліп,  
Тәжі мақал сияқты көрінетін.

Сағым ойнап тұратын көпке дейін,  
Бірде жылжып, шегініп шетке кейін.  
Көрші ауылдар гайып боп алыстайтын,  
Аңсап өткен моллалар Мекке дейін.

... Табиғат сиқырына аңыргамын  
Аңыргамын, алстысағынғамын.  
Жоққа сенгіш сәбілік қайдан білсін,  
Сағымнан әрі тағы сағым барын.

\* \* \*

Жалаңаяқ жар кешіп,  
Қызылаяқ қыр кешіп,  
Қыр гүлімен бірге өсіп,  
Қыр желімен бірге есіп,  
Торғайлармен тілдесіп,  
Торы тайға мінгесіп,  
Тобын жазбай топ бала.  
Жұретін ек гулесіп.  
Орман, таулы туған жер —  
Ортақ бізге бір бесік.

Оны да біз атқардық,  
Жігіт болдық, мақтандық,  
Тартып мініп ат жалын,  
Жеке-жеке аттандық,  
«Өнерімізді» ақтардық,  
Өршелендік мақтан ғып,  
Өкініші сол ғана —  
Өзді-өзіміз тақ қалдық.

... Орақ мұрын, қыр маңдай,  
Маңғаз жігіт жүр бүгін.  
Өзі ұстап тұрғандай  
Туған жердің тұңлігін.  
Сақтап қалса, жарады,  
Азаматтың тірлігін,  
Сәби шақтың бірлігін...

Жоқ күндерім бар күндермен өтеліп,  
Баршылыққа, таршылыққа ет өліп;  
Күйігім мен қуанышым қолдасып,  
Келе жатыр мені иыққа көтеріп.

Екі дүние, екі мінез әр алуан,  
Екеуі де орын тапқан санамнан.  
Бақыт деген осы ма әлде, кім білсін,  
Қайғы менен қуаныштан жаралған?!

(Мен еріксіз екеуінен қаймығам)  
Қуанамын, қуанам да қайғырам.  
Күйініш те маған керек сияқты,  
Күйінішсіз шаттығымнан айрылам.

Жоқ күндерім бар күндермен байыпты,  
Бар күндерім жоқ күндерге айыпты.  
Мәңгі-бақи шаттықта өту мүмкін бе?  
Адаммын ғой, қайғыру да лайықты.

Аң емеспін, адаммын ғой, санам бар,  
Шаттығымды бөлісіндер, жарандар!  
Көкте күнім тұрган сәтте нұр шашып,  
Жай ойнатқан бұлтыма да қараңдар.

\* \* \*

Заулап өткен заман-ай құр аттайын,  
Сырганаған күндер-ай сынаптайын.  
Өксі, көңіл, өткізген сәттеріңе,  
Өксі, көңіл, мен сени жұбатпайын.

Белгісіз, қыр аса ма, сай бара ма,  
Асығады осы өмір қайда гана?!  
Көшін тартып барады шіркін жастық,  
Оянғасын қарасам айналама.

Қалмасам деп сол көштен далбасалап,  
Жалын тартып асаудың жармасам-ақ,  
Адуын ат ауыздық салдыртпайды,  
Қараң қалған мені бір жанға санап.

Әттең-ай, құлағыңынан басып тұрып,  
Басып тұрып, арқанды қасып тұрып:  
Жастық көшін жалтартпай қуар едім,  
Шылқыта көбігінді шашып тұрып...

Өксі, көңіл, мен сени жұбатпайын,  
Өкси берші жалғыз тал бұлақтайын.  
Күзден қалған күрең бір жапырақтай,  
Жармасып ап жагаңда шуақтайын.

Жүргегімде жүргені-ай бір қауіптің,  
Сабағындаш шырмайды шырмауықтың.  
Үмітпенен, арманмен, күдікпенен,  
Өтіл жатыр зымырап зырлауық күн.

... Шешем менің еңкейіп бара жатыр,  
Қай күні келер екен нала «батыр».  
Жел маган сыбырлайды аят оқып:  
«Бір күні айрыласың, қара да тұр».

Кім білсін, көңіл қандай күй кешеді,  
Қаңырап қалуы оңай үй кешегі,  
Алаңдаймын алтынның жоғалғандай,  
Анамның көрінбесе кимешегі.

Шешем менің — иілген сұрау белгі,  
Сәл ғана шаттық көрді, жылау көрді.  
Қалай ғана қалпына келтірерсің,  
Дауылдар майыстырған мынау белді.

Ұлың сені ұжмаққа бергісі жоқ,  
Ұжмағың да тамұқ қой — көргісіз от.  
Осылай көз алдында жүре берші,  
Сұраулы сөйлемдердің белгісі бол.

\* \* \*

Әке, сенің тастап кеткен мұранды,  
Төрт немерең көрген шақта қуанды.  
Терің сіңген тақияға жармасып,  
Алма кезек бірінен соң бірі алды.

Иіскейді танауларын шүйіріп,  
Шешем отыр тәуба жасап сүйініп.  
Мазалаған әлдеқандай бір сезім,  
Тұрды менің алқымымда түйіліп.

Кейіс пішін.

Келінің де тұр қарап,  
(Сәбілер-ай, сәби кімді тыңдамақ)  
Сездің бе әке, сенен қалған мұраны  
Ұрпақтарың жатыр әне жұлмалап.

Сезбейсің-ау, сезбейсің-ау, ардағым,  
Осыншама артыңда ұрпақ қалғанын.  
Пай, пай, шіркін.

Орталарында отырсаң,

Ию-қилю базар болып жан-жағың.  
(Сезбейсің-ау өшпегенін өтыңың...)  
Ортасында өзің шашқан қоқымның,  
Өзің жоқсың.

Өзіңде ұсал отырмын.

Досым!

Саған сенемін,

Сеніп өтем!

Жолы бетен демеймін, жөні бетен.

Достық деген — адамның көрігі екен,  
Достық деген ақылдың серігі екен.

Қыран күлкі, тамаша — бәрі осында,  
Отырмын думан-тойдың арасында.  
Береке бойдан асып жатқанымен,  
Олқы тұр көңілім менің, нанаңың ба?

Үйытқып жатыр көңілде құйын-дауыл,  
Неге сен келе алмадың жиынға бұл?!  
Жыраққа жалғыз мені жібермеші  
Жаныңа жаманшылық бүйірмағыр?

Әне, жұрт өзді-өзімен, сөйлеседі,  
Өзімсініп: — ей! — деседі, — өй! — деседі.  
Шіркіндер-ай, даурығып тыңдар емес!  
Есіме ап, тост көтертсем, кейде сені.

Сенсіз көңіл қашан да хош тұрған ба?  
Сенсіз думан — қызылсыз бос қырман да.  
Әсіре ойнап қайтемін, әсіре күліп,  
Сенің орның құлазып, бос тұрғанда.

## МАЙГҮЛГЕ

Қалактай едің,

Қабірінде қалақ түр.

Туғаныңды, өлгеніңді санаң құр.

Сенің аңқау құлағыңдай қалқып,

Қыр басынан қала жаққа қарап түр.

Қызым менің,

Гүлім менің,

Аяулым!

Жатыр молаң жотасындай қоянның.

Құлпы тастың құны маган бес тыын,

Бірақ таспен қалай жаншып қоярмын?!

Койман, ботам.

Керегі не көк тастың,

Қыста ақ қар, жазда шалғын шөп бассын?

Өзің келген май айында ақ нөсер,

Ағыл-тегіл бізбен бірге жоқтассын.

Керегі не көк тастың...

\* \* \*

Бұлданба, жүрек, бұлданба!  
Жиылды досың тұрғанда,  
Жиырып сені жентектер,  
Жымысқы қайғы-мұң бар ма,  
Бұлданба, жүрек, бұлданба!  
Қызығы тайып, қызы өлген,  
Жалғыз-ақ сен бе бұл маңда?!  
Қыс қайтып жасыл көктемде,  
Қызғалдақ өсер қырларда.  
Өкініш айтып өткенге,  
Бұлданба, жүрек, бұлданба!

Сары алтын дейді сабыр іс,  
Тепкілей берме өкпемді.  
Қыз деген құрғыр сағыныш.  
Сағынту үшін кеткен-ди.  
Бұлданба, жүрек, бұлданба!

Қаздар қайтып барады мекеніне,  
(Қанаты бар мақұлық кетеді де)  
Қаз-қаз басып, қалтырап көрия тұр  
Дөрмені жоқ таяғын көтеруге.

Қарашаның қалықтап желіменен,  
Қаздар кетті қоштасып көліменен,  
Қайтқан құстың қөрия қанатына  
Қарайды көзін сүртіп жеңіменен.

Қаздар қайтып барады тізбектеліп,  
Іздең кетті көктемді, іздең келіп.  
Қарашада қалтырап көрия тұр  
Тағы да бір сүп-сүрғылт күзді өткеріп.

Қаздар кетті, құлақта үні қалды,  
Жазды әкетті.

Әкетті тұнық әнді,  
Қайтқан құстан қара үзіп қалса-дағы,  
Қалтылдаған көрия тұрып алды.

Қарашаның ұлыса желі гулеп,  
Түсіне бер қаңтардың желігі деп.  
... Қисайып бара жатқан көрияны  
Сүйей берді баласы, келіні кеп...

\* \* \*

**Тоқта, ботам!**

Атаң келеді артында!

Бұр мойныңды қалжыраған қарт үлға,  
Сенің сәби сәттерінің мысқалын  
Айырбастап ала алмай жүр алтынга.  
Тоқта, ботам!

Атаң келеді артында!

Жүзе жүріп, жұз құбылған сағымда,  
Жастық дейтін көктеменің шағында,  
Өскен едік сенің анаң екеуміз  
Осы қарттың мәпелеген бағында.

Қарттың бағын жайлайтынбыз иен тегін.  
Тындайтынбыз алуан-алуан ертегін.  
Жинап алып жүрер еді жарықтық.  
Күллі ауылдың елтеңі мен селтеңін.

**Ей, болашақ!**

Карт келеді зияллы,  
Кейімесін ата-қыран ұяллы.  
Сен сыйласаң, сәби шақтың бір сәтін,  
Атаң саған ұзақ өмірін қияды.

Ақылына айырбаста құлкінді,  
Қайтесің сол құлкі дейтін шіркінді?!  
Бейқам құліп өспеген соң өз басым,  
Бос құлкіні ұнатпаймын бір түрлі...

**Тоқта, ботам!**

Атаң келеді артында.

Дария шалқар даналығын ал, тында!  
Сенің сәби сәттеріңнің мысқалын  
Айырбастап таба алмай жүр алтынға.  
Тоқта, ботам!

Атаң келеді артында!

## БӘСИРЕ

Жылқышы атам — қамқоршы, асыл еді,  
Әкелді де, ертеді бәсірені.  
Үзенгімді тең теуіп, орныққанша,  
Бәсірені құлақтан басып еді.

Асау тай мөңкитүғын көрінбеді,  
Тебінбеді, немесе шегінбеді,  
Атам тайдың құлағын қоя беріп,  
Тізгін-шылбыр ұстатып: — тебін! — деді.

Сарт еткізіп бір теуіп мамағашты,  
Әзер тұрган асау тай ала қашты.  
Бір тентектің үстінде бір тентек бар,  
Екі тентек әйдәй кеп жағаласты.

Жүйрік желмен біз қашан жарысқалы,  
Атамдар да, ауыл да алыстады.  
Қос тентектің қылығын көп көрді ме,  
Көршілердің иті де қалыспады.

Ұласып иттер даусы аттан құрды,  
Бәсірем атылады сақпан ғұрлы,  
Екі тізгін, бір шылбыр қолға ұстатып!  
Осылай Атам мені аттандырды.

Құлаймын-ау деген бір қауіппенен,  
Шауып келем, ызғытып шауып келем.  
Атам тақсан құйысқан түсіп қапты,  
Әттеген-ай, қай жерден тауып берем...

Сагынып, аңсап барғанда,  
Сагына күткен жан бар ма?  
Оттары қайда аулымның,  
Ошақта сөніп қалған ба?!  
Лақтай ырғып өскен ем,  
Суатта, анау жарларда.  
Өскен ем, өмір кешкен ем,  
Осынау ұлы тауларда,  
Осынау ойлы орманда.  
Самала мынау белдерге,  
Сагынып, аңсап келгенде,  
Сарыала шәйі жамылып,  
Самауыр қойған жеңгем бе?  
Сауыгушы едім көргенде,  
Күректей күрең сақалын.  
Сұлтанбай атам өлген бе?  
Астында ма анау жотаның?  
Еліктей жортып өскен ем,  
Еңіс пен қырат, дәңдерде,  
Өскен ем, өмір кешкен ем,  
Өнеге тұтып зердемде,  
Осынау ұлы жерлерде...

Армандап, аңсап барғанда,  
Алдынан шыққан жан бар ма?  
... Басымды ием тауларға,  
Басымды ием орманға,  
Бұлардан ыстық жан бар ма?..

Көтеріп шаңын көшениң,  
Көгілдір «Волга» тоқтады.  
Көңілге салып неше мұң  
Жүрегім кімді жоқтады?!

Аяңдал келем көшемен,  
Аңырып әрбір жаңа үйге.  
Ұқсайтын едім кеше мен  
Ана бір томпақ сәбиге.

Жадырап жатыр біртіндеп,  
Жайнасын аулым, жайнасын!  
Соғады жүрек бұлкілдеп:  
«Атамның үйі қайдасың?»

Саябыр тартты әл-демім,  
Ұстаның дүкені алыс қап.  
Соғады келіп әлдекім,  
Балғамен төсті жаныштап.

Ұста еді ол да осындаі,  
Ұсталық содан қалған-ды.  
Ұсталыққа енді қосылмай,  
Ұystап жатыр жалғанды.

Жұртында қалды асыл іс,  
Жұртына берді ол пайдасын.  
Соғады жүрек асығыс:  
«Атамның үйі қайдасың?  
Атамның үйі қайдасың?..»

Мен өскен лашық — бір бөлме,  
 Бір бөлме, сенің іргенде,  
 Білгенімді істеп жатушы ем  
 Сонау бір алыс құндерде.  
 Мен өскен лашық — бір бөлме,  
 Бір бөлме — маған мың бөлме.  
 Хан тағы қараң қалатын,  
 Босағаңды аттап, кіргенде  
 Қонақпен құнді батырып,  
 Қонақ бол атып таң нұры.  
 Тұратын еді шақырып  
 Әжемнің аппақ жаулығы,  
 Мен өскен лашық — бір бөлме!  
 Болғансың пана кімдерге?  
 Ат ерттеп жатқан жас жігіт  
 Жарамады үйге кір деуге.  
 Демесе, мейлі, демесін,  
 Көрмеген нені бұл кеуде,  
 Жұрт едік қой ниеті кең,  
 Ей, жігіт, саған не етіп ем?  
 ... Әкемнің қара шаңрағын,  
 Сатты еken неге... әкінем,  
 Әкінем, жігіт, әкінем!  
 Осалдан емес қырсығы,  
 Осы үйдің едім қыршыны.  
 Рұқсат болса, жігітім,  
 Су берші маған бір шыны?  
 Сыйламас іні сен бе едің,  
 Сый білмес аға мен бе едім?!  
 Су берші маған, інішек,  
 Су берші маған, шөлдедім?..

\* \* \*

Азамат едің тәп-тәуір,  
Барасың болып жат бауыр.  
Жалт беріп, сырғып кеткенің  
Жаныма мениң батты ауыр.

Айрылып достан жаны ізгі,  
Ауырлық басты, сеземін.  
Адасқан құлын тәрізді,  
Апыр-ая, қайтіп төземін.

Көңілге салдық босқа кір,  
Кіре алмай достық тыста жур.  
Қуатсыз қалған дос та бір,  
Қанатсыз қалған құс та бір.

Бауырын бауыр қия ма?  
Табысайықшы қайтадан?  
Қос Ана бір-ак ұяда,  
Балапан едік шайқаған.

Азамат едің тәп-тәуір,  
Барасың болып жат бауыр.  
Толғанып кел де, тап бауыр,  
Томсарып жүрер шақ па бұл!..

### Суық күз.

Сермен жатыр жел ескегін,  
Сен сонда көктем болып елестедің.  
Жел жағымға панадай қайыспай тік,  
Қалқандай қайрат берген емес пе едің?

Қыс келген, қырау тұрган кездерде де,  
Маздаған шуағынды сезген дene.  
Ұмытты деп өйлама жақсылықты,  
«Жалаңаяқ құдайдан безген неме».

Көктемге де сенімен еріп келдім,  
Көктеп тұрган бағымды келіп көрдім.  
«Көрінгенге иілме, майыспа!» деп,  
Көніліме тәқаппар желік бердің.

Жаздың да жан шөлдетер аптабында,  
Жан сусынын баса алмай жатқанымда,  
Шыныраудан шығардың шырын тартып,  
Шырылдаған жүректі ап қалуга.

... Енді саған қараймын, қараймын да,  
Шырқ айналам шабақтай ақ айдында.  
Сыйыңа сый, жарқынның, қайтаруға,  
Халім менің келе ме, жараймын ба?!

— Бала едік, ә?

— Бала едік кеше біздер.

Неше қыстар өтілті-ау, неше құздер.

Енді бізді балалар әкеміз дер,

Енді бізді балалар шешеміз дер.

Жалаңаяқ бала едің лақ қуған,

Терезеге тас атып, лақтырган.

Көкесінің тартып ап тентектігін,

Көп жасағыр үлдарың сауап қылған.

Мынауың не, басыңа шық тұрған ба?!

Аппақ ұнды әйелің жүқтырған ба?..

Қайранмының, қалай шыдан жүр екенсің?!

Жылаушы ең асығынды үттырғанда...

— Бала едік, ә?..

Бала едік,

Талтұс еді.

(Үйретпепті-ау өмірдің салты сені)

Басқа несін қарадың?

Бас — биік қой,

Биік жерге алдымен қар түседі.

Тентектікті бердім ғой балаларға,

Бермесіңде қоймайды, шара бар ма,

Оңып тұрған жерің жоқ сенің-дағы,

Тілің қайтып барады табалауга?

Тек қөздерің құлгенін ұмытпапты,

Қайық төсің қирауға жуықтапты.

Қолаң қара шашыңа кім байлаған,

Әне бір аппақ-әппақ сұыртпақты?!

Кірпігінде бұлт тұр жауатындай,  
Сілкіп қалсаң селдетіп ағатындай.  
Мандаіыңа әлдекім сурет сапты,  
Шағаланың шарқ ұрган қанатындай.

Сен бота едің көздерің мөлтілдеген,  
Мен құлыш ем тұлымы желпілдеген.  
Өтті бәрі...

Ана мен әке болдық,  
Арамызда сыр қалды шертілмеген.

Ат суара барғанда жылғаға мен,  
Ашаң жұзің ашылып, бір қарал ең.  
Құлағында ай-сырғаң дір-дір етіп,  
Енді үзіліп кетердей тұрган әрең.

Қимыл сайын майысып бос буының,  
Асылып тұр арқаңа қос бұрымың,  
Құла бесті құлағын тіге қалады,  
Қызы көрмеген мақұлық осқыруын!

Жақыннатпай жаныңа үрікті кеп,  
Тарпаң неме тулас тұр бұлік тілеп.  
Жолбарыстай атылып тізгінді алдың,  
Жігіт жүрек қызы едің жігіт жүрек.

Тарпаң неме тайсады қуатыңан,  
Құлай түстім қасыңа құла атынан.  
Ерге қондың,

Жәнелдің кең далаға,  
Артында тек шаң қалды шұбатылған.

Құла сайтан барады оқтай ағып,  
Шыт кейлегің алаулап оттай жанып,  
Өудем жерге жеткенде бұрылдың да,  
Қол бұлгадың артыңа тоқтай қалып.

Кім болды екен жолыңды торып жүрген?  
Біреу барды қасыңа торы мінген.  
Тентектердің өзімдей бірі ғой деп,  
Әйтеір жақсылыққа жорыдым мен

Құйын бол қырға тарттың екеуің де,  
Құла кетті торының жестегінде.

Құмды құшып, дәрменсіз қала бердім,  
Құатым жоқ еңсемді көтеруге.

Айналамда дүрлікті ауыл болып,  
Адастырдың басыңа бағың қонып.  
Құйын болып жылғадан бастадың да,  
Сардалада жоғалдың сағым болып.

Қидым саған құла аттың тұяқ күшін,  
Қарғамаймын, демеймін ұяттысың,  
Сағым болып алыстап кеткеніңмен,  
Самал болып оралатын сияқтысың.

Сөрігіңмен сен асқан жұмбақ қырдан,  
Жұмбақ қырдан — жүрекке мұң  
қаптырган.

Сағым жүрсе, телмірем сен екен деп,  
Жете алмай орамалын бұлғап тұрган...

Ғашықпын!

Шын ғашықпын сол адамға!  
Мен болмасам, болмайын.

Сол аман ба!?

О, тәңірім! Неткен жан қайрылмайтын!  
Жүргегі еттен бе, әлде қоладан ба?!

Ғашықпын.

Қайтіп оны жасыра алам,  
Бір алтын оның әр тал шашы маған.  
Сағынайын, таусыла сағынайын,  
Сағынышқа жарапған ғашық адам.

Шарықтап, қолым жетпес көкте Құнге,  
Ақ қанат құсым менің, кеткенің бе?  
Шарқ ұрып бар ғаламды шыр айналып,  
Мәңгілік сені іздеумен өткенім бе?

Сарғайған сағынышты басып толық,  
Бар үміт, бар сенімді шашып болып,  
Өтермін сірәда мен бұл өмірден,  
Мәңгілік қалармын мен ғашық болып.

\* \* \*

Көңілде ән, кегімдегі Күн көруші ем,  
Барғанда маған ылғи гүл беруші ең.  
Жалт етіп жай отындай көкжиектен  
Әттең-ай, маған енді бір көрінсөң!

Кетер ем бұлтпен бірге араласып,  
Көрер ем наизағаймен жағаласып.  
Артыңдан ақша бұлт бол жүзеге едім,  
Көзіме бір көрінсөң бала-ғашық.

Сандал тау, сайдан соққан қамалым-ай!  
Ой-санам құлайды кеп саған ұдай.  
Әлдеқандай күн кешіп жүр екенсің,  
Сүттен ақ, судан таза, адалым-ай!

Сап-сары сағынышпен жағаласып,  
Жастық өмір басымнан барады асып.  
Көзіме бір көрінші, тынайын мен,  
Қайдасың, қайдасың сен, бала-ғашық?..

Жамылыш сағыныштың сал шекпемін,  
Сарғайып сенің үшін зар шеккемін.  
Зарықтыр, о, тәндірім, жалықтырма?  
Мәңгілік ғашықпын мен, ант еткемін!

Көзіме көрінбесен, көрінбе сен,  
Күнім боп тұра бергін көгімде сен.  
Өлді деп ойлай бергін сонда мені,  
Бұлт болып шуағыңды тұтып алып,  
Несер боп селдетіп мен төгілмесем.

Көкке емес, жерге сонда құлайды арман,  
Сел болып ағар, мүмкін, лайланған.  
Сен сол кез кезбе бұлтқа бір қарап қой,  
Сол — меммін көктің жүзін шыр айналған.

Білем саған жете алман, гарыштасың,  
Белгілі мәңгілікке табыспасым.  
Дерт те емес, күйік те емес,  
жар да емессің,  
Сен маған сағыныш бол жабыскасын.

Қайтсем екен сені ұстап қалу үшін?!  
Сен маған шексіз дала сағымысың.  
Мен өтермін, өтермін, өтермін мен,  
Мәнгілік сен қаласын, сағынышым!!!



## «МАВР» ЖИНАҒЫНАН

\* \* \*

Үйім — Халқым.  
Халқыма еркелеймін,  
(Мен — кедеймін)  
Бұлдірсем бірдемесін,  
Мен төлеймін.  
Үйім — Тауым,  
Тауыма сүйенемін.  
(Жоқ болса, сүйенерім)  
Келеді тауымды да қүйелегім.  
Үйім — Ордам,  
Ордамда сайрандаймын.  
(Болмаса сайран дәйім)  
Мінгескен Көтібарға Аймандаймын.  
Үйім — Отаным!  
Отаннан жай табамын.  
Отанға не айта аламын,  
Отанға не айта аламын.

Көктем де келер,  
От ойнар әлі аспанда.  
Көгерер әлі:  
Көрі емен, қайың, жас тал да.  
Дүлейдің шоғы тұспесе екен деп тіле,  
Аспанда апат зарядтар жағаласқанда.

Көктем де келер,  
Құстар да жетер ән салып.  
Көктер де шығар,  
Көгілдір нұрға тамсанып.  
Сулар да тасыр,  
Кетпесе екен деп тіле,  
Мұхиттар көлге қарсы ағып.

Бұлттар да көшер,  
Жыртық па, әлде бүтін бе,  
Жауласа бермей,  
жайғасар, келер бітімге.  
Ақ көңіл бұлттар,  
Ақ несер төгіп өтсін де,  
Айналып кетпей түтінге.

Келсе екен көктем,  
Кек-жасыл шұғыла тартылса,  
Кекжиек барып  
Кекжиектерге артылса.  
Көктем де келер,  
Көрерміз әлі жазды да,  
Осылай өмір,  
тұрса екен тыныш қалпынша.

Ей, Табиғат!  
Мен саған өкпелімін,  
(Жерде мұхит жатқанмен, көkte күнің:)  
Бермей-ақ қой күніңдің бетке нұрын,  
Қимадың ғой толқынның өктем үнін.

Алысар ем бұлтпенен, жауынменен,  
Неге туыс етпейсің дауылменен?  
Найзагайдай шашылған жасындарды  
Жалғап неге қоймайсың жанымменен?

Сан жақсылық жеріңе жасап журмін:  
Жап-жалаңаш құмынды жасандырды,  
Мұзды ерітіп жатқанда лебімменен,  
Жалын болып жаныма қашан кірдің?!

Сен маған қаһарланған кезендерде,  
Аспаныңнан дым тамбай безергенде  
Жердің ерні шөліркеп кезергенде,  
Өзендерді жалғадым өзендерге.

Мен саған арамтамақ, масыл емен,  
Жаңбыр болып гүліңнің шашын өрем.  
Аспаныңды арқама құлатсаң да,  
Кеудемменен жерінді басып өлем.

Ғұмыр бердің шоп-шолақ, шара бар ма...  
Ей, Табиғат!

Барыңды маған арна!

Неше мың жыл неге мен жасамаймын,  
Мың жыл жасап жүргенде қара қарға!?

\* \* \*

Жұргейсің бізге тәуе етіп!  
Жүгермек жандар біз бе едік?!  
Орттен де ракым дәметіп,  
Дерттен де мейірім іздедік.

Аяқтан біреу шалғанда,  
Ақырын бақтық шамданбай,  
Тәртіпсіз со бір жандарға,  
Тәлім бол тұрдың қорғандай!

Арқадан біреу қаққанда,  
Алдымен бетті тостық біз.  
Дүние түлеп жатқанда,  
Ту ұстап тұрған достықпаз.

## ШАРДАРА

Шардара!  
Шалқадан жатыр  
Адамдар салған арнада.  
Қанды ма шөлің,  
Нар-далам?  
Тынды ма үнің зарлаған?

Шардара!  
Шалқадан жатыр жарықтық,  
Соқыр даланы жарық қып,  
Көсө-шөлдердің  
Көмейін, бәлем, жарыттық,  
Әкесін, бәлем, таныттық!

Шардара!  
Шаруа — Сырдың тамшысы,  
Ильичтің отты қамшысы,  
Оятты-ау сені,  
Сардала!  
Шардара!

\* \* \*

Біздің таулар — керуендей шұбалған,  
Күнді өздері батырған да, шығарған.  
Тұлғаларын тұңғибыққа суарған,  
Олар биік тұманның да мұнардан,

Сенсең бөрік, сәлде шалған — атамдар,  
Желкен — бұлттар — желкілдеген сақалдар,  
Өркеш-өркеш маң-маң басқан — атандар,  
Біздің таулар — аяқталмас сапарлар.

Көшін тартып, көше-көше сабылып,  
Көш бастаушы бағытынан жаңылып,  
Біздің таулар — тоқтап қалған керуен,  
Сахараның сағымына аңырып.

## ЖОҚ, ДӘРІГЕР!..

Жүрегіме жүк артып жүргенімде,  
Қажыдың ба, байғұсым, білмедім бе?  
Шайпау тиіп, шаршатып кім көрінген,  
Уландың ба, білмеймін, кірледің бе?

Бары ақиқат бір дерптің жүрегімде,  
Дәрігер-ау,  
арқалап жүремін бе?  
Сорлайтындаі соншама кім едім мен,  
Неге аяныш атасың іреңінен?

Айтып өлтір,  
қайтесің босқа ойланып,  
Жүрек дерті өлімге бастай ма анық?  
Адасам ба өмірден жастай қалып?  
Ет жүрегім кете ме тасқа айналып?  
Неге айтпайсың, тұрғанша босқа ойланып?

Пері соққан пендедей есі жарым,  
Тамырымда тулайды есіл ағын.  
Бұл жүректің білмеймін несін алдым,  
Несі жоғын білмеймін, несі барын.

Қаным қайнап барады, қаным қайнап,  
Бір амал тап, дәрігер,  
халімді ойлад.

Алауыртқан ақынның қолын байлад,  
Әкетпесін ажал кеп, өлімге айдал.

... Жоқ!  
Дәрігер!  
Орнатпа басқа жүрек!  
Басқа лупіл жасама, басқа леп.

Қалай айтам, бұлінген жүрегімді,  
Білдірмей доғдыр алып таstadtы деп?!

Өңгеріп өгей жүрек қайда барам,  
Өзгенің ғұмырын қалай пайдаланам?  
Сыйыңда рақмет, қайран Адам!  
Өзімнің жүрегімдей қайда маған.

Алмастырам!?.

Дедін-ау, алмастырам!..  
Сірә, мениң жұлдызыым жанбас бұдан.  
Өзімнің жүрегімді жерлеп келіп,  
Өзгенің өмірін қайтіп жалғастырам?

Тула Жүрек

Өкінем мен несіне!?  
Туган жүрек,  
әрине,

өлмесін бе.

... Жоқ!

Дәрігер,  
Козгама,  
дамылдасын,  
Әрбір жүрек өзінің қеудесінде.

\* \* \*

Жарық дүние-ай!  
Жарығың неткен жақсы еді!?  
Жаңылыспаспышын,  
жарым деп айтсам нақ сені.  
Құшаққа сыйсаң,  
құшырым қанып,  
өбер ем,  
Құшақтап тұрып, өлер ем.  
Жарық дүние,  
жанарам менің жайнаған!  
Жап-жарық неткен айналаң!?  
Нұрыңа сенің  
миллион бояу ойнаған,  
Құмартып кетер  
қомағай көзім тоймаған...

Япыр-ай!  
Неткен көктем!  
Көктем!  
Көктем!  
Дүние-ау,  
Сен осылай көкпеңбек пе ең?!  
Қымырандай ашимын қырға шығып,  
Өзегімді жалайды өткен-кеткен.

Мына дала, мына өлке — жап-жас әлі,  
Адамдардың жоғалды сан жасағы.  
Бір ұрпаққа бір ұрпақ жалғасады,  
Мына дала, мына өлке — жап-жас әлі.  
Жап-жас әлі.  
Ой да жас, орман да жас,  
Елтіп тұр.  
Көктемеге болған ба мас?!

Көзге күйкі жалғыз-ақ — қыырдағы  
Құлазыған, мұжілген қорған — қораш.

Япыр-ай!  
Неткен көктем!  
Көктем!  
Көктем!  
Дүние-ау, сен осылай көкпеңбек пе ең?!

Мәңгі-бақи түлеген қаз қалпыңда,  
Табиғат керемет ең неткен, неткен?!

## ТАУДАҒЫ НӨСЕР

Алыста,  
Сонау аспанда,  
Атыстар, сірә, басталды.  
Жай түсіп жатыр тастарға,  
Жайратып жатыр асқарды.

Дірілдеп біраз тұрды да,  
Гүрілдеп ала жөнелді.  
Аспанды құдай ұрды ма?  
Айырар ма екен төбемді.

Жарқ етті алды көзімнің,  
Өртене жаздал, басылдым.  
Отым ба, әлде, өзімнің!  
Оты ма, әлде, жасынның!?

Жанымды болып қорғамақ,  
Жалтарып, тұра қашқан ем,  
Төбемнен тәмен сорғалап,  
Сөндірді нөсер, басты әрең...

## АРМАНЫҢ БАР МА?

Адырлар, жондар, шатқалдар,  
Аспанды тіреп жатқандар,  
Айтылды нелер мақтаулар,  
Арманың бар ма, ақ таулар?

Сапарды солай жалғаңдар,  
Шарлаңдар, мәңгі шарлаңдар,  
Аспанды кезген тарландар,  
Ақ бұлттар, сенде не арман бар?

Армандаап Адам сұрады.  
Ақ таулар — іштен тынады,  
Азан сап тұрып ақ бұлттар,  
Ағыл да тегіл жылады.  
Ақ нөсер, бар ма арманың?..

\* \* \*

Шалғының жүеін жанытып алып қарттарға,  
Таласып біздер, тамызда пішен шапқанда,  
Сылқ түсер еді балауса шалғын сол жаққа,  
Қолтығыңды ашып, құлаштап тұрып  
тартқанда,

Құлаштап бірге, сілтесіп бірге, бірге адым,  
Органда, шіркін, шалғының бойлап жылғаның,  
Түзелер еді шалғышылардың ырғагы  
Үнімен бірге аспанда үшқан тырнаның.

Жоқ еді бізде біреуін-бірі жат бұру,  
Қалғанды кекеп, озғанға қарап аптығу.  
Дыбысын бағып масаның оркестрінің  
Бәріміз бірге жасайтын едік жаттығу.

Арымыз тұтып атадан қалған әдettі,  
Пайдага біздер асырушы едік әдепті.  
Шалғымен бірге шалғын бол біз де ыргалып,  
Жасайтын едік байсалды, әсем балетті.

Өрекпіл бұлттар,  
әткенде сахна-даладан,  
Сақтан деп аспан соққанда дойыр-барабан,  
Бұғынушы едік, бәріміз бірге паналап,  
Балапанға ұсал, ұямыз бір түп қараган.

Басылар еді,  
ашылар еді күн кенет,  
Аспаннан шұғла шашылар еді бір бөлек,  
Бітпейтін біздің балетіміздің жалғасы,  
Қосылар еді қостагы қою түнге кеп.

## ШҰБАТ ПЕН БОТА

Ас артынан,  
алдыға шұбат келді,  
Біреу татып,  
біреулер сынап көрді,  
«Қызылқұмның» қылып қыз-келіні,  
Шұбат емес, бір шара шуақ берді.

Ақбоз үйдің есігі айқара ашық,  
Гулесуде жігіттер тайталасып,  
Бота сонда боздаса байлаудағы,  
Шұбат ішіп, қалайша жай табасың?!

Бір ботаның сондағы боздауын-ай!  
Не басына күн туды, боздағым-ай.  
Ұмыт болған уайым, мұнды әкеліп,  
Алпыс екі тамырды қозғауын-ай!

Елестеді ел ауып баратқандай,  
Жетім бе, әлде, жесір ме,  
зар атқандай.  
... Қайтқан қаздай қазақтар ертедегі,  
Сардалага сағыныш таратқандай.

Осы еken ғой ботадай боздау деген,  
Естімел ем,  
естідім...

Көзды-ау денем.  
Боталардың боздауы тозбапты әлі,  
Адамдардың боздауы тозғанменен.

\* \* \*

Құмған алған,  
Суға барған,  
Сұлұымды сағындым.  
Сыргаланған,  
Құған арман.  
Құлымныңды сағындым.

Түйнектер мен  
Жидек терген,  
Нуларымды сағындым.  
Үйректермен  
Иректелген,  
Суларымды сағындым.

Тынып тілтеп,  
Тұлік біткен,  
Жусаганың сағындым.  
Жиі беттеп  
Сүйіп өткен,  
Қыр самалың сағындым.

Безінбейтін,  
Сезінбейтін  
Аңғал кезді сағындым.  
Өзім дейтін,  
Сезім дейтін —  
Жанған кезді сағындым.

Бір әңгіме қозгашы ауыл жайлі,  
Бұдан артық рахат табылмайды.  
Бұлдырасын өткен күн сағымдай бір,  
Бір әңгіме қозгашы ауыл жайлышы.

Қар да ілігіп қалған-ды тау басына,  
Мұз тоңды ма бұлақтың жамбасына?  
Суық келіп, суыр да жатқан шығар,  
Қамдаң алып азығын қамбасына.

Төрт түліктен төгілген шалқар өнді,  
Ұзатқан-ды, жайлау да тарқаған-ды.  
Ескі жұртты тіміскіп, қорқау әлгі  
Қажалап та жүрген-ді қаңқаларды.

Сағыныштай сарғайып жанды ма күз,  
Сары шәйі жамылып алды ма тұз?  
Құрайларын сыңсытып сыйызғыдай,  
Қаңбағы ұшып, қаңырап қалды ма аңыз?

Әңгімеле тауын да, даласын да,  
Қырқасын да, сайын да саласын да.  
Ақбоз үйдің түндігін желпілдетіп,  
Қонды ма кеп қойлы ауыл «Қара суға?»

«Қара суға» қосылып тұна барып,  
Жатқан болар іргеде бұлақ ағып?  
Арып келіп, тойынып қайтқан болар,  
Топ тырналар аспанға сына қағып!

\* \* \*

Саршұнақ аяз,  
Салт атқа шана жектіріп,  
Сапарға шықсаң,  
саң ауган жаққа бет бұрып,  
Сардала жатса  
ақ қарға жанын бәктіріп,  
Сабаса келіп  
үскірік-тікен бетке ұрып.

Оранып алып  
отаудай қасқыр ішікке,  
Жағаңды түріп,  
жоныңды тоссаң үсікке,  
Қатқан қар, шана,  
тұяқтан үшқын ұшып тек,

Ұлыса келіп,  
ұялас жетім күшікше.  
Жорғалай басып,  
жортқанда жомарт құла  
айғыр,  
Шайқалсаң, шіркін, бірде олай,  
бірде бұлай бір.  
Аулақта тұлқі азығын таппай жылайды,  
Өлексе бағып, өзекті шарлап, құмай жүр.

Қырқадан асып,  
күн батып бара жатқанда.  
Кияны басып,  
іліксең, бәлем, ақ тауға.  
Қылғытсаң сонда,  
отырып алып ақ қарға,

Бір шиша зәһар бүйім ба,  
тәйірі, ақпанда.  
Соқпағын аңдып,  
сotқарлау қыстың жолының  
Сорлаған айғыр  
баса алмай тұрса солығын.  
Қызулау қосшы  
саусағын үрлеп қолының,  
Жүрдік деп енді,  
жағасын тұрсе тонының.

Алдыңнан кенет  
актүтек үйтқып үрды да,  
Аяңға басса,  
тоқжарау айғыр бүрліға,  
Кисая қалғып,  
отырган сәтте қынжыла,  
Ауылдың жұмсақ тұтіні тисе мұрныңа.  
Жылымық тутін,  
жылынып бойың, тамсанып,  
Ауылға біздер,  
ауыл да бізге қарсы ағып,  
Көш бойы жерден  
көрінсе сонда жар салып,  
Шапқылап келіп  
саққулақ Сырттан қарсы алып.  
Аулакқа бармай,  
атыңның басын бұра сап,  
Бейтаның үйде береке бар ма сынасаң.  
Ат байлап жатса,  
азамат үйден шыға сап,  
Кештетіп келіп,  
кез-келген үйге құласаң.

Сәл толқып барып,  
жібектің бір тал жібінше,  
Бұйығы келін бұралып,  
біраз кідірсе,  
Зайыбы жақтан бір белгі сонда білінсе,  
Ошаққа қарай оттығын ала жүгірсе...

## АТА — ЖАЙЫҚ

Аймалап жатса,  
ашынып барған баласын,  
Айығып, сергіп,  
басылып бір сәт қаласың.  
Ағытып қойып,  
адамгершілік жағасын,  
Ағасың тынбай,  
ағасың, Жайық, ағасың.

Аймалап жатса,  
айдының аппақ нұр сеуіп,  
Сауығып қалам,  
сақалыңа анау бүркеніп.  
Айылымды алыш  
пәнделік дейтін мәстектен,  
Жоғалтам көзін,  
бүйірден мықтап бір теуіп.

Жалғызындай бол,  
кешігіп көрген ененің,  
Қоқысты тастап,  
қойныңа сосын енемін.  
Шалқамнан жатып,  
шар-аспаныңнан көрермін,  
Шарықтап жылар,  
шаршаған бұлттар — өлеңім.

\* \* \*

«Ақбақай» дейтін көл екен,  
Аймағы тегіс гүл екен.  
Аймалап атамекенін,  
Қызғыштар қорып жүр екен.

«Саралжын» жері дур екен,  
Сары алтындардың бірі екен.  
Салттары мұлде ірі екен,  
Азаматтары да ірі екен.  
Махамбет пенен Мұхиттар,  
Тірі екен, әлі тірі екен!!!

\* \* \*

Сонау бір, сонау заманда,  
Қасым кеп сенің жағанда,  
Құшағын гүлге толтырған,  
Кеудеге бұлбұл қондырған,  
Шабытқа ұя — «Шаған» ба?!  
Қасым жоқ, «Шаған», аман ба?  
Аман ба «Шаған», аман ба?!  
Бір бұлбұл сыйла маған да!

## АЯКӨЗ — АРУ

Аякөз,  
сірә,  
аядай бұлақ көзі емес,  
Аяулы, сірә қызы болар.  
Ақиқат бағып,  
анықтап жатар кез емес,  
Белгісіз, досым,  
белгісіз түр гой бізге олар.  
Белінде мынау  
берігіп жатқан қырлардың,  
Бейіттөн бөлек,  
белгісі жоқ-ты қыздардың.  
Кезінде, сірә, қызғалдақ болып гүл жарды,  
Түндігін тесіп  
туырысып жатқан мұз-қардың.

Бұр жарды,  
Кетті.  
Өмірді мәңгі мансұқ қып,  
Соларды іздеп,  
сорларды талай қаңсыттық.  
Қойғаны-ай, шіркін,  
өмірдің қатал заңының,  
Оларды бізге,  
оларға бізді Таңсық қып.  
Аякөз — деген —  
аядай бұлақ деседі.  
(Жұрттарда қалған жұмбақты кімдер  
шешеді!)

Аякөз болып  
ғасырлар алға көшеді,  
Ая, көз, ая,— Арулар елі кешегі!

## МАХАББАТ МОЛАСЫ

Аяқтап болып,  
махаббат дейтін сапарды,  
Қозы мен Баян моласы, міне, атанды.  
Қалауын қанша тапқаныменен,  
қара тас,  
Қайырымсыз ата Қарабайдайын  
қатал-ды.

Басына бардым,  
қасында тұрмын солардың,  
(Қозыдай маңырап,  
сүймеген, сірә, болармын...)  
Егіз жүректі екіге бөліп мола тұр,  
Тұмсығы үшкіл қанжарындай-ақ  
Қодардың.

Төрт жанардың да  
тауысып түгел көлдерін,  
Төрт бұлақтарынан  
төге де жүріп селдерін.  
Ескерткіш етіп,  
қос Ана тастап кеткен бе?!

Аялап жатқан Аякөз сынды белбеуін.

Жол түсіп, ұрпақ,  
Таңсыққа барсаң тегінде,  
Бір соқпай кетпе  
күмбезге сонау көрінген.  
Қазақтың осынау  
қасқайып тұрган төрінде,  
Бабаларыңың  
махаббаттары көмілген...

\* \* \*

Жасасаң қайыр,  
    қарыз деп айтпа,  
                жарқыным!  
Қарыз ғып берсөң,  
    қажет те емес алтының.  
Өгіз боп саған,  
    әткөрер менің жәйім жоқ,  
    Өмірдің қалған тамтығын.  
Ақ уыз берді,  
    қарыз деп А нам айтпады,  
Мойнымда әлі,  
    әкенің қарызы қайтпады.  
Қарыз демей-ақ,  
    қамқоршым болған дос қанша,  
Қайтараρ едім,  
    қайтейін,  
                мені байытпады...  
Еліме мәңгі  
    қарыздар едім қашаннан,  
Өтөрмін қашан?  
    Кетермін қайда?  
                Қаша алман.  
Қарыз деп айтпас,  
    қайрымды мынау өмірге,  
    Қарыздар болып жасалғам.  
Қарыз деп айтпа,  
    жасасаң маған қайырым,  
    Қайтараρ алмаспын,  
                белгісіз менің байырым...  
Мен деген,  
    жолдас  
                жарлының жалғыз тайымын,  
    Ағытып болмас айылын!..

Кейіме, інім,  
Сен татқан мұңды мен емгем,  
Кеткемін сосын,  
Өзімді-өзім жебеумен.

Анамыз жомарт,  
Бабамыз жомарт дегенмен,  
Жыламай жатсак,  
Жарылқап, емшек берер ме?!

Кейіме, інім,  
Кездескен мұңға алғашқы,  
Кесірлі шақтың  
болмасын тіле алды абы.

Қып-қызыл шоқтан  
сүрып алып зергерлер,  
Салмай ма суға  
sertke ұстар семсер-алмасты.

Кейіме, інім,  
Керемет күндер алдында,  
Кемсіне берме,  
Керенау тартса, тағдырға.  
Сүрініп кетсөң,

қарғып тұр қайта,  
даярлан

Кедергілерден екінші рет қарғуға.

Келіпсің, інім,  
Кеңесіп қайттың көктемде.  
Кейітпес едім,  
Болмады билік тек менде.  
Жұлмалап,

тонап, қалдырып мені шеткеріге,  
Жымысқы-уайым жылысып саган  
жеткен бе?!

\* \* \*

Сағым бол аққан сан жылдар,  
Сарсаңға мені салдыңдар.  
Тағдырлас маған, тағдырлар,  
Қай жаққа кетіп қалдыңдар?

Сайраңдал құнде келетін,  
Саялы баққа бара бар;  
Сан етін ойып беретін,  
Қай жақта жүрсің, ағалар?

Қанаттыға қақтырмай,  
Қамқоршым едің жем берер.  
Айдында жүзген аққудай,  
Қайдасың, қайран жеңгелер?  
Сотқар деп мені есірген,  
Қолытманнан тізгін тартпадың.  
Сақалына орап өсірген,  
Қай жерде жүрсің, қарттарым?  
Мендері қызық тағдырға,  
Жастарын сұртіп қараған.  
Қай жаққа кетіп қалдыңдар,  
Бір анам емес, Бар А нам?

Көп жылдар өтті, көп күндер.  
Халімді сұрамай бәрің,  
Қай жаққа ауып кеттіңдер,  
Тауымның құралайлары?

Жаныма жайғасыңдар,  
Жан сала шыңғырамын:  
О, қайда, қайдасыңдар!  
Тағдырлас құрбыларым?!

## ҚАЙРАН ЖЕҢГЕМ

Су сұраса сүт берген, айран берген,  
Қартайып, қалыпсың-ау қайран жеңгем!  
Қарғаның валетіндей едірейіп,  
Қасыңа мына біреу қайдан келген?

Апырай сұық еді сұрқы неден?!  
Адамға қарайды ғой сыртыменен.  
Жол көрсеткіш сақшының таяғындаи,  
Қимылды бағып тұр мұртыменен.

Жеңеше-ау, есінде ме біздің ағай?  
Сыйласып отыраар ек біз құдадай.  
Қанды балақ соғысты қарғыс атсын,  
Қайран жеңгем, шырқынды бұзды қалай.

Күлкің қайда күмістей сыңғыраған?  
Жұзің неге ымырттай тұңжыраған?  
Бұғалыққа тұрмайтын асау едің,  
Сені әкеліп теліген кім мынаған?

Өзің болсан, тым ағат ойланғансың,  
Бақыт емес, басыңа қайғы алғансың,  
Жан едің ғой жанының талғамы бар,  
Қара мұртқа қалайша байланғансың?!

Ел-жұртың қараушы еді мақтан етіп.  
Киіп ал аяғына саптама етік,  
Талайлардан кетуші ең аттап өтіп,  
Талайларды жүруші ең талтап өтіп...

Қартайып қалыпсың-ау қайран жеңгем!  
Қайғыға мойымаушы ең, қайдан келген?!

Сағынып жүрсің бе әлде, қадірлім-ай,  
Баяғы жастығынды майданда өлген?..

\* \* \*

Ойым бар менің,  
Ойым бар менің ерекше.  
Жақсылық жауып,  
Дүниені мынау сел етсе,  
Жауыздықтардың,  
жамандықтардың барлығын  
Көрге алып кетем керексе.

Адамның бүкіл айыбын  
Арқалап алып,  
Азабын өзім көрер ем,  
Жамандық басқан денемен,  
Жандырып жатқан,  
Тондырып жатқан тамұққа  
Жамандығыммен төнер ем.

Бүкіл дүние жамандықтарын  
Артындар маган, көтерем!  
Қарызым болсын өтеген  
Жауыздық біткен менімен ғана бірге өлсө,  
Бүгін-ақ өліп кетер ем.

Армансыз барып,  
Көрімнің аузын жапқасын,  
Дүниедегі тірілер  
Жамандық іздең бақпасын!  
Жауыздық жатқан,  
Арамдық жатқан көрімнің  
Қақпасын келіп қақласын!

Қазынам бар.  
Біреуге берсем бе екен?!  
Өкпелейді-ау бермесем,  
Берсем, бөтен.  
Бар байлықты қойныма тығып алып,  
Әлде мына құмдардай өлсем бе екен!?.

Қазынам бар.  
Біреуге қисам ба екен!?  
Ренжиді-ау қимасам,  
Қисам, бөтен.  
Әлде мына даладай байлықты  
Бір өзім иемденіп жисам ба екен!?

Қазынам бар,  
Тәуекел, сатсам ба екен?!  
Әзіндікін өзгеге сатсаң, бөтен.  
Әлде мына таулардай бүркеніп ап,  
Бұк түсіп, теріс қараң жатсам ба екен!?

Қазынам бар.  
Қисапсыз шектеледі.  
Қызғанады біреулер, жек көреді.  
Бермеймін де, саттаймын, көрсетпеймін!  
Аlam десен,  
Алдымен зертте мені...

\* \* \*

Иек артқан теңізге мүйістейін,  
Келші, қарғам, шашыңдан иіскейін?  
Иіскейін тек қана, тиіспейін,  
Келші, қарғам, шашыңдан иіскейін?

Қолаң қара шашың-ай күн қақтаған!  
Қос бұрым-ай жотаңда бұлғақтаған!  
Қарғам, сенде жерімнің иісі бар-ау,  
Жер иісі жұпардан қымбат маған!

Иісі бар-ау дәннің де, шалғынның да,  
Қырдың да, қырманнның да, жаңбырдың да,  
Тұр, сірә, мына шашта иісі аңқып  
Аптаптың, аңызақтың, тандырдың да.

Шашыңдан иіскетші, қарғам, маған!  
Есіме түсер ме екен арман-далам.  
Иіскетші?  
Жауқазын-жан екенсің;  
Жасанды әсемдікке алданбаған.

Тұргам жоқ сауға сұрап қылышыңдан,  
Жан едім махаббаттың құрығы ұрган.  
Иіскейін жұртымның топырағын,  
Иіскет, қарғам, маған бұрымыңдан?..

**НЕГЕ ЕРТЕРЕК СУАЛДЫң!**

Неге ертерек суалдың,  
жаным Анам!  
Қалжыраған қозыңың халі жаман.  
Өзің берген уызды іздеуде әлі,  
Жетім қозы күзекте маңыраған.

Таста тұнған тамшының сыйнабынан,  
Татып көрсө таудың да бұлағынан;  
Бір кезде өзің ііскеп қоюшы едің,  
Тартады енді біреулер қулағынан.

**Бар айыбы — сусының басқаны ма?!  
(Барлық жердің шөлі түр баста мына).  
Барлық жердің іздеді аспанынан,  
Тәтті уызың шынымен тастады ма?**

Олар оны бастады ойға-қырға,  
Мұрша бермей отыру, ойлануға.  
Сүйық заттың бәрінен сүт іздеймін,  
Ақ уызды ашы су жойғаны ма?!

Неге ертерек сүалдың, жаным А нам?  
Ақ уызды қай жерден тауып алам?!  
Азаматтын арда емген деп жүруші ем,  
Жан екем уыздыққа жарымаған!

\* \* \*

Тымырсық күндей  
тамызда жаңбыр көксеген,  
Жақсылық күтем,  
жаксылық күтем тек сенен.  
Жаман бір ойлар  
жанымды шарпып өтсе егер,

Мен жақтан саган  
сұық бір хабар жетсе егер,  
Жалғызыменің,  
қайтер ең?

Ұшар ма ең қанат байланып?  
Қалар ма ең, әлде, ойланып?  
Келер ме ең менің қасыма,  
Періштем болып, айналып?

Қайтер ең, жаным?  
Тағдырыма етіп құлшылық,  
Талықсып жүрсем тұншығып,  
Жетер ме ең маган  
Құрықтан қашқан асаудай,  
Құлыш-мүшенецмен құлшынып?

Көзіңнен аққан  
дариялардан өте алмай,  
Қалар ма ең, әлде, жете алмай?  
Қалайда, Жаным,  
кірпігіңе үміт ілдіріп,  
Мен жүрген жаққа бет алғай...

Көзіңнен аққан дарияға  
Көпір сап, Жаным, өткейсің,

Қалайда маған жеткейсің?  
Үзілмей жүрген ұмтіңе мінгейсің,  
адасып, сірә, кетпейсің.  
Қарғып өт, Жаным,  
қатерлі-қауіп текшеден!  
Жетесің маған,  
жетесің маған, бек сенем!  
Тымырсық қүндей,  
тамызда жаңбыр көксеген,  
Жақсылық құтем,  
жақсылық құтем тек сенен!

## ӘБДІЛДАҒА

Тұрганда үйқы-түйқы ақ самайың,  
Мен қалай  
Әбе, сені жат санайын.  
Абыржып асанды ұстап отырғаның,  
Ашулы Грозный патшадайын.

Сөйлесең,  
Бурадайын лықым-тасып,  
Жаралы жауынгердей сылтып басып,  
Әбігер боп жүргенің қашан көрсем,  
Жырдағы жалғандықпен мылтықтасып,

Бой түзеп,  
Босқа кетпей сауықпенен,  
Боз қырау босағасын тауыпты өлең.  
Жаман жыр жазғанымда  
Ақ таяғың —  
Арқамда ойнай ма деп қауіптенем...

Қажыдың, қарғам,  
басылар ма екен аптығың,  
Қалжырама, ерте жат бүгін,  
Көңіліңе алған,  
түсіне енсін шаттығың.

Ертерек қамдан,  
ертерек, қарғам, жат бүгін.  
Боз атқа мініп,  
боз тауға, мүмкін, шығарсың,  
Боз көйлек киіп,  
бозарған таңда тұрарсың.  
Боз Айдай балқып,  
бозарған кекте тұнарсың,  
Бозарған, жаным,  
боз түске неге құмарсың?!

Аяулым менің,  
Ақ бояу, әлде, арың ба?!  
Арманың ба, әлде, бағың ба?  
Қып-қызыл оттан  
бозарып шыққан жалынға  
Телміре бермей,  
ертерек бүгін дамылда.

Аяулым менің,  
айналаң толы аппақ нұр,  
аялап сені, сақтап тұр.  
Осылай, қарғам, түндерге,  
аппақ нұрыңмен аттап кір.

Қажыма, жаным,  
бөлменді ерте аш бүгін,  
Ойлардың бәге тасқынын.

Күтуде сені  
бозарған тәсек,  
бозарған көрпө-жастығың...

\* \* \*

Қашанғы қалжыраймын, ойлап өтем,  
Қашамын, қайрылмаймын, қойға кетем.

Аламын да таяғын Шопан — Атам,  
Ақ қойларымды өргізем, жоталатам.  
Шыңға барып шыңғырып мұң шағамын,  
Түмшалағын жасыл тау, түмшалағын.

Мұң шағамын?!

Мұңы бар күйкі ме едім?!

Ақ тауға алты қанат үй тігемін.

Ойнақтатып мінем де Қүреңімді,  
Оқалатып қоямын жүгенімді.

Көк шалғынды көсілте жүзіп келіп,  
Қымыз ішіп жатамын, қызық көріп,

Қасқа бұлақ бесікті тербетеді,  
Қасқыр жүрек ұлдарым ер жетеді.

Қойларыммен тау асып, тау барамын,  
Бір қоныстан бір қоныс аударамын.  
Қашамын, қайрылмаймын, қойға кетем,  
Жетеді өзімді-өзім алдағаным!..

Жүрегіме жұқ артып,  
жүрегіме жұқ артып,  
Жүдедім бе?  
Білмеймін,  
Жүдедім бе мұнартып?!  
Жігеріме, білмеймін,  
жібердім бе мұң артып?!

Жүремінде, әйтеуір,  
жүремінде құмартып,  
Жүрегіме жұқ артып.  
Мен ізденген нұр-бақыт,  
ұстапаса, зуласын.

Тек жүрегім бір уақыт,  
Жұксіз қарап тұрмасын,  
Жүрек болып туғасын.

\* \* \*

Махаббат,  
Сенен келсін деуші едім ажалым,  
Сүйе алмайды екем,  
Тарқапты менің базарым.  
Шаршапты көңіл,  
Шаршатты бәрі, шаршатты,  
Қош енді  
Менің ажалым менен азабым!

Сергелдең болма,  
Сен енді мені іздеме,  
Іздеме қыста,  
Іздеме көктем, күзде де.  
Шәйі жамылғыш:  
Шәлкездеу желліп қалғанда,  
Лып етіп сөнген  
Шырақтың нұры — біз деген...

\* \* \*

Туады, туады әлі нағыз ақын,  
Нағыз ақын бал мен у тамызатым.  
Жесірдің айырылмас сырласы бол,  
Жендеттің көзінен жас ағызатын.  
Туады, туады әлі нағыз ақын!

Жыр сөздері жай болып атылғанда,  
Атылғанда, аспаннан оқылғанда,  
Мылқауларға тіл бітіп, керең естіп,  
Жанар пайда болады соқырларға.



## «ДАРИГА-ЖУРЕК» ЖИНАҒЫНАН ПОЭЗИЯ

Поэзия!

Менімен егіз бе едің?

Сен мені сезесің бе,

неге іздедім?

Алауыртқан таңдардан сені іздедім,

Қарауытқан таулардан сені іздедім.

Сені іздедім кездескен адамдардан,

Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан

Шырактардан, оттардан, жалаулардан,

Сені іздедім жоғалған замандардан.

Сені іздедім досымнан, қасымнан да,

Ақша бұлттан іздедім, жасыннан да,

Сен бе дедім ақ нөсер ашылғанда,

Қызыл-жасыл шұғыла шашылғанда,

Көкжиек пен көкжиек қосылғанда.

Махаббаттан ізdedім, сағыныштан,  
Арманымнан ізdedім алып ұшқан!  
Сэттерімнен ізdedім жаңылысқан,  
Сені ізdedім жадырау, жабығыстан.

Сені ізdedім зеңбірек гүрсілінен,  
Күннен, түннен, гүлдердің буршігінен.  
Қуаныштан, түршігу-күрсінуден,  
Жүректердің ізdedім дүрсілінен.

Сені ізdedім сезімге у шараптан да,  
Минуттерден ізdedім сағаттан да,  
Сені ізdedім.  
Іздеймін тағат бар ма?  
Сені маған егіп ғып жаратқан ба?!

## ТІЛЕК

Қаға гөр қамсыз жүрген шақтарымнан,  
Орынсыз, оқыс кеткен мақтанудан.  
Сақтай гөр ақпай жатып суалғаннан,  
Уайымсыз, қайғысыз шаттанудан?

Басыма берме бақыт үйіп-төгіп,  
Жерімін емін-еркін сүйіп көріп,  
Біреулерден тұрғаным биік болып,  
Жармасады жаныма күйік болып.

Жарты бақыт, жартылай уайыммен,  
Жарты ғасыр ғұмырға шыдайын мен.  
Осынау там-тұм ғана шырайыммен,  
Шыға алатын тауыма шыгайын мен.

Еір сәнтім де артық зат берме маған,  
Арланбаймын, жоғымды елден алам.  
Бұл әмірге жалаңаш келген Адам,  
Көрген адам, көбісін жеңген Адам.  
Үйіп-төгіп бақытты берме маған.

## АЙХАЙ, ДАЛАМ!

Ah далам, айхай далам, сағым далам,  
Бір бұдыр жоқ-ау көзге шалынбаган;  
Аспан құлап кетсе де тарынбаган,  
Бір ғаламат бойында сабыр бар-ау,  
Ah далам, айхай далам, сағым далам!  
Төсінде атылмаған жанар таулар,  
Вулканын тұншықтырып, дамылдаған.

Боз далам, күрен далам, жасыл далам,  
Kici емес саған келіп бас ұрмадан.  
Құныға құшырым бір қанбай қойды-ау,  
Қалай ғана құшармын ғашық-далам?

Құшақтан шығармайын деген едім,  
Дәрменсіз ғып жараттың неге мені?  
Өзіндей алып болып тумаған соң,  
Адам болып жүрудің не керегі...

Сонда да сүйіп өтем, сүйіп өтем,  
Сүйе тұра құша алмау — күйік екен.  
Алыптан алып болып тумаған соң,  
Адам болып жүру де қызын екен...

## ҚӨКТЕМ ДЕ КЕЛЕР

Көп кешікпей қөктем де келер енді,  
Көгеретін тіршілік көгереді.  
Қу бұтағы арса-арса кәрі еменге,  
Келер қөктем, білмеймін, не береді?

Көп кешікпей қөктем де келер енді,  
Көгереді ауылдың төңрегі.  
Ерте кеткен досымның қабірі тұр,  
Келер қөктем, білмеймін, не береді?

Көп кешікпей қөктем де келер енді,  
Барлық нұрын көл-көсір төгер енді.  
Сағынышын сарыққан, жапа-жалғыз,  
Менің жесір жеңгеме не береді?

Көгереді...  
Барлығы көгереді:  
Ой да, қыр да, даланың төбелері.  
Әлі құрып баратқан ауру досқа,  
Осы қектем, білмеймін, не береді?

Көп кешікпей қөктем де келіп қалар,  
Есінетіп, есіртіп, ерікті алар.  
Азан-қазан аспанның қоңырауы,  
Жақсылықтан тұрса игі беріп хабар...

## ЖҮР, ҚАЛҚАМ

Шайқалып нұр,  
Маужыраған мамырдан май тамып тұр.  
Жайқалып қыр,  
Тауға соққан боз сағым қайта ағып тұр.  
Айталық сыр,  
Серуендер, жүр қалқам, қайталық бір.

Сырласайық,  
Қызғалдақты ііскеп, бір жасайық,  
Қыр басайық,  
Әмсө бұлай мамырдың тұрмас айы.  
Мұндасайық,  
Қос көңілдің пернесін бір басайық.

Танысайық,  
Сенде — мамыр, ал менде — август айы.  
Табысайық,  
Сенде — шырын, менде — дән, аудысайық?  
Аудысайық,  
Шырынын да, дәнін де таудысайық.

Құлақ талып,  
Мына даңнан кетті гой құлақ талып,  
Жырақ барып,  
Серуендер қайтайық сыр ақтарып.  
...Бара жатыр жанымды бір от қарып,  
Жастығым ба, тірілген құлап барып?..

## ҚҰРДАСТАРҒА

Кектем кетті, күз міне жуықтады,  
Бармысындар бауырлар, қырықтағы?  
Бәрің тірі қалдың ба, қарығанда  
Қырықыншы жылдардың сұықтары?

Туылып ек айлар сап арамызға,  
Айлар салып, әріге барамыз ба?!  
Бүйірмасын түсінсем, осы біздер  
Шыныменен біреуге ағамыз ба?!

Кеше еді ғой, құдай-ау, кеше еді ғой,  
Дүйсенбінің,  
мына дәу,  
шешегі ғой!

Мынау —  
әзер қаз басқан төрт жасында,  
Мұхамеджан қартыңың мешелі ғой.

Тағдыр бізден бәрін де аямаған:  
Жылатқан да жұбатқан, аялаған,  
Ата-қаздан айрылған балапан ек,  
Аспан асты, жер үстін саялаған.

Арманымыз жұлдызыға жуық болып,  
Апыл-тапыл күн кештік сұып, тоңып,  
Шаруасы шалқайған шағын үйдің,  
Шаңрағына шашылдық уық болып...

\* \* \*

Санаулы менің сағатым,  
Санаулы менің күн, айым.  
Асығам қалмай тағатым,  
Асықпай қайтіп шыдайын.

Шау тарта жаным бастады-ау,  
Айларды қуып жылдарым,  
Айтылмай қалса масқара-ау,  
Ашылмай жүрген сырларым.

Күні ертең өліп кетердей,  
Жастыққа қорқа бас қойдым.  
Өмірім босқа кетер ме ей,  
Өруін жаппай таспа ойдың?!

Күнддер-ау, күндер, көктемдер,  
Қасымнан менің кетпендер?!

Әуелде неге жараттың,  
Көпсінсөң мені көк пен жер?!

## СЫБАҒАМ ҚАЙДА?

Қарамай сақалыңа, шалдығыңа,  
Жарасып тұрушы еді қалжыңым да.  
Қарабайдай қатайып алышсың ғой,  
Ата,  
Сен, шыныменен алжыдың ба?!

Сұрың да, сұхбатың да сондай бөтен!..  
Бүйімым бар,  
Үйіце қонбай кетем  
...Жыламаған сәбиге емшек бермес,  
Жыламасам алдында болмайды екен.

Мен сені сыйламасам, түсінбесем,  
Жүрмес ең әр жырымның ішінде сен,  
О, менің пайғамбарым!  
Сен болмасаң,  
Тірі пенде алдында кішірмес ем.

Ат басы алтын берсе табылмаған,  
Еншім бар менің сенде алынбаған!  
Қобызың емес пе едім қолыңдағы,  
Ұмыттың неге мені жаным-бабам?

Катыбас өмірден мен пайда алмадым,  
Жаныммен жазған жырым — жайған  
малым.

Қылышың емес пе едім қынаптағы,  
Жоғалттың неге мені пайғамбарым?!

Ат басы алтын берсе табылмаған,  
Сыбағам қайда менің алынбаған?  
...Бір түйір кәрі көздің жасы емес пе ем,  
Ұшында сақалыңың дамылдаған?!

\* \* \*

Сусыны жоқ жолаушыдай кезерген,  
Сусыным бір қанбай қойды ежелден.  
Ол — жүректің шөлдегені сезем мен;  
Төрт аяғын тағалатып буырылдың  
Бұрқыратып, кең өлкемді кезер ме ем.

Сусыны жоқ жолаушыдай қаңсыған,  
Сусыным бір қанбай, мені жаншыған.  
Жүректің бір қалағаны бар шығар,  
Қаталаған шөлімді бір басар ма ем,  
Сусын ішіп даладағы малшыдан.

Шөлім неге, шөлім неге қанбайды?  
Тәтті де іштім,  
    аңы да іштім,  
                нанбайды...  
Жүрек нені, жүрек нені талғайды?!

Кыр басында отыратын ауылдың  
Кымызымен жібітер ме ем таңдайды...

## АВТОГРАФ

Көрер едің,  
Шаламын ба, отпын ба,  
Білер едің  
Ақынын ба, жоқпын ба...  
Кектендірген хан Жәңгір де жоқ мұнда,  
Кектенетін Махамбет те жоқ мұнда.

Түсінер ең,  
Езбін бе, әлде ермін бе,  
Байқар едің,  
Артықпын ба, кеммін бе...  
Мен Спартак бола алмадым, не шара,  
Сенің өзің Цезарь болып көрдің бе?!

Сырым да — осы,  
Жырым да — осы,  
Алдында  
Байқашы бір,  
Бықсыздым ба, жандым ба.  
...Махандар жоқ,  
Махандардың сарқыты —  
Мұқағали Мақатаев бар мұнда!



## «АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА» ЖИНАҒЫНАН

### БАРЛЫҒЫ ДА МЕНИКІ

Барлығы да менікі:

Мына дәуір, мына өмір,  
Мынау аспан, мына күн.  
Мына мұхит, мына жер —  
Мына менің тұрағым.

Барлығы да менікі:

Жұлдыздардың шырағы —  
Жердің үшқан Сыңары,  
Еділ, Жайық, Дон, Дунай,  
Қарасаздың бұлагы,  
Барлығы да менікі:  
Қыыр шығыс, қарт Сібір,  
қарт Оралдың қойнауы,

Балтық, Қырым, Кавказ бен  
                          Қарқараның жайлауы,  
Өзендер мен көлдер де,  
                          ормандар мен таулар да,  
Астана мен Одақ та,  
                          облыс пен аудан да,  
Манаураған тұндер де,  
                          алаулаған таңдар да —  
Тиген менің еншіме,  
                          қолым жеткен арманға,  
Октябрьдің жүлдізы  
                          Аспанымнан жанғанда.

## ҚҰРМЕТТЕҢДЕР ЖИЫРМАСЫНШЫ ФАСЫРДЫ!

Біздер жүрміз дер кезінде туылып,  
Суга түсіп, отқа өртеніп, жылнынып,  
Жетімдердің ұясына тығылып,  
Жесірлердің көз жасына жуынып,  
Әйтсе-дағы, дер кезінде туылып!

Біздер мына дәуірменен бірге өстік,  
Қарап соның қабағына, күн кештік.  
Уақыттың үніменен тілдестік,  
Уақыттың көшіменен бір көштік.

Адамзатты қорғай жүріп, қан бастық,  
Адамзаттың азғынымен арбастық.  
Аласапыран арпалыстан аман қап,  
Адамзаттың өмірімен жалғастық.

Бұл дәуірдің бетін біздер ашқанбыз,  
Болашаққа солай қадам басқанбыз.  
...Біздер — әлі жан баспаған асқармыз,  
Біздер — әлі жазылмаған дастанбыз.

Біз жараттық мынау ғажап ғасырды,  
Тарихы оның біздерменен ашылды.  
Біздің мына қолтаңбамыз басулы.  
Құрметтеңдер жиырмасыншы ғасырды!

## ЖАРАЛЫЛАР

Жаралылар,  
Жаралылар...  
Жүздерінде майданың алауы бар.  
Аспанынан жоғалып қара мұнар,  
Бастарынан ақ ұлпа жауады қар.

Жаралылар,  
Жаралылар.  
Жаралылар, жандары балақұмар.  
Жаралылар.  
Жаралы жетімдерге пана — бұлар.

Мүгедек емес олар!  
Жаралылар  
Жеңістің қолдарында жалауы бар,  
...Парадтан, барады өтіп жаралылар.  
Ей!  
Адам!  
Басыңды и де, қарауыңа ал.

## СЫРЛАСУ

Аспан мен Жер,  
Уақыт, заман жайлы,  
Өзім жайлы,  
Сен жайлы, анау жайлы,  
Бүгінгі үрпақ,  
бүгінгі Адам жайлы —  
Азды-көпті алдында айтылған сыр,  
Сотынан сениң сақтап қала алмайды.  
Соны ойлап,  
сорлы көңіл аландаиды.

Білесің бе?  
Жыр жазу — маган қайғы!  
Мысалы, Анам жайлы  
Сөзбенен сурет салып,  
оій түйсем де,  
Анамдай бәрібір ол бола алмайды.  
Мен ішімнен өртеніп,  
алаулаймын,  
Өз отыма жылышынп,  
манаураймын,  
...Шындықтың ауылышында — қазына бар,  
Шыр айналып, соны іздең  
алаңдаймын.

\* \* \*

Қырқада, ойда, бәктерде,  
Отығып өріс, күн жылып,  
Мал төлдеп жатыр көктемде,  
Ауылдың маңы қым-қуыт.

Бұлақтың көзі ашылып,  
Бұлдырап келді жылғаға.  
Құнаннаның жағына асылып,  
Қуанып, күліп тұр бала.

Жапанды естен тандырган,  
Көктем бе мынау — той ма бұл!?  
Аймақтың бәрі жаңғырган,  
Оркестр тартып қойлы ауыл.

Естілмей үні бар манда  
Құстар да естен танған-ды.  
Ұқсайды жаулап алғанға,  
Жас төлдер мына жалғанды.

Жан-жактың бәрі жаңғырып,  
Жасарып кетті ой да қыр.  
Биеден шампан алдырып,  
Той жасап жатыр қойлы ауыл.

## ӨМІР

Койлы ауыл көшіп кеткен жайлауына,  
Жалғыз үй негып отыр ойда мына?!

Шопан жігіт әлде не ойлануда,  
Ойлануда, келе алмай байламына.

Бәрі көшкен малшының маңайдағы,  
Жайлауына жайгасты талайлары  
Үйін әлі жыға алмай қамсыз жігіт,  
Әлденені қия алмай қарайлады.

Көшсем деген,  
салқынмен,  
таң атарда,  
Жүгін арттай әлі отыр сары атанга.  
...Қос қарлығаш тынымсыз жем  
тасуда,  
Ұядығы тойымсыз балапанга.

Не деген балажанды құрғыр еді,  
Киіз үйге бір шығып бір кіреді.  
...Шопанның шаңыраққа көзі түссе  
Шарасы таусылғандай ділгір еді.

Ойының болмай қойды тиянағы,  
Қарайды балапанға ұядығы.  
Үлбіреп қауыз ашқан үш өмірді,  
Қалайша құрбандыққа қия алады.

Тәңірі дәрменсіз ғып жаратар ма!..  
Тағдыры үш өмірдің алақанда.  
...Қос қарлығаш ойында дәнене жок,  
Жем тасуда тойымсыз балапанға.  
Үй иесі су берді сары атанға,  
— Көшермін,— деп,— келесі таң атарда.

## ҚЫСТАУДА

Боран,

Боран.

Ақ боран —

ой да, қыр да,

Толғануға мұрша жоқ,

ойлануға.

Қыр астында қыстаудың есін алып,

Бар қаһарын төгүде

қойлы ауылға.

Түннен бері тіміскіп,

тыным алмай,

Сай-саланы тінтүде ұрылардай.

Тогай менен орманды түтіп жатыр.

Атасының осында құны бардай.

Қораны да,

үйді де,

өрісті де,

Түтіп жатыр ақтүтек тегіс міне.

Сұп-сұр аспан сұрланып, ойран салып,

Бар қаһарын шашуда жер үстіне.

Отар жатыр қойнауда, ықтасында,

(Ығыр көрсе, бораннан бұқпасын ба.)

Қарауылдан шопан түр аттан түспей,

Аяз қарып, кірпігін шық басуда...

Боран.

Боран.

Ақ боран —

ой да, қыр да,

Бар қаһарын төгүде қойлы ауылға.

Бұқсан қоян секілді қыстау жатыр,

Бұғып алып таудың бір қойнауына.

## ҮШ БАҚЫТЫМ

Ең бірінші бақытym — Халқым менің,  
Соған берем ойымның алтын кенін.  
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,  
Кымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Ал, екінші бақытym — Тілім менің,  
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.  
Кей-кейде дүниеден тұңілсем де,  
Қасиетті тілімнен тұңілмедім.

Бақытym бар үшінші — Отан деген,  
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!  
...Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?  
Ойланбай-ақ кел-дағы от ал менен.

Тұтін тұтет,  
Өс, өрбі, көгере бер,  
Немерелер көбейсін шәберелер.  
Жадында ұста,  
Жақсылық күтпегейсің!  
От емес, оқ сұрасаң менен егер!

Үш бірдей бақытym бар алақанда,  
(Мени мұндай бақытты жаратада ма!)

Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,  
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!

## АСЫГУ КЕРЕК

Асыгу керек,  
Асыгу керек,  
Асыгу керек, асыгу!  
Алдында — биік асуың.  
Асыгу керек, жылдамдығындай сәуленің.  
Артыңа тастап наизагайлардың жасының  
    Асыгу керек,  
Тындыру керек барлығын,  
Ешкімнің күтпей жарлығын!  
Апармай кешке, асыгу керек, асыгу,  
Түстегі ісіңің қалдығын.  
    ...Қайран күндерім,  
Асықпай қамсыз өткердім.  
Ақымақтығымды,  
Апыр-ау, немен шектермін?..  
Қолымнан келсе,  
Қыста егін салуга әзірмін,  
Келуін күтпей көктемнің.  
    Қолымнан келсе,  
Уақыт деген өлшемді,  
Жоқ қылыш мүлде көрсем бір.  
Қолымнан келсе,  
Ойымның жылдамдығындай,  
Жарықтың-дағы тездігін тежеп,  
Жеңсем бір.  
    Асыгу керек,  
Асыгу керек, қалайда!  
Уақыт саған қарай ма.  
Асыгу керек,  
Асығып жеткен арманың  
Әппақ сөүлесі,  
Түссін де, тұрсын самайға.

## ҚЫРҚЫНШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ БЕСІК ЖЫРЫНАН

«Кебін киген өледі,  
Кебенек киген келеді»,  
Майданға көкең кеткенде,  
Осылай бәрі деп еді.

Бәпем, бәпем, бәпем-ау,  
Қай жерде қалды көкең-ау!?  
Кей-кейде біздің халық та,  
Отірік айтады еken-ау!

«Оралар туған жеріне,  
Топырақ сап бер», — деді де,  
Дұғасын оқып, күбірлеп,  
Әжең қалған жөніне.

«Оралсын аман жеріне,  
Көріссін туған елімен», —  
Дедім де, көздей қалтаға  
Топырақ түйіп беріп ем.

Бәпем, бәпем, бәпем-ау,  
Қай жерде жатыр көкең-ау?!

Кебісі біздің ырымның  
Түкке алғысыз еken-ау!

«Үлкен үйден дәм татса,  
Кешікпей қайта оралар.  
Ел-жұрты қарғап, ант атса,  
Кеткеннен келмес, жоғалар.

Дегесін, үлкен шаңырақ,  
Дәм беріп еді жамырап.  
Алаңан жайып артынан,  
Ақ тілеу айтқан аңырап.

Аужалын түйіп заманның,  
Ортаға салып бар малын,  
Ала жібін адамның  
Аттамап еді ардағым.

Неліктен тәңірім оны алды,  
Оранушы еді алғысқа.  
Дәүқара аман оралды,  
Оранды қайта қарғысқа.

Бөпем де бөпем, бөпем-ау,  
Не жазды сенің көкең-ау?!

Халықтың кейде алғысы,  
Қарғыстан бетер екен-ау!

Әлди де бәлди, бөпем-ау,  
Бәрі де бекер екен-ау!  
«Сабыр да түбі — сары алтын»  
Сарғайып қашан жетем-ау!?

## ШҰҒЫЛА АРМАН

Бәрін де, түйсін, білсін тылсым кеуде,  
Қосылсын дұрсіл келіп дұрсілдерге.  
Күрсінсең, аспан болып күрсін кеуде,  
Жай оты — жанар болып жүрсін менде.

Бұлттардың салмағынан күрсінгенде,  
Ақ несер ақтарылсын тылсым жерге.  
Күрсінсең, аспан болып күрсін, кеуде,  
Шұғыла — арманым боп тұрсын менде.

Ашылсаң, аспан болып ашыл, кеуде,  
Таратын ақша бұлтың шашын желге.  
Жарқ етсін көкжиектен жүрек — құнің,  
Ақтарып әппақ нұрын, шашып жерге.

Жүрегімнің сауыты — тылсым кеуде,  
Тынымсыз дұрсілдеуде, дұрсілдеуде.  
Көктемдегі аспандай күркірейді,  
Болар-болмас жүрегім күрсінгенге...

## ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ

Бәрі де бар,  
Бәрі бар...  
Жетпей тұр-ау бірдеңе.  
Анау алып шыршаға,  
мынау нәзік гүлге де,  
Мына келген тамызға,  
кешегі өткен шілдеге,  
Жетпей тұр-ау, бірдеңе...  
Жетпей тұр-ау бірдеңе...

Құдіретті құдайға қарапайым пендеге,  
Анау мұнар аспанға,  
мынау құба белге де,  
Жетпей тұр-ау, бірдеңе,  
өзенге де, көлге де,  
Жетпей тұр-ау бірдеңе —  
Жайлauғa да, шелге де...

Аунар ма еді дүние ақ нәсердің селіне!  
Жетпей тұр-ау сол құрғыр  
Жаңа шыққан көгіме,  
...Мұхит пенен теніздер  
жатыр ма әлде өртеніп?  
Мынау жалын-аңызақ, әлде соның лебі ме?!

Айқұш-ұйқыш жай ойнап,  
аспан мен жер үндесер,  
Тоган толып, су ағып,  
топырақпен тілдесер,  
Арқа-басы малшынып,  
дихан баба күн кешер.  
Жетпей тұр-ау бір нәсер,  
Жетпей тұр-ау бір нәсер...

## АҚ КИМЕШЕК ҚӨРІНСЕ

Әже, сен бірге жұрсің меніменен,  
Өліге мен өзінді телімегем,  
Ақ кимешек киген бір кемпір көрсем,  
Ақ кимешек астынан сені көрем.

Өңі-түсі өзінен бір аумайды,  
Немересін ертпесе жүре алмайды.  
Таныс дауыс, таныс сөз, таныс мәсі,  
Көзіме оттай басылып, алаулайды.

Әппақтығы үқсайды әрінің де,  
Әжімің де, аумайды тәлімің де.  
...Әлемдегі әженің бәрі бір ме?!

Әже, сен тірі екенсің әлі күнгे.

Қия өтпейді...  
Үқсайды ізеті де,  
(Ізетсізді бұлар да түзетуде.)  
Бұлар да бабасынан алыш қалған,  
Оз жұртының дәстүрін күзетуде.

Әже, сен бірге жұрсің меніменен,  
Өліге мен өзінді телімегем.  
...Ақ кимешек қөрінсе, сені көрем,  
...Ақ кимешек жоғалса...  
Нені көрем?

## ШЕШЕ, СЕН БАҚЫТТЫСЫҢ!

Шеше,  
Сен бақыттысың!  
Жыламағын.  
Жай түсіп жатқанда да құламадың.  
Тәңіріңнен мен едім ғой сұрағаның,  
Сондықтан жыламағын, жыламағын!  
Бармын ғой,  
Тірімін ғой.  
Қасындағын.  
Өлмеймін, мен өзіңдей асылданмын!  
Таусылып, өз-өзіңнен шашылмағын,  
Байырғы берекеңді қашырмағын!  
Мен сенің қанықпын ғой кез жасыңа.  
Өзім кепіл  
tot басып тозбасыма.  
Екі жыр жазсам саған  
бірін арнап,  
Шеше деп  
жаздым ылғи сөз басына.  
(Тәңірім кеше ғөрсін кесірімді.)  
Аспанға жазам сенің есіміңді!!!  
Шеше!  
Сен бақыттысың, тербете бер,  
Құба талдан иілген бесігімді...

## ЖАЙЛАУҒА БАРАР ЖОЛДА

Иір-қыыр сайларда,  
Ирек-ирек із қалған.  
Аққан бұлақ жайлаудан,  
Атқылайды құз-жардан.

Самал сұңғіп шалғынға,  
Қыр өртеніп, гүл жанған.  
Кәрі таудың алдында,  
Кәрі жартас сұрланған.

Ойдым-ойдым қойнауда,  
Орман шашын тараған.  
Белде сағым ойнауда,  
Лақтырып орамал.

Құлай жаздал құсадан,  
Құз жартастар шаққа тұр.  
Таздың басына ұсаған,  
Шыңыңың басы тап-тақыр.

Айналаңың бәрі өлең,  
Бәрі де гүл ашылған.  
...Тұнжырайды кәрі емен,  
Жапырағы шапылған.

## ЖҰЛДЫЗДАР СӨНІП БАРАДЫ

Айналып келді батқан күн,  
Жығылды тұннің жалауы.  
Алауын бақпай ақ таңның,  
Жұлдыздар сөніп барады.

Адамның бағзы арманы —  
Жұлдыздар қайда манағы?  
Аспанның лағыл маржаны,  
Мұхитқа батып барады.

## СЕН ӘЛІ ТІРІ МЕ ЕДІҢ?

О, Махаббат!  
Сені әлі тірі ме едің!?  
Көзімнен гайып болған күнім едің,  
Гүлім едің...  
Елтіген түнім едің,  
О, Махаббат!  
Сен әлі тірі ме едің!?

Мен сені ұмытқамын.  
Жылдықаның есте жоқ суытқаның.  
Суып қаным,  
Жинағам құрып халім,  
Жығылған отауымның уықтарын.  
Содан бері мен сені ұмытқамын.

О, Махаббат!  
Сен әлі тірі ме едің?!  
Тірі ме едің...  
Мен де енді тірілемін!  
Ақ періште, алдыңа жүгінемін,  
... Қолдай гәр ғашықтардың пірі мені?!

## МЕН — ӨЗІҢМИН

(Оңай ғой сүйемін деу, күйемін деу...)  
Мен — өзіңмін жаныммен, сүйегіммен!  
Өз айнаңдан өзінді танымайсың,  
Соныңа құйемін мен.

Мен — өзіңмін,  
Өзіңнен айнымадым,  
Өзіңде ұсал жемісін жайды бағым.  
Өз бағыңдан өзінді қуалайсың,  
Соныңа қайғырамын.

Мен — өзіңмін,  
Өзің боп еркеледім,  
Телі өскен өзіңменен тентек едім.  
Өзінді өзгеден де жат көресің,  
Соныңдан жеркенемін.

Өзің менсіз,  
Мен сенсіз қалғандаймын,  
Табамын, мейлі өзірге тал қармайын.  
Қуаламай танырысың, жат көрмессің,  
Осыңды армандағын.

О, менің гүл-алаңым!  
Саған кеп, сөндіремін мұң алauын.  
Сен — маган тыным бермес тіршіліксің,  
Осыған қуанамын.

## ӘН САЛ, ЖАНЫМ

Қарсы алмаса,  
Құрысын қарсы алмаган.  
Ән салып бер,  
Әніңмен жан сал маған!  
Жаңғырығып жасыл тау жөнелсін бір,  
Жатсын үйып жапанда дел-сал далам.

Шырқа, жаным, бабаңың салған әнің:  
Кез үшында «Көкжендет» самғағанын,  
Тұлқі фәни қыранды алдағанын,  
Қырдан қашқан тұлкідей заулағанын.

Ән сал, жаным!  
Әніңмен тербет мені.  
Бір сәтке,  
Тынсын тірлік жер-көктегі,  
Дала үйысын,  
Дамылдап таулар жатсын,  
Гаулар жатсын мәңгілік жөргектегі.

## СЕН МЕНИЦ МИЫМДАСЫНЦ

Сен мына — жанарымның ішіндең,  
Жанаардың білесің ғой кішірмесін.  
Ішіне жанарыңың сақта мені,  
Біреулер көлеңкесін түсірмесін!

Сен менің — мына тылсым кеудемдесің,  
Білесің, кеудеме ешкім тең келмесін.  
Кеудене — зынданың салып сақта,  
Біреулер кекпарат қылып өңгермесін!

Сен мына — тілімдесің, үнімдесің,  
Білесің ғой, тілімнің бүлінбесін.  
Сен мені үніңде қоса, тіліңе тұт,  
Үнім өшіп, үшкір тіл тілінбесін!

Сен мына — менің алып басымдасың.  
Білесің,  
ешкім де оны басынбасын,  
Сен мені өз басыңмен бірге қорға,  
Біреулер зұлымдығын асырмасын!

Сен — менің миымдасың!  
Білесің,  
миым жатқа бүйірмасын,  
Миыңдың бір жеріне жасыр мені,  
Қылсын өмір солай...  
Қыылғасын!..

\* \* \*

Алдынан терезеңнің жүріп өттім,  
Сен мені байқадың ба, құрметтім?  
Тұрдың ба терезеңнің ар жағында?  
Теңселіп, тұтқан пердең діріл етті.

Неге өртенді?  
Жүргегім неге өртенді?!

Нелер келіп, басыма нелер тәнді...  
Балконыңнан қол бұлғап, қарсы алушы ең,  
Неге менен жасырдың көлеңкенді?

Қайран көктем,  
Қайран гүл, қайран жазым!  
Сарқылған ба, шынымен сайран-назың?  
Айныдың ба, шайлышып шалқарыңнан?  
Айдынымда қанатын жайған қазым.

Көзің қайда көшеден мені іздеген,  
Сөзің қайда жанымыз егіз деген?  
...Терезеңнің алдына келіп тұрмын,  
Көгершіндей,  
Қысты күн... жем іздеген...

## ЖАС ӨМІР, САҒАН ӨКПЕМ ЖОҚ

Жас өмір, саған өкпем жоқ,  
Көктем боп тұрдың сан жылдар.  
Жеткенде жеріп кеткем жоқ,  
Өктем боп талай тағдырлар.

Бір жылға тең бол бір күнің.  
Санасыз, ойсыз мас қылдың.  
Мінезін бермей тұлкінің,  
Жүрегін бердің қасқырдың.

Қапыда кейде қан құсып,  
Қасқырмын дедім, қасқырмын!..  
Кеудеме мына наң пісіп,  
Басыммен барып, тасты ұрдым.

Шашырады үшқын көзімнен,  
Бас осал еken тас мықты.  
Ес кіріп, сонда сезінгем,  
Өткенін қайран жастықтың.

Жасарып ылғи жан-жағым,  
Тұратын еді көктем боп,  
Жарқ етіп өткен арманым,  
Өкпем жоқ саған, өкпем жоқ.

## МЕН — ТАУЛЫҚПЫН

Тау дейтін алып жүрек Ана тұған,  
Мен — таулықпын.

Таудан мен жаратылғам.

Киіктің сүтін еміп ержеткемін,  
Құат алып қыранның қанатынан.

Мен — таулықпын!

Бұлт бұркеніп, жай отын ала туғам,  
Құн алғашқы сәулесін маған шашып,  
Маған келіп түнейді қара тұман.

Тау ұлымын,

Тау — менің дәу бесігім,

Мен оның әуресімін, сәулесімін,  
Асқар шыңдар желпиді бесігімді,  
Бір орамын ағытып сәлдесінің.

Мен — таулықпын!

Таудан мен жаратылғам.

Тау деген Ана тұған, дара тұлғам.

...Тауға барып,

Кекке ұшып кетсем бе еken,

Ұстап алып қыранның қанатынан...

## СӘБИ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

...Құс та болғым келмейді!  
Қанатым бар.  
Қанатым бар күмістен жаратылған.  
Сәби болғым келеді, сәби болғым,  
Мына өмірден хабарсыз, жаңа туган.

От та болғым келмейді?  
Жылуым бар.  
Жылуым бар, керексе жылыныңдар,  
Әлди болғым келеді, әлди болғым —  
Күн сәулесі ойнақтап тұлымында,  
Отыратын анасы құлышында.

Қанаттанып өмірге ұшарымда,  
Кесілмесе, бәрібір тұсауым да.  
Сәби болғым келеді, сәби болғым,  
Сәбиі жоқ Аナンың құшағында.

Тар бесігі — кең жаһан тарылмаған,  
Біреуге бар, біреуге табылмаған,—  
Сәби болғым келеді, сәби болғым,  
Ана сүті аузынан арылмаған.

## ӨМІР ЖАЙЛЫ

Өмір жайлы сұрай берме сен менен,  
Өмірді мен әлі зерттеп көрмеп ем.  
Өмір жайлы білгің келсе, қартқа бар,  
Қан майданнан жалғыз ұлы келмеген.  
Жесір келін, бір нәресте көрмеген,  
Жетім шалды бала орнына тербекен.

Өмір жайлы не түсінем мен деген...  
Өмір жайлы сұрай берме сен менен.  
Өмір жайлы білгің келсе қартқа бар,  
Өміріне кегі кеткен, өлмеген,  
Жалған айып таңылғанда көлдененец,  
Ақиқаттың әппақ туын бермеген.

Содан сұра, содан сұра өмірді,  
Нені көрді, нені сезді, не білді.  
Неге ақылды ақымақтан жеңілді,  
Біреу жылап, біреу неге көңілді?  
Содан сұра, содан сұра өмірді.

## БӘРІНЕ ДЕ ТҮСІНЕМ

Бәріне де түсінем,  
Бәрін білем.  
Бірақ білмен өзімнің әлімді мен.

Пайдам да жоқ ешкімге, зияным да,  
Ұялтуға қақым жоқ, ұялуга.  
Жаяулатып жүріп-ақ, дәмем күшті,  
Құрық салам құланға қиялымда.

Қалқасында жүріп-ақ қалтарыстың,  
Күшім бар деп, күшіндей Алпамыстың.  
Келсін шамам келмесін, шаруам жоқ,  
Геркулеспен келеді арпалысқым.

Олай көрем өзімді, бұлай көрем,  
Өзімді өзім патша, құдай көрем.  
Кесілмеген тұсауы нәрестедей,  
Кездескеннің бәрінен құлай берем.

Шабыт, ашу, шаттық, мұң, ұят қалып,  
Жүрген жәй бар, осылай күй атқарып.  
Билей алмай жүрмін мен бір басымды,  
Роботы ойлардың сияқтанып.

Бәріне де түсінем,  
Бәрін білем,  
Бірақ білмен өзімнің әлімді мен...

## КЕТЕР МЕ ЕКЕМ

Бірде олай ауытқып, бірде былай,  
Бір байламға келе алмай жүргенім-ай,  
Таулы аймақтың ауасы секілденген,  
Аумалы да төкпелі күндерім-ай!

Өз-өзінен өзегім өртенгенде,  
Өз-өзімнен түңіліп, жеркенгенде,  
Сары ауру сарғайтқан науқастайын,  
Үміт күтем бүгіннен, ертеңнен де.

Нені күтем?  
Не керек осы маған?  
Аяқ-қолым, жанарым, басым аман.  
Шаруаның баласы емес пе едім,  
Күшіменен тамағын асыраған?!

Өмір деген осынау майданда бұл,  
Қолбасы да, қорқақ та сайранда жүр.  
Өмір менен өлімнің ортасында,  
Кетер ме екем, келе алмай байламға бір!

## ӨМІР ДЕГЕН БІРЕУ БАР

Жазықсызын дей алман, жат көріндім,  
Жазықтымын дей алман, ақкөңілмін.  
... Өмір деген біреу бар билік құрган,  
Билігінен мен соның қақ бөліндім.

Желіктіріп, су бүркіп, сайтан маған,  
Кезім болды әділдік айта алмаған.  
Батқан ерді арқама ауырсынып,  
Жауыр болған құнандай қайқандаған.

Арыммен де оңаша қалып көрдім,  
Жоғалғанын іздедім, тауып бердім.  
Ар-ұят деп аталар нәрестені,  
Қызылشاқа күйінде алып келдім.

Сайтанның да, құнәсіз періштенің,  
Бал мен уын талғамай неге ішкемін?  
Періштенің қайғысын бөліспедім,  
Сайтанменен, болса да, келіспедім,  
Не істермін, тәңір-ау, не істермін!?

Аңқылдаған не таптым ақкөңілден,  
Несіне ердім сайтанға жат көрінген?!  
Өмір деген біреу бар билік құрган,  
Билігінен мен соның қақ бөлінгем.

## ЕМХАНАДА

Өкінішті...

Мына құрғыр сырқаттың беті қүшті.

Жүргім көтеріліс жасап жатыр,

Бұзбақ болып кеудемде бекіністі.

Өкінішті...

О, Жүрек!

Менің алтын қазығым-ау!

Қайтейін, қажыдың-ау.

... Қытықтаған бауырдың «назы» мынау.

Қажыдың-ау, байғұым, қажыдың-ау!

Не істемекпін?

Жаным-ай, саған шипа істемек кім?!

Жаралғанда бүтін ем, үш бөлекпін:

Жүргім — Африка, бауырым — Кипр

Миым — Мұзды мұхиттай...

Не істемекпін?..

## ҚАЙРАН ЖАНДАР

Қайран біздің шешелер!  
Арды ойлаған,  
Шілік шауып, ши орып, бау байлаған.  
Жігіттерден айрылып, қалмай қаран,  
Қырман басып, егін сап, арба айдаған.

Шалбарланып көйлегін,  
Шарт буынып,  
Шаруаның қостарын тартты буып,  
Қауіп тәнсе,  
Қызғаншақ жолбарыстай,  
Атылатын жауына жалт бұрылып.

Ұйықтамайтын,  
Тек қана көз ілетін,  
Кезін ілсе, ерімен кезігетін.  
Әйелдігін ұмытып күні бойы,  
Тұнде ғана,  
Жатарда сезінетін.

Қайран біздің жеңгейлер!  
Өскен ерен,  
Егін орып, бау байлап, дестелеген.  
Алақандай ақ шытқа мұңын шағып,  
Хат жазатын, кешкісін, кестеменен.

Қарайып, кешегі әппақ маңдайлары,  
Аңызақта қаңситын таңдайлары,  
Көздерінде тұратын Қүндерімнің,  
Көктегені даланың сарғайғаны.  
Қайран біздің өмірдің — балқаймағы!

Бір бұйымы — бір үйге мұра болар,  
Қайран біздің Атайлар — Ғұламалар!  
Алғыс айтып, тәңірге қарғыс айтып,  
Айдалада, аулақта жылап алар.

Жылап алып,  
Қайтадан қуаттанып,  
Егінжайға келетін бұлақты алып.  
Тоқтап қалған тірліктің машинасын  
Жүргізетін, бір жерін бұрап қалып.  
Қайран жандар!  
Қайран жандар!..

## ҚАРА ӨЛЕҢ

Қалқам,  
Мен Лермонтов, Пушкин де емен,  
Есенинмін демедім еш кімге мен.  
Қазақтың қара өлеңі — құдіретім,  
Онда бір сүмдық сыр бар естілмеген.

Жат жерді жастанғанда жазатайым,  
Қанымен жазды, мүмкін, агатайым,  
... Қасиетіңен, қара өлең, айналайын,  
Қазақтың дәл өзіндей қарапайым.

Тұзу-тұзу тілінген таспадайын,  
Қамшы өремін таспадан басқадайын.  
Қаламасаң қамшымды аулақ жүргін,  
Қараша үйдің есігін ашпа, ағайын!

Тұзу-тұзу жыртылған ақыздайын,  
Ақызыма неге нәр тамызбайын.  
Қара өлеңі қазақтың қаза болса,  
Қара көзден неге қан ағызбайын.

Іздемпаздық менің де бар өнерім,  
Бұдан жасап, бидаймен, тары егемін.  
Қазан-миым бәрін де қайнатады,  
Дара қойып қазақтың қара өлеңін.

Ақынмын деп қалай мен айта аламын,  
Халқымның өзі айтқанын қайталадым.  
...Күпі киген қазақтың қара өлеңін,  
Шекпен жауып, өзіне қайтарамын...

## ҚАЙДАН БІЛСІН

«Көрінбейсің газет пен журналдардан»...  
Деген мен сөз естімін туғандардан,  
Жарқындарым!..  
Жаңымды қайдан білсін,  
Жақсы жырдың жолында құрбан болған.

Қайдан білсін, жыр жазу қындығын,  
Соқыр жармақ екенін сыйым бүгін,  
Қайдан білсін, келе алмай күйім бүгін,  
Сансыратып кеткенін құйын-күнім.

Білсін бе дерт екенін тіл өнері,  
Тіл өнері жоғалтып жіберерін.  
Түсінсін бе, дым тамбай, кек аспанның,  
Құрғақшылық жылдары түнерерін.

Қайдан білсін...  
Тұстар қайдан білсін.  
Оңай емес орнату ойдан мүсін!  
Болдырам деп болмасты қиялыммен,  
Қайдан білсін, біткенін қайран күшім,

...Оу, менің ойран-құсым, сайран құсым!  
Оңаша өз бағында сайрап жұрсін,  
Бұл ғалам, сенің титтей жүргегінде,  
Не болып жатқандығын қайдан білсін...

## ЖАЗДЫҢ ТАҢЫ

Жарықтық,  
Жаздың таңы-ай!  
Жадырап, қанатымды жаздым талай.

Ақ тауға асылғанда ақ таң келіп,  
Ашылған ақ шымылдық — мақпал делік,  
Ақ сөүле ұяма кеп ұйығанда,  
Ақ таңға қанатымды қаққам келіп.

Асқардың күн ілігіп сәлдесіне,  
Карайды дүниеге сәл кешіге.  
Айдында — Жер мен Көктің арасында,  
Ақ таңың шомылғамын сәулесіне.

Күн — мені шомылдырған асыл анам,  
(Жан-жағым ақ моншақтар шашыраған)  
Ақ таудың бөлеп мені бесігіне,  
Ақ таңың сүтіменен асыраған,  
Күн — менің асыл анам, асыл анам.

Жарықтық,  
Жаздың таңы-ай белден асқан!  
Бауырын жерге басқан, шөлдеп аспан.  
Кия алмай жаз төсегін — жар төсегін,  
Қызылып, бозаруда Жер мен аспан...

## КҮЗДЕ

Сен — менің тынысым ең, тұрмысым ең,  
Сен үшін өмір сүріп, тырмысып ем.  
Жыл құсымен оралған жаңым менің,  
Бірге аттанып кетесің жыл құсымен.

Күзі келіп, өмірдің жазы қайтып,  
Қазы қайтып, аттанар назын айтып.  
Айдың көлдің бетінде сызат қалар,  
Қазы қайтып келгенше жазылмайтын.

Құстар кетті қоштасып көліменен,  
Жеріменен, тауымен, көгіменен.  
Жаңым менің, тағдырым жазбаған-ды,  
Қош айтысар кезеңді сеніменен.

Қызылы жоқ қырманда — күзде міне,  
Қайтқан құстың қараймын тізбегіне.  
... Бара жатыр аттанып аққу-қаздар,  
Біздің жақтан күдерін үзгені ме?!

## БОЗҚАРАҒАН

Бозқараған...

Көрдің бе бозқараған?

Сирень исі аңқиды боз даладан.

Бозқараған — тікенек, тікенге өскен

Сирень гүлін ешкім де қозғамаған.

(Соның аты, біздіңше — Бозқараған.)

Кара судың жағасы бозқараған,

Бозқараған бұтағын қозғама адам.

Бозқараған ішінде бойжеткенге,

Бозбалалар бозарып көз қадаған.

Бойжеткендер тойларын жасарында,

Бозқараған жанатын ошаганда.

Әтір исін әкеліп аш ауылға,

Желік беріп тұратын жеңгейлерге,

Жер түбіне біреумен қашарында!

Кара саздың тогайы — сайран бағы,

Сайран бағын неліктен ойрандады!?.

... Бозқараған гүлін ап, хатқа салып,

Жіберуші ек туысқа майдандағы.

Бозқараған!

Армысың, қасиеттім, бөзге ораған!

Қайда әлгі бойжеткенің көз қадаған?

Қайда жеңгем?

Соңынан сөз бораған...

## АЙХАЙ, КӨКТЕМ

Тентек жаңбыр терезені,  
Бытырамен атып тұр.  
Кенеледі,  
Жер өзегі,  
Рахатқа батып қыр.

Үдеріп көк,  
Тұнеріп кеп,  
Аласұрып, атқандай.  
Алабұртқан, күреңіткен,  
Аласапыран шақтарды-ай!

Құркіретіп,  
Дүркіретіп,  
Мына келген көктем бе?!

Сіркіретіп, бүркіп өтіп,  
Әтір шашып кеткен бе?

Алаңым да,  
Адамым да,  
Жадырады-ау шалқып бір!  
Қырдан ескен самалында,  
От иісі аңқып тұр.

... Тентек жаңбыр, тереземді,  
Бытырамен тұр атып.  
Қандырайын кенеземді,  
Айхай, көктем!  
Тұра тұр!..

## БЕСІК-ҚӨЛ

Айна көлім,  
Қайда менің?  
Айналған ба теңізге?!

Қанатымды жайған едім  
Аққу болып, сені іздең.

Жайлайым да,  
Сайраным да,  
Бәрі нeden сасқандай...  
Қайық жатыр қайранымда,  
Төңкөрілген астаудай.

Есік-төрім!  
Есіткемін:  
Бір сұрапыл өткен — деп,  
Бесік көлің — несіпперің,  
Бұл боп ұшып кеткен,— деп.

Селі жеңді,  
Көлім өлді,  
Селді тасқын атқанда,  
Құзетуде өлі көлді,  
Қалың шырша қапталда.

Сарқынға мәз, сарала қаз,  
Көлшіктен ап талшықты.  
Сая болмай самала-жаз,  
Сай аңқасын қаңсытты.

Айна көлім,  
Қайда менің?  
Қосылған ба теңізге?!

Сая іздесең, сайран — елім,  
Теңізге кеп, мені ізде...

## САРЫ АЛА ҚАЗ ОРАЛДЫ

Сазға тағы оралды сары ала қаз,  
Сарша тамыз тағы да бола ма жаз!  
Күрік басар ақ тауық күлге аунаса,  
Күнгө қарап шақырап бала қораз,  
Сарша тамыз тағы да бола ма жаз?!

Тұтасқан бұлт айналып, ығысқанда,  
Күн күркірер батыстан, шығыстан да.  
Әжемнің де баратын күні туар,  
Алыстағы жатбауыр туысқанға,  
(Із салмады, шіркіндер сұысқан ба?!)

Шілде туып, тағы да жаз бола ма?  
Аққу ұйықтап, айdynғa қаз қона ма?  
Қызды ауылға күніне қырық барып,  
Желік пайда бола ма бозбалага?

Салқын жайлай, самал жел, саумал бұлак,  
Жатар ма еken кепіршіп, таудан құлап?  
Биыл жазда тағы да кетере ме,  
Былтыр күзде қуарып қалған құрақ?

Сары уайым салудың не керегі,  
Көгереді, бәрі де көгереді!  
...Көп досымды жоғалттым осы қыста,  
Келесі жаз, білмеймін, не береді...

Сары ала қаз оралды сазға тағы,  
Ақ тырналадар аспанды боздатады.  
Сүксыр көкек тогайдан сүңқылдаса,  
Қай-қайдағы мұңымды қоздатады...

# ЕКІНШІ БӨЛІМ

## ПОЭМАЛАР



## ӨМІРДАСТАН

### I. БЕСІК БАЛАҒЫНДАҒЫ ЖЫЛАН

Қырық-отыз құрым үй Жиектегі,  
Қырқадағы орақта ниеттері.  
Шешем бөлеп,  
    ұйқтатып, бесігіммен,  
Керегеге кетіпті сүйеп мені.

Кетіпті өзі жылғаға су алуға,  
Сусап келер әкемді суаруға.  
Әкем байғұс орақта болса керек,  
Мұршасы жоқ құлуге, қуануға.

Есі-дертін екі ұлға кезек бөліп,  
Кетсе керек әжем ле тезек теріп.  
Тойып алсам, томпиып жатады екем,  
Шамалы екен шешемді мезі еткенім.

Жар салып, жасалмапты тойым анық,  
Ағайын шабылмапты қойып алыш,  
Уыз емген бұзаудай жатсам керек,  
Уызына шешемнің тойып алыш.

Тал бесігім қорғаныш болып маған,  
Жатсам керек, сірәда, қорықпағам.  
Қошан-тірлік айналам дүние екен,  
Құрымаған, немесе молықпаған.

Жатса, тұрса жармасып жерге үңіле,  
Өз тірлігін күйттепті ел де міне.  
Сірә, бір жан білмеймін, қуанды ма?  
Бір қазақтың өмірге келгеніне.

(Неге керек қуансын, қуанбасын!  
Қазақ жүртү әйтеуір, суалмасын!)  
... Шешем мениң жылғадан қайтсын үйге,  
Апыл-ғұптыл, асығып су алғасын.

Асығыпты, ешнеге бұрылмапты.  
Әлденедең жүрөгі сүйлдалты.  
Құлагына әлдескім сыйырлапты,  
Әлде біреу мен болып шырылдапты.

Үйге келсе,  
қаперсіз жатыр екем,  
Шошырлықтай нәрсе жоқ заты бетен.  
Қайта бүркеп бесікті қойыпты да,  
Қаннен-қапер, қатерден қапыл екен.

Бірдеме деп, күбірлеп, ырымдапты  
Тіршілігін жалғапты, бұрылмапты;  
Жүк үстінде, сол сәтте ала мысық,  
Үдірейе, бесікке, бырылдапты.

Ине мұрты шаншылып танауында,  
Әлденені мысық түр қарауылдан,  
...Оралып қара шұбар жылан жатыр,  
Бас жақта, тал бесіктің балағында.

Зәре-құт жоқ, анамда сүр қалмаған,  
Қарсы алдында аждана сумандаган,  
Бас бармақтай басында сағат тілі,  
Өтті-кетті дегендей жылмандаған.

Күрым үйдің құбыжық есік-төрі,  
Дәрмені жоқ алмапты шешіп мені.  
Әжем үйге кіргенде, үнсіз ғана,  
Әбжыланды нұсқапты бесіктегі.

Әжем келіп жүзімді байқап көрген,  
Тірі ме деп басымды шайқап көрген,  
Сусып түсіп сумандап, шұбар тажал,  
Иреленде, іргеге тайқап берген.

Қысып тұрып қысқышпен желкесінен,  
Әжем оны алыпты жер төсінен.  
Анама сут әкел деп бұйырыпты.  
Әңгімені доғарыш келтесінен.

— Бұзықтың қамшысындай иректелген,  
Бұзық ит,  
сени не сор сүйреп келген?!  
Тамыз, кәне,  
сүтінен таңдайына,  
Тажал неме бізге де үй деп келген.

Тұрыпты анам түсінбей мән-жайына,  
Ысып-суып, зымырап, қан бойына.  
Дүшпанды әжем есен-сау жолға сапты,  
Ақ тамызып жауымның таңдайына.

— Өлтірмегін,  
көтерме құнын босқа,  
Ол шаққан жоқ,  
жытуын, қуын, шошқа!  
Ұйықта ботам,  
өзің кеп тиіспесең,  
Жылан деген тәкпейді уын босқа.

Мен жатыппын есен-сая бесігімде,  
Алда болып аларым, несібім де.  
Титтей-титтей қырық күн сығалапты.  
Қырық жамау құрым үй тесігінде.

Әлде сақтап, періштем қақты ма екен?!

Әлде қорғап мысығым жатты ма екен?!

Әлде менің дұшпаным өзі қорқып,  
Менен келіп қорғаныш тапты ма екен?!

Неге менің үйіме төте кірді?  
Бесігіме неліктен көтерілді?!

Неге мені шақпады?!

Сезді ме әлде!

Мен өзіне жау емес екенімді.

Жақын болса жауым кеп, сүйінер ем,  
Жауым болса жақыным, күйінер ем;  
Кім екенін білмеймін, түсімде мен,  
Қара шұбар жыланды жиі көрем.

Сақта мені салқын тау, жұпар далам?!

Улы тістер бар шығар мұқалмаған..

Екінші рет білмеймін не боларын,  
Бірінші рет, әйтеуір, жұта алмаған..

Кешірсін мені **Жер** — Ана,  
Жер — Ана — мәңгі жөргегім,  
Кек аспан,

тұңғызық кек аспан —  
көзімді ашып қөргенім.

Әкеткен де іліп сол Аспан,  
әжемнің құрған өрмегін.  
Тек Аспан — менің арманым,  
Тек Аспан — менің өрмегім.

(Шалқамнан бөлеп үйреткен)

Жатырмын міне шалқамнан.

Аспанды көр деп,  
**Жер** өзі,  
көтереді арқамнан.

Шаршайды бір сәт жанарым,  
сүрініп сонау тауларға,  
өте алмай алыш қалқаннан.

Қалқанға барып, көкжиек,  
салбырап тұрып құлайды;  
— Аспанның шеті сол ма? — деп,  
абдырап сәби сұрайды.

Әлек боп әже жатқаны,  
әуелі атап құдайды:

... Аспанның шеті болмайды,  
болмайды, балам, о несі!?  
Қалқалап тұрған, көрдің бе?  
 Таулардың сонау тәбесі.  
— Әр қарай тағы аспан ба?  
— Мыжыма балам, өсесің,  
өскен соң өзің көресің.

Көнбеймін,  
және қараймын,  
Алыста жатыр мұнартып,  
кек айдын, бірде ақ айдын,  
Тағы да таулар-қалқандар,  
Аспанның шеті құлай кеп,  
таусылғанға санаймын.

Тамаша!  
Дәл сол жерде, оңаша,  
Тағы да аспан бар ма екен,  
Өз кезінмен қарасаң!

Кекжиек!  
Жұмбақ кекжиек!  
Әр жағың маган белгісіз,  
Әлде бір жатқан түнек пе,  
тірі адам шыдап көргісіз?  
Әлде бір аспан бар ма екен,  
Менікіне де бергісіз?  
Белгісіз маган белгісіз.

Өз үйім ғой — Жер менің,  
Алдымен Аспан — көргенім.  
Айды,  
Күнді,  
Жұлдызы —  
сонан соң барып көргемін.

Алдымен аспан — көргенім,  
сонан соң барып таныдым.  
бұлттардың қаптап өргенін,  
ағызып өткен селдерін,  
селдерден кейін, аспаннан,  
әжемнің көрдім өрмегін.

Аспаннан тұнді таныдым,  
аспаннан таңды таныдым,  
Таныдым тұннің түнегін,  
Таныдым күннің жарығын.  
Аспаннан саулап тұратын,  
түйірі ме өлде бидайдың,  
түйірі ме өлде тарының?

Желпініп алып,  
бір сэтте,  
желікпе — бұлттар тарайтын,  
Тойымсыз біздің томпақ жер,  
томсарып көкке қарайтын.  
Көкжиек және қөлбей кеп,  
қөлеңке тауга жанайтын.

Жанарына жас тұнып,  
Жалғызырап қөлдер де,  
Аспанға қарап жататын,  
Қайтқанда құстар, келгенде.  
Айдында шабақ шоршитын,  
аспандағы айды көргенде.  
аспаннан сәуле төнгенде.  
Аспанға қарап сұығам,  
аспанға қарап жылығам,  
«Аспанның асты кең» дейді,—  
(Үсті кең, солай ұғынам)  
Апырау, мұнда не сыр бар?!

Майлышаяқ біздің қамықса,  
аспанға қарап ұлыған.

Аспанға қарап келді адам.  
аспанға қарап кетті адам,  
Шынымен аспан шексіз бе?!

Белгісіз осы тек маған.

Кекжиек таумен сүйісіп,  
көрінбей жатса әр жағы,  
Аспанның біткен жері сол,  
аспан жоқ әрі деп қалам.

Құнысқан құрым үйімде,  
жаттым-ау, талай шалқалап,  
Белгісіз маған әуе-аспан,  
белгісіз маған шартарарап.  
Майыстырып уығын,  
желлініп алып, құрым үй,  
Аспанымды, аядай.  
тұратын еді арқалап.

Аядай менің Аспаным.  
Тәңкөрілген тәбемнен.  
Алайда, сен шексізсің,  
шетіне жетпей келем мен.  
Өзіңде қарап туыппын,  
Өзіңде қарап өлем мен...

### III. АҒА, МЕН ТІРІМІН

... Содан бері көрмедім, жолаушы аға,  
Жолығысып шіркін-ай, қол алсақ-ау!..  
Кезең асып, қайрылмай кетіп едің,  
Сонау — сен, сонау — атың,  
сонау — шанаң.

Жадымда,  
Софыс кезі, сойқанды кез,  
Қыс еді қытымыр шал, сойқан мінез.  
Салдыртып шыға келдің қыр басына,  
Қалдырып алдындағы қайқанды лез.

— Мынадай түтеп тұрған борасында,  
Ей бала, өлейін деп баrasың ба?!

— Агатай, ала кетші нағашыма?  
Әнеки, аноу таудың арасында.

Сөзіміз осы болды, үндемедің,  
Шұбар ат желіп кетті «Шұу» деп едің.  
Қайырымсыз кісіні алғаш көрдім.  
Қайырымсыз қазақты білмен едім.

Деп тұрғам жоқ, сенен мен өш алайын,  
(Кездесті гой қайырымсыз неше ағайын...)  
... Шұбар атың аман ба, өлген жоқ па?  
Сынған жоқ па сондағы кәшауайың?

Білмегенсің, менің кім екенімді,  
Жетпесімді ауылға, жетерімді,  
Сәлем, аға, көңілдің архивінен.  
Сен қалдырган бір тозаң көтерілді.

Сен кеттің.  
Мен тағы да жаяулайын,  
Жүгірейін, желейін, аяндайын.  
Сәл сабыр ет, ағасы, ретіменен,  
Аспай-саспай, ақырын баяндайын.

Аштық дейтін албасты — наланы артқан,  
Бала едім қорек іздеп бара жатқан.  
Адамның баласы деп, қарайлап ем,  
Қараңдал көрінген соң қараң арттан.

Баратқан ем, таппақ бол несібемді.  
(Ағат айтсам, ашумен, кешір енді...)  
Сен маган қайырылмай кеткенінде,  
Есінде ме, ағасы, бесін еді.

Екі кезім — шұбар ат, сенде, менің  
Өкпем кеүіп артыңан терлегемін.  
Әуре етейін деген бір әзілі деп,  
Өзімді-өзім жұбатып, сенбегемін.

Панам ғой деп, тәңірім жолықтырган,  
Шырылдағам жолыңа болып құрбан.  
Естімеуің даусымды мүмкін емес,  
Себебі,  
жел мен жақтан соғып тұрған.

Ақыры ғайып болды тарлан шұбар,  
Тарлан шұбар — сендерін ардан шұбар.  
Жарты қасық қазактық қаның болса,  
Құлағыңда дауысым қалған шығар.

Сол кеткеннен, мол кеттің қарамадың,  
Күн батты, қырға қарай жағаладым,  
Жүріп келем, қадалып жүрегіме,  
Шұбар аттың емшекті тағалары.

Батырып, қайрат жиып, жортқан болам,  
— Қайт! — дейді,  
қарсы алдымнан соққан  
боран.

Сонда, аға, сен қай жерде бара жаттың?  
Шұбардың тұяғынан оқтар борап?!

Мен адастым таудың бір аңгарында,  
Байыппенен бағдарлай алмадым да.  
Еміс-еміс естімін иттің даусын.  
Ендігі сол — үмітім, арманым да.

Болды ма аяз, білмеймін болмады ма,  
Көніл бәлген мен жоқпын ол жағына.  
(Сен сонда шай да ішіп үлгердің-ау,  
Болайын сенің қазақ болғаныңа...)

Қарамай қажығаным, тоңғаным,  
Иттің даусы қай жақтан шықты екен деп,  
Тың тыңдал, терім қатып, сорладым-ау.

Иттің де даусы тынды қырсыққанда,  
Өлген бе бұ дүние, тұншыққан ба?!  
Кешір, аға, мен сені аягам жоқ,  
Омбы қарға бір түсіп, бір шыққанда...

Бір сайдың тірелдім кеп түйығына,  
Аспан құлап барады иығыма,  
Бетім ауган жақпенен безіп келем,  
Түсіп алып қойлардың ширына.

Жоқ, аға, мені өлсін деп жаратпаған,  
Үміт тұр қарсы алдымда, қарап маған,  
Шай ішіп, буы шығып, қыстау жатыр,  
Мұржасына тұтінін сабақтаған.

Тәбеттер жүр қораны шыр айналып,  
Тура тарттым, тұрмадым мың ойланып,  
Қорқыныш та,  
урей де былай қалып,  
Тақадым-ау қыстауга құлай барып.

Кісі алатын тәбеттер қалай бөтен?  
Несібемнен бұрылып, қалай кетем?!  
Қорықпа, аға, есен-сау үйге де ендім,  
Аш адамды ит-тағы аяйды екен...

Төрт-бес тәбет қаппады, таламады,  
Рақмет иттерге, бағалады.  
Иттің тісі жүрекке дарымады.  
Дарығаны — шұбар ат тағалары.

Үй иесі өзіңен бөлек екен,  
Бала десе, бәйік бол өледі екен.  
Қайырымды қазаққа дөп келіппін,  
Қазақ деген сен емес, бөлек екен.

Жауып жатыр тонын да, торқасын да,  
Беріп жатыр етін де, сорпасын да.  
Нагашымның қыстауын таппағанмен,  
Әке-шешем отырмын ортасында.

Сен туралы қартқа айттым, жолаушы аға,  
Сені жақсы демеді ол оншама.  
Әкеңнен, тәліміңнен түк қойған жоқ,  
Ластанды сонау ат, сонау шанаң...

Қарт сениң біледі екен қылышыңды,  
«Даяярлап жүрмін,— деген, құрығымды»  
Қан майданнан баласы оралғанда,  
Қалайда үзем деген жұлышыңды.

Білмеймін бес бересі, аласыңды,  
Қарт саған көрін төгіп, аласұрды.  
«Ит болмаса, айтпай ма, бұл тауда жоқ,  
Ол сениң біледі ғой нағашыңды».

Отken күн — отken із ғой басылады,  
Көшкен бұлт — көңіл кірі, ашылады.  
Бабам білмес қазактың қара шалы,  
Он бес күн каникулда асырады.

Қолқанат қып, қойын да бақтырмады.  
Тоң аудартып, кетпен де шаптырмады.  
Өзі әкеліп таstadtы ауылымса,  
Өзіңе ұсап, өзекке лақтырмады.

Жетер енді,

Жел сөзді желпіді інің,

Жолаушы аға, барсың ба, мен тірімін.  
Атын былғап, аман-сай жүрсің бе сен,  
Қазақтың қасиетті кемпірінің?!

#### IV. ДАРИҒА-ЖҮРЕК

##### I. Аққұдај еді...

Болған-ды менде бір жеңге,  
Жылайтын еді бірдемде,  
Күлетін еді бірдемде;  
Күлетін еді күллі әлем,  
Дариға жеңгем күлгенде:  
Жас тамып жасыл бүрлерден:  
Қарағай, терек, бүргеннен;  
Жылайтын еді гүлдер де,  
Дариға жылап жүргенде;  
Ауыра қалып бірдемде,  
Айығушы еді бірдемде.  
«Аққудай еді көлдегі,  
Сұңқардай еді жердегі».  
Айта да жүріп осы әнді,  
Дариға-жүрек шөлдеді.  
Санаттан жары келмеді.  
Саятқа көңілін бөлмеді,  
Сабырға сайтан ермеді:  
Сайтанға ерік бермеді:  
Дариға-жүрек шөлдеді,  
Шөлдеді, бірақ өлмеді;  
«Сұңқардай еді жердегі,  
Аққудай еді көлдегі».  
Аққудай еді көлдегі...

Жолбарыс бақай — білегі,  
Құлан жон жанның бірі еді;  
Құлпыра қалса реңі,  
Құтыра соқса жүрегі,  
Қыранды құрдай іледі:  
Қос уыс бұрым арқада,  
Қос жылан болып жүреді;  
Егіз шың тұрған кеудеде,  
Еңістің жатыр сілемі:  
Қос жанар бірден жалт етсе,  
Жарқ етіп шыққан күн еді;  
Дариға-жүрек кім еді?..  
Даланың жалғыз гүлі еді,  
Екеуі болса, бірі еді;  
Біреуі болса, өзі еді;  
(Оны өзі де сезеді.)  
Дариға-жүрек кім еді?  
Тасылмай қалған өзені,  
Ашылмай қалған өзегі,  
Келмей бір кеткен кезегі,  
Керемет жанның өзі еді;  
Айтылмай қалған сөз еді;  
Ашылмай жүрген сыр еді,  
Басылмай жүрген жыр еді;  
Дариға-жүрек кім еді?  
Дариға-жүрек мендегі!  
«Сұңқардай еді жердегі,  
Аққудай еді көлдегі»;  
Дариға-жүрек шөлдеді,  
Дариға-жүрек шөлдеді.  
Сап-салқын қоңыр кештерде,  
Сайлардан самал ескенде.  
Алыстан Ай кеп, шындардың,  
Ақ сәлдесін шешкенде,  
Керуен-бұлттар көшкенде,

Көңілден оттар өшкенде,  
Аршалар күбірлескенде,  
Жан салар соның бәріне,  
Ән салар сонда бір үн бар;  
Тұрыңдар бәрің, тұрыңдар!  
Әнменен туып, бірге өлген.  
Атаңдан қалған ырым бар;  
Тұрыңдар, түгел тұрыңдар!  
Әуезге құлақ бұрыңдар,  
Әуелі сыртқа шығыңдар;  
Шығыңдар да, тыныңдар,  
Талықсып жеткен сол үнге,  
Толықсып біраз тұныңдар;  
Аясында анау аршаның,  
Дарига отыр ән салып;  
Білдірмей өксіп, бір шалың,  
Бір шалың отыр тамсанып...  
Дарига отыр ән салып;  
Жер түбі кеткен жарларын,  
Жесірлер тұрсын қарсы алыш.  
Жетімдер үшсін жан салып,  
Дарига отыр ән салып,  
Өлі бір кешке жан салып;  
«Сұңқардай едім жердегі,  
Аққудай едім көлдегі...»  
Дарига-жүрек шөлдеді,  
Дарига-жүрек шөлдеді.  
Сапардан жары келмеди...  
Дарига отыр ән салып,  
Дарига солай отырсын,  
Жалғаннан жарын шақырсын;  
Керенау, дел-сал, ей, таулар,  
Күрсінбей неге жатырсың?  
Кейімей тұрсың, кең жайлау.  
Кең жайлау емес, татырсың!

Кеүіп бір қалған тақырсың!  
Кейімей тұрсың Ай да, сен,  
Ай емес, қара бақырсың!  
Қаранды суға батырсын!  
Күнірен таулар, күнірен.  
Күнірен жайлау, күнірен,  
Кеуденен жалын атылсын!  
Кірпігінді қақшы, Айым,  
Көзінен жасың шашылсын.  
Дарига-жүрек басылсын,  
Көңілдің кірі ашылсын,  
Жасырсын, бәрін жасырсын,  
Шақырды жарын, келмеді,  
Белгісіз тірі өлгені;  
Дарига-жүрек шөлдеді.  
Тау-дағы көңіл бөлмеді,  
Ай-дағы көңіл бөлмеді,  
Жайлау да көңіл бөлмеді;  
Қос басы — өлік көмгендей,  
Дарига оны көрмеді;  
«Сұңқардай едім жердегі,  
Аққудай едім көлдегі»,  
Дарига-жүрек шөлдеді,  
Дарига-жүрек шөлдеді.

## 2. Ж а л ғ а н

- Женгелер-ау,  
    жеңешем қайда менің?
- Шомылып жатыр аноу сайды,— деді.  
Бір сүмпайы құлқіні қымтап қалды,  
Қылымсыған қатынның қаймақ ерні.
- Әкел бермен,  
    қымызың қайда?!— деді.
- Қымызд емес,  
    бүгінгі айран еді...

— Ыстық мынау,  
соншама кешігесің...

Әкел бермен!  
Несіне тесілесің?

Шалғы шыңдалп отырған кексе қатын:

— Ей, Бәтіш,  
нене сонша есіресің?!

Несібенді ұрлаған Дариға ғой,  
Балаға несін сонша жекіресің?..

— Жүресің де қоясың,  
есек бағып,

Қашан бізге беріп ең тәсек салып?!

Жәйіңе отыр оттамай, ісіңді біл,

Тұлпарға әкеп теліме есекті алып!..

— Пішту деген бетім-ай!  
Қарай қалғын?!

Білмейсің бе сынғанын шар айнаңың?!

Өз көзіммен көргемін, әлі көрем!

Шомылуға сен-дағы талай бардың...

Мен кетіп қалдым...

\* \* \*

Жаман түстен шошынып оянғандай,  
Шошып кеттім,

шошыдым,  
ой, аллам-ай!

Мен алапат екі бір жыртқыш көрдім,  
Қызыл қанға бөксерісі боялғандай.

Сүмдыш көрдім ешқашан сыр ашпаған,  
Несіне айтамын деп тыраштанам...

Сүмдыш көрдім,  
бүкіл бір сұлулықты,  
Сұрқия құмарпаздық ластаған.

Дүние-ау,  
сұлу ең гой жаңа ғана,  
Оп-оңай-ак,  
осылай,  
жоғала ма?  
Айтсаңды, ей, табиғат,  
сұлулығың  
Осындай сүрқайлықтан жарала ма?!  
Дариға...

Тфу!!!  
Жаман еді аты қандай!  
Сорлы аға,  
сойқан апты қатын алмай.  
...Ауызымды аңдаусыз ашып қалсам,  
Жүргегім снаряд боп атылардай.

Тфу, ит!  
Қалай жаман ән салады,  
Ән емес, осы екен гой аңсағаны.  
Мына бір бояуы жоқ бозала тау,  
Өзіне сұлумын деп тамсанады.  
Мына бір бұрқыраған бұзық өзен,  
Даурығып өзіне- өзі жар салады.  
Мына бір татымы жоқ тау самалы,  
Ана бір албастыдай аршалары,  
Мен сұлу, мен сұлу деп қарсы алады;  
Мына бір қызыл гүлдер қызынақсып,  
Ана бір жаужапырақ қол соғады;  
Қай жерден көрінер деп қансонары,  
Сонау бір кәрі қыран тау шолады;  
Қыран емес, жауыз ол, қан сорады!

Жақпар-жақпар жартастар,  
құдайсыңдар!  
Себебі, сендер, міне, былайсыңдар;

Такаппар сұлулықты сақтайсыңдар,  
Беттеріңен жосқанда лай сулар;  
Такаппар сұлулықты сақтау үшін,  
Такаппар қорлықтарға шыдайсыңдар;  
Күннен жылу, желден тіл сұрайсыңдар;  
О, жартастар!

Жартастар, құдайсыңдар?  
Жабыла кеп жалғандық күндегенде,  
Әр «сұлудың» басына құлайсыңдар;  
Сұлулықты қайтадан құрайсыңдар;  
Сендер ғана — мәңгілік ескерткіштер,  
Сендер ғана — мәңгілік құдайсыңдар;  
Сендерге мен шыңғырып шынымды айтсам,  
Шыңғырып сендер бірге жылайсыңдар.

Жалған! — дедім,

(жалған деп айтам әлі.)

Жалған-н-н! — деді,

(жартастар қайталады.)

Таулар деп — ем,

(тауларым байқамады.)

Жартастарым таулар деп қайталады.

Дариға-жүрек

(тағы да қайталады.)

Құндыз беркі құздардың шайқалады.

Н а м ы с п е н М у з а

Самалдан барып,

саялап тынған шалғайда,

Дариға-жүрек,

аққуға, қосқан ән қайда?

Сұлулық шіркін,

шынымен мені алдай ма?

Дариға-жүрек,

және бір әнге салмай ма?!

Қою түн мынау,  
қоқырсып  
жатыр қос басы.  
Бойкүйез тау түр,  
бозбала бұлтпен достасып.  
Бір бел мен бір бел —  
қосыла алмайтын қос  
ғашық,

Гүлдерін ұстап,  
қолдарын бұлғап, қоштасып.  
Естерін жиып,  
есіней-есіней,  
маужырап,  
Адамдар түгел үйқыға кетті қалжырап.  
Бұлақтың басы,  
бүйігі өскен бал-құрақ,  
Бағады сыйыс,  
естілер емес ән бірақ.

Жартастар жатыр,  
жалаңаш тастап қеудені,  
Сайлар да, міне,  
сарыла-сарыла, шөлдеді.  
Мазасыз бұлақ маңайға тыным бермеді,  
Аңсатып бәрін,  
Дариға-жүрек келмеді.

Несіне келсін,  
ән салу оған мақтан ба,  
Не жетсін, шіркін,  
несібе құшып жатқанға.  
Несі бар оның:  
жетім мен жесір, қарттарда,  
Не жетсін, шіркін,  
темекіні орап тартқанға.

Жат көздер, мейлі,  
жазғырып оған қарасын,  
Түсінсін бе олар,  
өлі мен тірі арасын.  
Жарайды сол да,  
жанының басты жарасын,  
Жадырап енді,  
жалыны бойға тарасын.

Дариға-жүрек,  
несіне енді салсын ән,  
Несін алды оның,  
жүрекке ине шашыған;  
Не тауып еді,  
көзінен тамған тамшыдан,  
Не тапты әннен,  
көңілін ыңғи жашыған?!?

Күтпендер таулар  
Дариға әнге салмайды,  
Жартастар күтпе,  
Дариға даусы бармайды.  
Күтпендер сайлар,  
күлкімен енді алдайды,  
Халқының үнін сауыққа енді арнайды.

... Осы бір ойлар,  
тұн сайын мені езеді,  
Бойымда қаным —  
тулаған таудың өзені.  
Жанымды менің,  
женғемнің даусы кезеді,  
Жүрегім ұлып,  
қалғандай жетім сезеді.

Шепшабыс еді,  
    Қосымыз тұрған шатқалда  
Ұйқыдан қауым,  
    жанаңдан тұрып жатқанда,  
Дарига-жүрек,  
    ботадай келіп боздады,  
Бозарып тұрып,  
    бозарып атқан ақ таңда.

Тыңдаған жан жоқ,  
    өзінше жұрттар дурбелен,  
Кімдері сәйлеп.  
    кімдері ұрсып кімменен.  
(Қауымның мұндай,  
    қатігездігін білмел ем.)  
Айғай мен хайбат,  
    айналам тегіс гулеген.

— Таң атпай жатып,  
    ойыңа тұсті әлдене?  
Сайқалданба енді,  
    үніңді өшір, қар неме!  
Сұмдықты бастап,  
    таң атпай жатып зарлама,  
Үніңді өшір!  
    Өтірік зарлап, алдама!

— Пәруәрдігер,  
    алbastы ма өзі, пері ме?!

Әтуақты мына ит,  
    оятар болды-ау көрінен.

Дарига-жүрек,  
    мына жұрт сенен жеріген,  
Көмгелі жатыр.  
    әніңді бірге сенімен,

Күрсініп алып,  
күңіреніп кетті тау маңы,  
Бағытын бұзып,  
бұлттағы Ай теріс заулады.  
Тигендей бүйі,  
кең жайлау кейіп, аунады,  
Дарига-жүрек,  
дамылын таппай, лаулады.

Жайлауды тастап,  
жапырлап ауыл көшкендей,  
Шатырлап барып,  
ошақта оттар өшкендей.

Азалы бір үн,  
аяулы біреу өлгендей,  
Азамат мерт боп,  
ауылдын жауы жеңгендей.

Азалы бір үн,  
арызын кімге шаққандай,  
Мезгілсіз күз кеп,  
мерейді тұман жапқандай;  
Мекенін тастап,  
мезгілсіз құстар қайтқандай,  
Қоңыр қаз,  
ән сап,  
Қоштасып бара жатқандай.

Қыршындай солған,  
қызғалдақ гүлге бүр  
жарған,  
Қурайлар сыңсып,  
жоқтау сап құла қырлардан.  
Азалы бір үн,  
бірде мұң-қайғы,  
бірде арман,

Тірліктің күні,  
тірліктің сәнін сырғытты,  
Тірліктің күні,  
тірліктің әнін қылғытты.  
Жалына аттың,  
біреулер жасын ырғытты.  
Біреулер жасын,  
бетінен төмен жылжытты..

\* \* \*

Ернінде оның, қылғы менің қөзімнің,  
Елестеп кетті, қылғы бағлан-қозымның.  
Қозыма сусын бергендей болып сезіндім,  
Лас ойларды лактырдым мұлде, безіндім.

Сыр тостақтан,  
сызылта сорып болды да,  
Сызыла беріп  
сырганай тұрды орнынан.  
Аяныш көзбен,  
абайлап қарап сорлыға,  
Жігерім жасып,  
көңілім сонда болды нан.

— Тентек,  
сен отыр,  
атыңды тұса, аттанба.  
Тас жуа теріп келейін ана шатқалдан!  
— Дем алсаң етті,  
несіне сонша желіктің,  
— Тентегім менің...  
түсінесің бе...  
жерікпін...

(Түсіне алмағам, жерікті қашан көріппін.)

Оңаша, жалғыз,  
отырмын жұмсақ мақпалда,  
Қоямын қарап,  
жеңешем кеткен шатқалға.  
Оңбаган ойлар,  
оралып жатыр қайтадан,  
Сонау бір өткен,  
сонау бір сүрқай шақтарға.

Безінем одан,  
көрмедім оны,  
бармадым,  
Бәрі де сұлу,  
сұлұлық толы жан-жағым.

Қарағай-шырша,  
қапталдан құлай қаулауын.  
Тұңғық көкте,  
қыранның, қара, самғауын.  
Сайлардан соққан  
самалдың,  
қара,  
салқынын,  
Таңдайға үйіп,  
гүлдердің мына аңқуын.

Бу шашып,  
әнеу,  
көрі жартастың балқуын,  
Жасыл белдердің  
жасырын бәрі шалқуын!  
Жарық дүние-ай,  
жаным-ай менің  
Ғажапсың!  
Ғажапсың шіркін!  
Амал не, тезсің,  
аз-ақсың...

Құзар жартастан  
орамал көрдім бұлғаган,  
— Қош бол, тентек!..  
(Әзілдеп сірә түр маған.)  
Кек кейлек көрдім,  
қалықтап құздан зулаган,  
— Қош бол!— деп,— Тентек...  
шуылдалп үні тынбаган.  
— Қош бол!— деп,  
тастар хабарлап  
жатты жан-жаққа,

Негылған сұмдық  
Дарига ма, әлде өруақ па?!

Өте алмай қалдым,  
жете алмай қалдым ар жаққа,

Дарига-жүрек...  
Ұшты да кетті аулаққа...

Музадеп атап,  
ақындар гибрат қылатын,  
Сол екен — менің періште жырым,  
мұратым.

Дүниенің мынау,  
қабағын бағып тұратын,  
Дарига-жүрек,  
әмірге берді бір ақын...

## АҚҚУЛАР ҮЙКТАҒАНДА

### 1

Өзен де жоқ сыймаган арнасына,  
Жылға да жоқ даламен жалғасуға.  
Таста тұнған жаңбырдың тамшысындай,  
Қалай біткен мына көл тау басына?  
Мәлдірейді, қарайды қарға, шыңға,  
Жалғыздықтан жамандық бар ма, сірә.

Қанша ғасыр өтті екен, қанша заман?  
Қанша үрпақ кетті екен, қаншама адам?  
Қанша шырша өсті екен, құлады екен,  
«Жетімкөлге» қараудан шаршамаған?  
«Жетімкөлден» су ішкен қанша марал,  
Қанша киік қалды екен сай-салада?  
Қанатынан үзіліп ән-самала,  
Қаншама аққу кетті екен — аңсаған ән?

Ортаймаған «Жетімкөл» толмаған да,  
Болған әмір ұқсайды болмағанга.  
Сызат та жоқ бетінде, сызық та жоқ,  
Айдынына аққуы қонбаған ба?!

Қызығыштары қиқулап, қорғағанда,  
Сорлаганға ұсайды, сорлаганға,  
Шөргейлер айдынын қорлаганда,  
Кеккүтандар қанатын қомдағанда...

Беу дүние-ай, аққулар оралғанда,  
Айдын көлдің иесі жол алғанда,  
Жетісіп бір «Жетімкөл» қалушы еді-ау,  
Тынушы еді-ау, теңселген қара орман да.  
Таянғанда аққулар қонар маңға,  
Басушы еді-ау байызын бар арман да.

Сорлы көлдің сол күні болар ма алда,  
Иелері айдынның жоғалған ба?!

Қанатынан аққудың балапандап,  
Ән ұшатын сымпылдан таң атарда.  
Сүйінші бер дегендей бір толықсып,  
Сыбырлайтын «Жетімкөлі» Алатауга.  
Тына қалып бұлбұл да жаға-талда,  
Қарайтұғын айдынға — ақ отауға.

Таң мен күннің арасы таянғанда,  
Таудың басы алаумен боялғанда,  
Тірілетін таудағы бар тіршілік,  
Қанатынан аққудың оянған ба?!

Кемейінде тәтті үні былай қалып,  
Жаға-талда жас бұлбұл тұр ойланып.  
Жетті аққулар.

Түгендеп «Жетімкөлін»,  
Жағалауда ұшып жүр шыр айналып,  
(Бірден көлге қонбайды құлай барып)

Сондайтұғын, аққулар сондайтұғын,  
Асығыстық оларда болмайтұғын.  
Қомағай кекқұтандар секілденіп,  
Жалп беріп, жағаға кеп қонбайтұғын.  
Сондайтұғын, аққулар сондайтұғын,  
Ақ мүсін айдынға кеп орнайтұғын.

Әлдилеп ақ төсінде, бермей тыным,  
Ақ айдын ақ мүсінін тербейтұғын.  
Бұл көлге мылтық алған саятшы емес,  
Тірі жан аяқ басып келмейтұғын.  
Аққулар аман-есен қайтқанынша,  
Суына «Жетімкөлдің» шелдейтұғын.  
(Суымен сырқаттарын емдейтұғын)

Ұрпақтаи ұрпақ алып жалықпастан,  
Сондай бір дәстүр бар-ды қалыптасқан.  
Заманинан заман өткен, жаңарған жұрт,  
Аққуын айдын келдің налытпастан,  
Дәстүрін аттамаған, анық басқан.  
Сондай бір дәстүр бар-ды жарық шашқан,  
Бір ұрпақ бір ұрпаққа алып қашқан.

Қайсыбір қыын-қыстау ай, күндерде,  
Шойрылтып, түссе-дағы қайғым белге,  
Алаңсыз аққуымды атпасын деп,  
Жатқа да дастарқанды жайдым төрге,  
Аққулар үйқтағанда айдын көлде...

... Оралмады аққулар осы маңға,  
Жылдар етті, байғұстар шошыған ба?  
«Жетімкөл» жетімсіреп қала берді,  
Арман-ай, аққуымен қосылар ма?!

## II

Бала жатыр тәсекте, албыраған,  
Әке жатыр еденде, қалжыраған  
Түн күзетіп ана отыр, қос жанары  
Шарасыздан шаршаған, жаудыраған.  
Түні мынау тамыздың маужыраған,  
Тауың анау — шымылдық салбыраған.

Биік барып жаралған жер бетінен,  
Сол байырғы «Жетімкөл» келбетімен.  
Айдынында аққулар үйқтап жатыр,  
Сайдан соққан самалмен тербетілген.  
Жер бетінде тыныштық, көл бетінде,  
Қауышыпты қара орман,  
көл де, түн де.

Бала жатыр тесекте күйіп-жанып,  
Баласының ана отыр күйін бағып.  
Қайдағы бір қатігез, сұрқай ойлар,  
Миын қарып барады, миын қарып.

«Сарқытындай өлімнің қалған қарға,  
Екеу болса, дүние-ай, арман бар ма!..»  
Аракідік назарын аударады,  
Төрт бүктеліп еденде қалған жарға.  
Қауіптеніп түндерге, таңдарға да,  
Үн шығармай ішкүста, зарлауда ана.

«Мана, күндіз, тәуіп шал не деп кетті?  
Әлде өтірік, әлде шын демеп кетті...  
— Аққуменен баланы аластандар,—  
Деді-дағы жәйімен жөнеп кетті».

— Тұрсаңшы,  
ТАяу қалды таң атуға,  
Неткен жансың санасыз жаратылған!?  
Манағы тәуіп шалдың айтқан сөзі,  
Ұмытылып кетті ме санатыңан?  
... Айналайын аққудың қанатынан,  
Қайтеміз, ол да адамға бола туған.

«Жетімкөлге барып қайт таң жамылып  
Таң атқанша қалайды тауға ілік.  
Біреулердің көзіне түсіп қалып,  
Дүрліктірме жұртыңды, салма бүлік!  
Кім білсін, мүмкін, бәрі жалған үміт...

— Апыр-ай, қалай барам, қалай барам!?  
Атармын аққу құсты қалай ғана?!  
Айдынның аққулары ұйқтағанда,  
Өрген мал, өскен шырша абайлаған,

Барлығы қасиетке қарайлаған,  
Оқ атам қасиетке қалай ғана?..  
Бармаймын, бара алмаймын,  
қалай барам?

Адуынды жан екен алған жары:  
— Жалғыз ұлдан артық па,  
жалған бәрі!

Балам өлсе, бақыттың керегі не?!

Топан су басып кетсін қалғандарын.  
Перзент сұрап, несіне армандаңың!?  
Құрысын онсыз сенің жанған бағың!  
Мылтықты өкел!

Атты ертте!  
Жалған бәрі!

... Оятып дүниені дел-сал ғылыш,  
Тамыздың таңы да атты тамсандырып,  
Сай-сайдан бошалаған бозала таң,  
Таудағы тіршілікке ән салдырып,  
Еміндіріп,  
еріксіз қарсы алдырып,  
Бұлбұлға дүниеге жар салдырып,  
Тамыздың таңы да атты тамсандырып.

Қасқа таң.  
Бұлбұл үні.  
Көл бетінде,  
Аққулар үйқтап жатыр тербетіле.  
Басбағып жағада отыр жалғыз ана,  
Таңданып текеппар құс келбетіне.

Тығып ап тұмсықтарын мамығына,  
Айдын — төсек, аспанды жамылуда.  
Арша, шырша, жартастар жағадағы,  
Сұғынып, бәрі келге табынуда.

Аласұрып, қан ойнап тамырында,  
Ана-жүрек тыптырышып, қабынуда,  
Не қыларын біле алмай, жабығуда.

Асқар белден күн нұры шашырады,  
Шашырап, ол да көлге бас ұрады.  
Күс әппак, айдын әппак,  
нұр да әппак,  
Әппақ нұр — әппақ нұрга қосылады,  
Көл-көккө, көк-көлге кеп, асылады,  
Ұйқысы аққулардың ашылады.  
Сұлулыққа сұқтанып, қашып әлі,  
Ана-жүрек солқ етіп, басылады.

Қызғанып, қызғыш байғұс шыр айналды,  
Абыржып ана-көңіл мың ойланды.  
Ғазиздің көзінде емес, көңілінде,  
Айдын көл астан-кестен лайланды.  
Дәстүр, ырым, жәйімен құдай қалды,  
Жалғыз ұлдан басқасы былай қалды.  
Айдынның аққуының орынынан,  
Көргендей, көзі тұнып, құмайларды.

... Аққулар.

... Аққу-мойын, сүмбебе-қанат,  
Алаңсыз тарануда күнге қарап.  
Айдынның еркелері, білмей тұрмын,  
Етермін тағдырыңды кімге аманат?!

Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!  
Бір мамығы майысса ауырсынып,  
Тарақ етіп тұмсығын, тарайды кеп,  
Тарайды кеп, тарайды қауырсынын,  
Құм тұрса да бір түйір ауырсынып,  
Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!

Ақ қанатын сабалап, асыр салып,  
Бірде суға сұңгиді басын малып.

... Ойнасынышы, ойнасын ерке құстар,  
Тыныштығын олардың қашырмалық.  
Мерген отыр жағада.

Ей, ақша бұлт,  
Жауалығыңмен оларды жасыр барып.

Басбағады шыршаның қалқасынан  
Қаруынан қолында қан сасыған.

... Ал аққулар,  
Аққулар тарануда,  
Сусып түсіп, су моншақ арқасынан.  
Қарайды ана шыршаның қалқасынан.

«Сірә, сорлы жоқ шығар менен өткен,  
Құлымның қасынан неге кеткем?!  
Ошак қасы, от басы,

көрмеппін ғой  
Дүние-ау,  
сен осындай керемет пе ең!?

Ана отыр.

Озбыр ойлар қамалауда,  
Қамалауда, өлде кім табалауда.

... Аққулар ақ айдынды қалдырды да,  
Тартты кеп, ана отырган жағалауға.

Шошымай шолжаң өскен батырларың,  
Ана отырган шыршага жақындары.  
Көзі тұнған бейбағың, топ аққуға,  
Білмей қалды мылтықтың атылғанын.  
Көздің алды кек тұтін, ақыл жарым  
Білмей отыр жаңағы тыныштықтың,  
Сүт үйіған тегешін сапырганы!..

Ию-қиу көл маңы, астан-кестен,  
Жер айналып, тау құлап, аспан көшкен.  
Жаңғырығып, жар салып, жартастар түр,  
«Жетімкөлдің» қайғысын бастан кешкен  
Көріп-біліп, таныпты тастар да естен.

Алып аспан астына сия алмай бір,  
Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.  
Мәлдіреген «Жетімкөл» көкке қарап,  
Мәлтілдеген көз жасын тия алмай түр.  
Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.

Сан айналып, сұңқылдаپ ұшты-дағы,  
Сапар жолға мезгілсіз түсті-дағы,  
Бетін түзеп, батысқа бағыт алып,  
Қарғыс атқан мекеннен құсті бәрі.  
Тау жаңғыртып, тамаша құстың әні,  
Қош айтысып көлменен, ұшты бәрі.  
Көл бетінде көлбендеп, жааралы аққу,  
Ұша алмайды, ұшпақ бол күш қылады...

Сыңар қанат сынық құс байлауда түр,  
Тағы бірі айдында жайрап жатыр.  
Қан аралас қалқыған мамығымен,  
«Жетімкөлдің» толқыны ойнал жатыр.  
... Қасиетке оқ атып, жойған пақыр,  
Қалай алып келерін біле алмастан,  
Сұле-сопы, жағада ойлауда құр.

«Жетімкөлден» сөн кетті мана тұнған,  
Аққу кетті, ән кетті қанатында.  
Асқар-асқар таулардан асып әрі,  
Шың-құздардың ун қалды қабатында.  
Аққу әні естілмей қалатын ба?  
Алатаудан үзілтіп, Қаратаяуга,  
Жаңғырығып жартастар таратуда...

### III

«Жетімкөлдің» басында жылқы жатқан,  
Дөңге шығып, қарт түрған жылқы баққан;  
«...Апыр-ай, бұл кім болды, таңсәріде,  
Көргенсіз, көл басында мылтық атқан?!

Құстардың зәре-құтын шырқыратқан,  
Негылған қаніпезер құлқы қатқан?!

Мылтықты атарлықтай көлге келіп,  
Апыр-ай, жоқ еді ғой елде желік...»  
Мылтық даусы, құстардың шулағаны —  
Шыдамын алды қарттың, бермеді ерік.

«Бұл маңның адамы емес, сірә-дағы,  
Білейін, табайын да бір амалын.  
Қаруы бар кәзапқа құрықпенен,  
Ұмтылса, қалай қайрат қыла аламын!?

Жөн болар алыс тұрып сұрағаным..»  
... Аққу үркіп, батысқа бет түзеген,  
Қамшы басты атына, шыдамады.

Алыс тұрып, ақырды қыр басынан:  
«Берекесін бұл жердің кім қашырған»  
Өңім бе, түсім бе деп таңданады,  
Кез алмай орамалды ұрғашыдан,  
Кез алмай сұле-сопа тұлғасынан:

— Ей!  
Кімсің?  
Тірісің бе?  
Жаның бар ма?  
Аққуды неге атасың, арың бар ма?!

Тастағын қаруыңды, келгін бері,  
Келгін бері, кеуденде жаның барда!

...Байғұс әйел үн-тұңсіз жылап тұрды,  
Қарттың үні мең-зен қып құлаққа ұрды.  
Қолындағы мылтығын құлаштап кеп,  
Бөгелмей, «Жетімкөлге» лақтырды.

Қартқа қарай ақырын аяңдады,  
Қарусызға қарт келді, аяңбады.  
...Көзінен жас, көңілінен зар төгіліп,  
Болған жәйтты келіні баяндады.

— Эй, балам!..  
Болмады ғой, болмады ғой...  
Қасиет кетті көлден, сорлады ғой.  
Тәуіптің айтқанының бәрі өтірік,  
Атқа мін, ауылға қайт, олжаны қой!..

Мін атқа, қайт ауылға тағат қыл да,  
...Білмеймін, сор аттың ба, бақ аттың ба?!  
Аққуға кезенерде, ырым жасап,  
Тым құрса саусағыңды қанаттың ба?

— Әлек боп, арпалысып сор-қайғымен,  
Жоқ ата, жасамадым ондайды мен...  
Жасынан естігенім бар-тын еді,  
Әйтеуір аққу атқан оңбайды деп...

— Солай, солай...  
Аманат бір құдайға...  
Қай-қайдың түседі құргыр ойға...  
...Ат басын шұғыл бұрып, тайып тұрды,  
Қарт тастап нелер сүмдық сырды бойға.

Бәрі ұмыт: бақтың да, байлығың да,  
Құлқі, шаттық, күйзелткен қайғы, мұң да.  
«Жетімкөл» жетімсіреп қалып қойды,  
Бір өлі, бір тірі аққу айдынында.

Бар өмірден көңілі шайлығуда,  
Байғұс ана еркінен айрылуда.

Әлденеден сүм жүрек сескенеді,  
Аракідік әлде не ес береді.  
Табиғаттың, таудың да, аққудың да,  
Байғұсқа болмай қалды еш керегі.  
Келеді ана, сезбейді ештецені.

Бай ұмыт, әлсіз жатқан бала да ұмыт,  
Қайтқан құстай алыстан барады ұміт.  
Көліменен қоштасқан аққу үні,  
Құлағына келеді аракідік.

Өмір емес өмірі, қораштанған,  
Байғұс ана тірліктен қалас қалған.  
Келеді ана, қарабет қарақшыдай,  
Ел мен жерден біржола аласталған  
Әптақ нұрды көре алмай ақ аспаннан,  
Түн-түнекте бейне бір адасқан жан.

...Абыр-сабыр, үй маңы дурбелен-ді,  
Алғаш анаabyржып, білмеген-ді.  
Ат үстінен түсе алмай қатып қалды,  
Мелшиіп, білмей тіл мен үн дегенді  
Білмейді, қайда келді, кімге келді.

Оң бе, тұс пе, әйтеуір таласуда,  
Өлі менен тірінің арасында.

Отырғандай «Жетімкөл» жағасында,  
Аққу жатыр көзінің шарасында.  
Аунап түсіп атынан, үйіне енді,  
— Есіне алып ерін де, баласын да.  
Өліп жатқан ұлына қарасын да,

Қалсын ана «Жетімкөл» жағасында,  
Өлі менен тірінің арасында.

...Әппақ нұрмен шомылтып айналаны,  
Ақ сәулемен айдынның ойнағаны,  
Көз алдында...

Құлақтан кетер емес,  
Таңда бұлбұл тамылжып сайрағаны,  
Көз алдында — аққудың жайрағаны.  
Сыңар қанат, сынық құс — жаралы аққу,  
Өлі аққудан кете алмай айналады.

Ақ тесек — әппақ айдын, аққу — бала,  
Жаралы аққу секілді жаттың ба, ана?..  
«...Мына жатқан «Жетімкөл»,  
мына аққуды,  
Өз қолыммен өлтірдім, аттым жаңа...

Жоқ!  
Мен емес...  
Мен атпадым...  
Кеше гөр, кешіре гөр, жаратқаным?!  
Ғазиз ана, ербендең екі қолы,  
Жиылған жүртқа қарап алақтады.

Күледі, бірде жылап, зарланады,  
Кекке қарап, бекерге қарманады,  
Бірде үнсіз, мелшиіп тың тыңдайды,  
Құлагында аққудың арман-әні.  
Алдымен жүрт үн-түнсіз таңданады,  
Қыбыр-сыбыр артынан жалғанады...

Бірде ана кекке жайып алақанын:  
«Қазір, ботам... Мінеки, таң атады...  
Қазір, ботам, аққумен ұшықтаймын...  
Жазыласың құлыным... балапаным!..

Қасиет!..  
О, қасірет!  
Осында ма ең?!

Сорымның қалыңдығы шашымдай ма ең!..

Қасиет!..  
Қасиеттер ұшып кетті,  
Қасірет!..  
Қасымдағы досымдай ма ең!..

Қасиет... Қасірет...  
Қасірет... қасиет...»

### Э П И Л О Г

... Сол кеткеннен мол кетті, оралмады,  
Жерді аңсаймын...  
Жалғыз-ақ сол — арманым.  
Қыын екен, қимасың екі бірдей,  
Көз алдында ғайып бол жоғалғаны...

Көрдің бе бір-біріне дәп келуін,  
Бір қырсық бір қырсықпен шектелуін?  
Балам-ай, мынау өмір-дарияның,  
Білмейсің қайда екенін өткелінің.

Содан соғыс басталды,  
соғыс бардым,  
Соғыс бітті осында қоныстадым.  
Шешен — орыс, інің мен әкен — қазақ,  
Арасында ағайын орыстардың...

Елді көрер дәрмен жок...  
Жерді аңсаймын.  
Жетім қалған таудағы көлді аңсаймын.  
«Жетімкөлге» оралды ма екен деймін,  
Осы маңға аққулар, келген сайын.

## Аққулар...

Аңыз көп қой олар жайлы,  
Көзіңмен көргеніңдей бола алмайды...  
Тек қана тыныштықта үйқтайды олар,  
Шошыса, екінші рет оралмайды.

...Елдің бәрі бір ел ғой, жері бөлек,  
Сібірдің өзені де, көлі де көп.  
Жападан жалғыз біткен тау басына,  
Қарағым, «Жетімкөлдің» жөні бөлек!..

Қарағым, менің сенен өтінерім —  
Бір баршы, есен бе екен «Жетімкөлім»  
Ел басына құн туған со бір кезде,  
Мұршам жоқ қоштасуға, кетіп едім.

Арыла алмай келемін сондағыдан,  
Өмірдің өттім талай жолдарынан.  
Татпаған дәм, көрмеген жерім де жоқ,  
Бір-ақ шықтым Сібірдің орманынан..

\* \* \*

Аманатын орындал, барғам көлге,  
Қызығыш ұшты қызығанып арман-көлде  
Жетім десе, «Жетімкөл» жетім екен,  
Тіл күрмелер қарт сөзін жалған деуге.

Орнында екен «Жетімкөл» жоғалмалты,  
Ортаймапты, немесе тола алмапты.  
Жағалауын жауыпты жасыл жалбыз,  
Қасиетті аққулар оралмапты.

Өпіті-ау, сірә, непшеме тағдыр мұнда!..  
Мен соның бір білтесін жандырдым да,  
Тайып тұрдым. Кез жасын алып таудың  
Қызығаншақ қызығышына қалдырдым да...

## АРУ АНА

### БАС БӘЙГЕ

Бір тәбеде бір топ тұр а, құдайлап,  
Бір тәбеде бір топ тұр Абылайлап.  
Мысық мұрт бағзы біреу аллалайды,  
Ала бесті тағдырын қабыл ойлап.

Ала бесті иесі — аты Құрман,  
(Ол емес-ті бүл тойға шақырылған)  
Жанын алған жатқанның қарақшы еді,  
Алты болыс Албанды запы қылған.

Қарақшы еді мал тапқан ат жалынан,  
Қарғыс атқан өмірі қатпа қылған.  
Жортып өткен Құрманнан жолдарынан,  
Жойқын-жойқын әлемет ақтарылған.

Сұрапылдай сұсты еді сұық тағы,  
Бұрыс жолдан тағдыры бұрылтпады.  
Құрақ ұшып Құрманнан қорқатұғын,  
Тұған елдің сыйырлап уықтары.

Мекені жоқ, елі жоқ тұрақ қылған,  
Жерді тәсек, жұлдызды шырақ қылған.  
Кеэбе өмірі делбе етіп кер кедейі,  
Кез келген қыырларға лақтырылған

Құрман сол топ ішінде аялдады,  
(Бәйгі аттар оралуға таяу қалды)  
Бай отырған тәбеле бетін түзеп,  
Көнігі кәzzәп бөрі аяңдады  
Барды да, байға былай баяндады:

— Байеке, озады атым, бәс тігемін,  
Тұлпарыңды тұғырым басты менің.  
Алты болыс Албанды дүрліктіріп,  
Құнанында бәйгі алған тастулегім.

— О, сәуегей, әулие, көріпкелім,  
Құдайдан құжат алып келіп пе едің?!  
Қастерлеп, қанат байлап жіберсең де,  
Тұлпардан тұғыр озбас, желікпегін!

Қайдан білдің ат әлде бап шабарын,  
Қалай-қалай бәсесің қатпа жаным?!  
Жөніңді айтқын өуелі, елірме олай,  
Қайдан жүрген пендесің, бәтшагарым?

— Жұртым — жер, руым — көк,  
далада өстім,  
Корлық көріп байлардан, нала кештім.  
Бәс тігемін байеке, бәйгемді бер,  
Бәйгемді бер, озады ала бестім.

Бәс тігем де, қаласаң жамбы атамын,  
Қиырға қой киікті, қандатамын.  
Шыгаршы шымыр дене палуаныңды,  
Аяғыңың астына аунатамын!..

Атып тұрды құр белбеу, саптама етік,  
(Алып ұрып, кетпекші аттап етіп)  
Апыл-құпыл Құрман да ұстай алды,  
Қолын қару, кеудесін қақпақ етіп.

Кос дүлей ұмар-жұмар түйдектелді,  
Сығады қабырғаны күйреткелі.  
Бай намысын қорғаған пақырыңды,  
Әп-сәтте-ақ Құрман-пері илел берді.

Алып ұрды алдына, шыдатпады,  
Жолбарыстай атылып, бір аттады.  
Қыз-келіншек қымсынып,  
бетін шымшып,  
Мәрт жығылған палуанды ұнатпады.

Барлық назар Құрманда, таң көреді  
Сүмбедей сұңғақ бойды, пак денені.  
...Осы сәтте ойпатта үздік-создық,  
Шуатылған шудадай шаң келеді.

Жұрт дүрліге ойысып, ұрандады,  
Аруақтарын шақырды, тұра алмады.  
Қою шаңнан үзіліп жалғыз қара,  
Жалғыз, дара ойнақтап, қыланадады.

Жалғыз қара үзіліп, суырылды,  
Қара жолдың апшысы қуырылды.  
Айтып-айтпай не керек сол бәйгеде  
Тұлпарлардың енесін тұғыр ұрды...

Дүрліктіріп, таңдантып, рулы елді,  
Ала бесті сөреге бұрын келді.  
Бай алдында ала атпен ойқастаған,  
Жұрт жабыла қарап жүр жырынды-ерді.

— Байеке, бәйгем қайда, атым келді,  
— Байеке, бәйгем қайда, атым келді,  
Бас бәйгені байлану — қақымда енді.  
...Бұғынбай нәкерлерін жиып алып,  
Өзара сейлесуді мақұл көрді.

— Жолаушы тойсын менің жұғыныма,  
Қыз бермеймін кедейдің тұғырына.  
Сары атанды бас қылып, мал беріндер,  
Жетер сол да пақырдың ғұмырына.

Жалғыз атты жолаушы қара қасқа,  
Адуынды неме екен алақашпа.  
Еліме күшік күйеу болам десе,  
Атын әкеп байласын мама ағашқа.

Жақыным болам десе жатсынбаган,  
Астындағы Аласын сатсын маган.  
Құйын құған келімсек кер-кедейді,  
Алласы асыра деп тапсырмаган!

Есітіп мұны Құрман жалынбады,  
Жалынбады және де қабынбады.  
Сипай соққан самалға бетін төсеп,  
Ала аттың арқасында дамыллады.

«Байекеңе айт, естісін, Құрман атым,  
Зауқым жоқ заңды олжадан құр қалатын.  
Табиғаттың тауда өскен тағысымын,  
Тақыр кедей мен емес құл болатын.

Кесір бай кесе алмайды қанатымды,  
Бар малына бермеймін Ала атымды.  
Заңды олжамды алдыма тарт көлденең,  
Байыңа айт, тауыспасын тағатымды».

Сұр қашты хабаршыдан сумандаган,  
Сыбыр мен үрей кетті «Құрман» даған.  
Құрман-есім құлаққа тигенінде,  
Байдың да мысы құрып,  
тұр қалмаган.

«Байеке, екі айтпаған тұқымыңыз,  
Төніп тұрган түлейді тұқырыңыз.  
Жетім қызды артына мінгестіріп,  
Қызыл көзді пәледен құтылыңыз.

Елден безген есерсоқ, соқпа құрғыр,  
Арыстандай айбат қып шапқалы тұр.  
Қарғап қойған құдайдың шатпағы бір,  
Ала атыңмен адасып отқа кіргір...»

Талқан болды Бұғыбай тас қамалы,  
Жұлқа тартып тәсбигын тастады әрі.  
Женіп алған жендетке бас бәйгеге  
Қыз беруден қалмады басқа амалы.

...Тамашалап тобыр топ дуылдайды,  
Қол ұшын беріп біреу бұрылмайды.  
Ей, әләпат ит өмір, естисің бе?  
Торға түскен торғайың шырылдайды.

Көзің қайда көк аспан, көремісің,  
Жарылсанышы, осыған көнемісің?!

Қара құс кеп қарлығаш балапаның,  
Қағып кетіп барады қорегі үшін.

Ар-намысы жанышылып, қараң қалып,  
Зарлайды он бес жасар Жамал налып,  
Туылмаган нәресте!

Міңгестіріп,  
Бір жырынды барады Анаңды алып.

Өмірге келме, сәби, шақырмаймын,  
Шықпаған күнім болшы аһ ұрмаймын.  
Қарақшыға мұрагер болғаннан да,  
Қанымда қалғаныңда мақұлдаймын.

Қара жер жемсауында нала барда,  
Осылай құс іледі қара қарға.  
Сор-Жамал сорасы ағып, зарланады,  
Заңына замананың шара бар ма.

Ағажан, ажыратшы ақ-қараны,  
Жетімек ем — өмірдің ақ табаны.  
Арыздастып қалайын атыңды бүр,  
Артымда сорлы бауыр қап барады.

Кеше фана екеуміз гүл қарап ек,  
Ағажан, аноу қырға бір қарап өт?  
Болайық біріміз — құл, біріміз күн,  
Ағажан, екеумізді бірге ала кет?

Ағажан, солай бүршы атың басын,  
Артымда қап барады ақылдасым.  
Шер жүрек, шерменде бір ғазиз еді,  
Қуарып, құса кешіп, ах ұрмасын.  
Ағажан, солай бүршы атың басын?»

Қызы даусын Құрман тыңдал желкесімен,  
Зекиді оқта-текте келтесінен.  
Қос құлағын қайшылап Ала бесті,  
Қояндайын жымады жер тәсімен.

«Тәйт әрі, неткен аңы сүм дауысың!  
Мен бе екен жыртатұғын күң намысын?!  
Берілмеген қос құлақ ер жігітке,  
Әйелдің бақырғанын тыңдау үшін.

Өз-өзінен таусылып өткені не?!

Анаң қызы, атаң ұл бол өтпеді ме?!

Ағасы нес-с....

Әлде сол әке-шешен  
Бірі ерім, бірі әйелім деспеді ме?!

Қашаннан қас әдетін ұмытпапты,  
Қарақшы жатағына суыт тартты.  
Қыза-қыза өртеніп, шоқтанған күн,  
Нарттай жанып, батуға жуықтапты.

Сарыла ойлай-ойлай іі қанған,  
Тұншықты Жамалдағы тұйық арман.  
Күн батты. Ал батыста талауранып,  
Тапжылмай жатып алды үйыған қан.

Ауыздықпен алысқан Ала бесті,  
Апрай, қайда сенің қараң өшті?!

Құзар тау, құлама өзен, ну қарагай,  
Сыпрып сай-саланы самал есті.

Бұлықсып былдыр бұлақ сайды аунады,  
Бұралып бұйра талдар Айды алдады.  
Қарагай сыйбырымен қалғып-мұлгіп,  
Суып тұр Ала бесті байлаудағы.

Шыңыраудан үн шықты шырылдаған:  
— Өлдім-ау... өлдім... апа...  
  Күнім қараң!..

Қарақшы, сүм қарақшы... затың құрсын!  
Өлдім апа... естімей жатырмысың?..

Ай кетті бір орнында шыр айналып,  
Тояттап тәбеде отыр құмай барып.  
Әлгіндегі жап-жасыл ашық аспан,  
Әлемет боп барады лайланып...

Сәбілік сөнді... тауда қала берді...  
Ей, өмір, балаң емес Жамал енді!  
Арман-өмір, аманат тек өзіңе,  
Алдыңа ашулы Ару Ана келді!

#### ҚҰЗДА

— Уш жыл етті, бас ием, тұтқындадың,  
Өміріңен еш дерек үқтырмадың.  
Бөлтіріктей бағасың бейбағыңды,  
Ұрлап әкеп жазықсыз жүрттың малын.

— Жап аузыңды! — деп Құрман  
шатынады,

Қатын деген пендениң ақымағы...

— Сабыр, сабыр, жарқыным, қаласаң жүт  
Сен бір атан, мен шөлдің жапырағы.

Жалтармаймын жарқыным, жалақтама,  
Көретінім сені мен Ала ат қана.

Мен де өзіңдей адамның баласымын,  
Тенгермейсің көлдегі шабаққа да.

Елің бар ма, әміршім, елің қайда?  
Ел-жұртың, дос-бауырың,  
тепінді ойла.

Қашанғы қарақшы боп күнелтеміз,  
Адамша күн кешейік, белің байла.

— Сендей заржақ көрсемші бұл жасымда,  
Апырай, іштен оқып тұғансың ба?!

Сәби керек! Тек сонда жөн түзеймін  
Тумаған тұл қатын да ұрғашы ма!

Нөсері жоқ дауылдай бүрқанаңсың...  
Перзент керек, және де ұл табасың!  
Тағдырымды тау-таста қуалаған,  
Атам қазақ менен де ұрпақ алсын!

Елім шетін көремін қай бетіммен,  
Жапа шегем, жан күтем айла етумен.  
...Ақ патшаның ордасы опат болып,  
Бұл күні шаруа күреп, бай кетілген.

Осы еді сенен бүккен сырым ғана,  
Босуда елің Қытайга, Қырымға да.  
Аңдысын аңдық та, күн кешейік,  
Сөзінді маған енді шығындарма.

\* \* \*

Төртінші қыс таудағы, үңгірдегі,  
Ай сығалап, нұр шашып, күн кірмеді.  
Төртінші рет тұншығып мұз астында,  
Бұлышқыған бұлақ-күй күмбірледі.  
Төрт жыл болды тау-пері тарлан үкі,

Таста отырып, тапжылмай міңгерледі.  
Төрт жыл етті, ал Жамал дым білмеді.  
Ақыреттей аяз түр жалаң қағып,  
Үңгіріне қисайды Жамал барып.  
Жолбарыстай тояттап Құрман жатыр,  
Жортуылы жаздайғы тамамдалып.

«Осы үңгірде мың рет өксідім-ау,  
Осы үңгірде мың рет арамдалып.  
Ерекек біткен егерде болса осылай,  
Жалғандағы неғылған жаман халық.

...Өлтіріп қашсам ба екен...  
Кайда барам?..  
Қарсы алар ата-анам жоқ аймалаған...  
Жен сілтеп, жол көрсетер бір пенде жоқ.  
Әлде су, әлде құздада, сайдада қалам.

Ақ патша дегені кімі тағы?!  
Құдай білсін, өзіндей ұры-тағы...  
Ой, сұмдық-ай пенделер жұмыр басты,  
Қалайша елі-жұртын ұмытады?!

«Босуда елің Қытайға, Қырымға да?!

Деді-ау маған, ой тоба... Зұлым жаңа.  
Аң мен құс аждаһаның мекенінде,  
Өлем бе жабайы бол шынында да?!

Жалған-ай, тынысымның тарылғаны-ай!  
Бақытсыз басым қара жамылғаны-ай...  
Қалғып кетті.

Келеді шыңға өрмелеп,  
Шатынап шанағынан жарымжан-ай.

Құзар тау, құлама құз, боз жотаны,  
Астына ал аяз-бейбақ боздатады.  
Сайларда сайтан-боран кекпар тартып,  
Көкесін қорқыныштың қоздатады.

Құздарда пері жортып, жын аунайды,  
Шыңдарда тозаң оты лаулайды.  
Бораннан сауға сұрап қарагайлар,  
Жезекше келіншектей бұраңдайды.

Жарқ етпей жанындағы асыл үміт,  
Жалт етпей жанарында жасы бұғып.  
Тотысы іесіз таудың ерке бұлақ,  
Қалыпты мұз астында жасырынп.

Сетінеп бара жатыр түн жиегі,  
Ақ басын Ататау да түнге иеді.  
Үрейлі үңгірдегі май шам ғана,  
Үмітсіз аурудай ілмиеді.

Хандайын тояттаған ханшасынан,  
Корылдалп Құрман жатыр шалқасынан.  
Кеңсірігін кенеп бір жібергенде,  
Демінен тас үгіліп, шаң шашылған.

Үстіне асқар таудың тасын үйіп,  
Жамал жатыр жаны — өрт, басы — қүйік.  
Заман-ай, елі үйқының өзінде де,  
Қалыпты тәңіріне басын иіп.

Ала ат тұр, үйқылы-ояу, күркешікте,  
Ол да тұтқын, басы байлау, кілт есікте.  
Қара тағдыр үшеуін ұмар-жұмар,  
Әкеліп қамағаны-ай бір тесікке.

Таң атты, Құн де шықты құлақтанып,  
(Тіршілік өз міндетін жүр атқарып).  
Жылайды қапастағы қайран бұлак,  
Қайрымсыз әлде кімге мұң ақтарып.

О, таулар, таулар,  
таулар басып бұлт,  
Тындың ба түні бойы тасың ұлып?  
Түнімен асыр салған перілерің,  
Қалды ма шың-құзыңа жасырынып?!

Түнде ғана тұр едің сұрапылдай,  
Тасың қалған қалайша уатылмай?!

Енді міне, аязың әппақ шыны  
Маңдайдан шертіп қалса сынатындей.

-- Ал, қатын, мосынды іл, асынды қой,  
Тысқа шық, тұнгі әлемет басылды ғой.  
Не деген бетпақ еді салдақы тұн,  
Адамның берекесін қашырды ғой.

Тұр, қамда тірлігінді, жарамайды,  
Жатқанды алла пендеге баламайды.  
Асың әзір болғанша, мылтығымды ап,  
Бір аралап келейін қарағайды.

ІІқан аң тұнгі дауыл түнегінен,  
Паналайды тоғайды, білемін мен.  
Бүйрық болса, сергиік жас сорпа ішіп,  
Сыбағамыз бар шығар бұл өмірден.

Жамалға қарады да қызық күліп,  
...Ол кетті, бердеңкесін ишкә іліп.  
Жамал бей-жай, көтерді өзөр басын,  
Үйип жатып төсекте, үйип тұрып.

Тұн өтеді, қайтадан Күн келеді,  
Күн өтеді, тағы да тұн келеді.  
Газиз Жамал төсекке сут бол еніп,  
Айран болып ертесі түрегеледі.

Ол байлаулы құлынды желі-Күнге,  
Екіталай енші жоқ ерігінде.  
Жанын жеген жалғыз ой Жамалдағы:  
«Осы мен тірімін бе, өлімін бе?!»

Ойлайды да, өзегі өртенеді,  
Өзіне-өзі ібіліс, жеркенеді.  
Газиз жанның өткені бүгін болып,  
Бүгінгісі сорлының ертеңі еді...

#### ТОЛҒАҚ

Болар-болмас желбіреп боз жалауы,  
Шың басында бір нүктे қозғалады.  
Талма түсте талаурап өртенген Күн,  
Сексеуілдің шогындай қозданады.

Өшіріп, өмір дейтін шырай қалып,  
Бас имекші өлімге құлай барып.  
Тау тағысы пендені күзеткендей,  
Төбесінен төнеді шыр айналып.

Құз жартастың құлама қиясында,  
Балапандар шулайды ұясында.  
Шыныменен, ей, Жамал, мына өмірді,  
Ажалдың алқымына қиясың ба?

Қараши жан-жағыңа ғажап қандай,  
Бар тірлік саған қарап наз атқандай.  
Тиыл мынау ойыңнан, тиянақ тап,  
Албастыға-ажалға мазақ болмай.

Қараши анау масаты сай-саланы,  
Саған қарап, күнәсіз жайқалады.  
Саған арнап, ей, Жамал,  
сезесің бе?  
Сан рет бұлбұл әнін қайталады.

Қара орманға қараши қалғып тұрган,  
Қайрымдылық күтеді барлық қырдан.  
Сіңлің-бұлақ әнеки, жылай-жылай,  
Сыңғыр үнін сылқ үзіп, қарлықтырған.

Болар-болмас желбіреп боз жалауы,  
Шың басында бір өлім қозданады.  
Шың басында, Ананың құрсағында,  
Басталмаған бір өмір қозғалады.

Бір өмір тұр құрсақта оянғалы,  
(Опат болды Жамалдың ой-арманы)  
Құшагына құз қанша тартқанымен,  
Екі бірдей өмірді жоя алмады.

Ақ кебінің ажалдың жамылмады,  
Ақ шырағы өлімнің жағылмады.  
Қайта оралып ғайыптан ғазиз Ана,  
Жатағына келді де дамылдады.

Құрман отыр, отыр ол, сесі биік,  
Құрап отыр, жас талдан бесік иіп.  
— Жарқыным, неменеге тұнжырайсың?  
Ұрыдан үрпақ қалса неси күйік?!

Несіне тұнересің, ах ұрасың?!  
Тұнерме, тұңғиыққа батырасың.  
Қиядан қыранымды ұшырмасам,  
Қара жер қарс айрылып қақырасың!  
Несіне тұнересің, ах ұрасың?!

— Белгілі енді сенен айнымасым,  
Ей, батыр, қашан маған қайрыласың?  
Енді маған ел шетін көрсетпесең,  
Менен де, сәбиден де айрыласың.

Қарама ондай кейіппен ұнатпаған,  
Ит емен босағанда шуақтаған.  
Иесіз таудың елігі емеспін гой,  
Кез келген жыраларда лақтаған.

\* \* \*

Ғашық етіп ғаламды келбетіне,  
Жаз жамырап болған кез жер бетіне.  
Аспанның астындағы алып бесік,  
Асқар тау абдырап түр тербетіле.

Жалаң аяқ самал жұр сай-салада,  
Шыңдарындаған шыңдар бір қайсар аға.  
Бұлдыраған бұлақтар — бұйығы іні,  
Жасыл өнір, жалпақ жаз — жайсан ана.

Бұл аймақтан күн нұрын аямайды,  
Сагым болып желпиді, аялайды.  
Жер бетінде тыныштық болса егер,  
Осынау тауға келіп саялайды.

Шыңдарында найзагай дамылдаған,  
Құздарында қорқыныш мамырлаған.  
Талма түсте тау-ару ұйқыдағы,  
Боз көрпесін бойына жамылмаган.

...Талма түсте...

Талықсып күн шығады,  
Тар үңгірде әлдекім тұншығады.  
Ет жүрегін Құрманнның езіп ұстап,  
Арын келіп әлдене шымшылады.

Ол үңгірге беттейді, бата алмайды,  
Әрі кет!— деп ары оны бақандайды.  
Берекесін қашырған бермesterдің  
Берен-мылтық мінеки, от алмайды.

Құрақ ұшып Құрман тұр, елеңдейді,  
Құлын даусы Жамалдың бебеулейді.  
Ол өмірден түскен бір пенде еді ғой,  
Пенде еді ғой...

Апырау неге өлмейді?!

Ғазиз-Жамал құлындаі шыңғырады,  
Құз шатынап, талықсып, шың жылады.  
Бебеулеген бейбақтың беймаза үні,  
Тас жігерін Құрманнның құм қылады.

Бір түседі атынан, бір мінеді,  
(Не сыйлайды тағдыры, кім біледі?!)  
Тайыншадай теңселіп тентек болған,  
Телміреді бір сәтке ділгір еді.

Бір дел-салдық басып тұр тау-алыпты,  
Бар тыныштық осында қамалыпты.  
Құжыр-құжыр жартастар ұмсынады,  
Ұғатындаі ұлы бір жаңалықты.

Самал да жоқ сайдагы сыбырлаған,  
Қалт кідірді құрақ та қыбырлаған.  
Құздан-құзға сол сәтте жаңғырығып,  
Үні шықты сәбидің шырылдаған.

Таң-тамаша табигат ақырады,  
Таң-тамаша таудың да тағылары.  
Құрбысының үніне құлақ асып,  
Қуаныш тұр арқардың ақ лағы.

«Я, алла, көрдім бе, көрмедім бе?!  
Я тәнрім, бердің бе, бермедің бе?!  
Шырылдаған үніңден айналайын,  
Шыныменен өмірге келгенің бе?!

Кызыым болсаң, қырымда құралайсың,  
Ұлыым болсаң, ұлы бір мұрадайсың.  
Естисің бе есі жоқ, ей, дүние,  
Менен неге сүйінші сұрамайсың?!

Кызыым болса, қырмызы қызғалдағым,  
Ұлыым болса, түнекті бұзған жалын.  
Бақытыңды осы бір ей, дүние,  
Қый маған, қырын қарап қызғанбағын!

Шарасында шатынап, көзі жайнап,  
Көңілінде дауыл тұр, сезім ойнап.  
Алақанға арманын алды-дағы,  
Өзі кесті кіндігін, өзі байлад.

Жаба қойып бетіне орамалды,  
Жамал тынды,  
Тым-тырыс бола қалды.  
Құрман жалғыз жейдесін дар айырып,  
Қуанышын құндақтарап орап алды.

«Қашан менің тағдырым тыным көрді,  
Қан қақсатқан бөрі едім рұлы елді.  
Ұрпағым бар, дүние, енді менің,  
Естисің бе ей, өмір, ұлым келді».

Жалғыз едім таста өскен шыршадайын,  
Жабырқаушы ем дауылда сынса қайың.  
Су бол кетпей неге тұр қос шырағым,  
Ну бол кетпей неге тұр құ самайым.

Жанарыңдан айналдым, жаным Жамал,  
Жарым болып, мәңгілік жанымда қал!  
Келешегің, бақытың келді, міне,  
Көгершінім, көтеріл, қабылдап ал.

Шолпаным бол шоқтанған таң атарда,  
Ақ қанатты құсым бол алақанда.  
Тәңірім бол табынып, бас иетін,  
Ұшып шығар ұя бол балапанға.

Жапырақсыз, бұтақсыз қу бас едім,  
Жалғыздықпен жалғанда сырлас едім.  
Ей, дүние, неге сен қуанбайсың,  
Қүйің келмей күйігіп тұр ма сениң?!»

\* \* \*

Арқандаулы ала тұр шыбындаған,  
Құйбең-құйбең Құрман жүр қыбырлаған.  
Көкейінде бір ой жүр шымырлаған:

«Адам тек азап үшін туылмаған,  
Өмір жоқ өң өзгертіп құбылмаған.  
Өкінішпен өткерген сәттерім-ай,  
Өмір сениң өзіңен құнымды алам!»

Алып келді ала атты арқандағы,  
(Қабыл болсын қашанғы қарт арманы.)  
Бердеңкесін соққылап қара тасқа,  
Ұңғысын уатты да, талқандады.

«...Жанып барам, Жамалжан,  
жанып барам,  
Карақшы деп ат қойды халық маган.  
Қарабет боп мәңгілік қалсам-дағы,  
Екеуінді еліме алышп барам!»

Солай бастап сезімі қаралы ерді,  
(Қандай жаза болса да бара көрді)..  
Құлазыған құзар тау беркін бұлғап,  
Коқыс үңгір қоштасып қала берді.  
Өз өмірін өткерген өгей-Құрман,  
Өзге өмірді еліне ала келді.

«Қан қақсатқан кешегі рулы елді,  
Мекендерген тау-тасты жырынды еді.  
Қаласаңдар қағыңдар, басым міне,  
Есенбісің ел-жұртым, ұрың келді...

Қандай менің аяйтын тағдырым бар,  
Суға тастап,  
я отқа жандырыңдар.

Тек бір гана тілегім, ағайындар,  
Ұрпағымды артымда қалдырыңдар!

Алдында тұр, ағайын, қаңғыбасың,  
Қаласаңдар мінеки қанды басым.  
Аманат қып аранда қалдырамын,  
Жаңа өмірдің жазықсыз қарлығашын...»

— Салтанат құрмажанмен салқында өсіп,  
Алтын бесік ел іші, алтын бесік.  
Жаңа өмірді біз солай бастап едік,  
Тентегімнің қылғыны халқым кешіп.

Қалғамыз жоқ опық жеп, ойрандал оқ,  
Бай да жоқ, басымызда байлау да жоқ.

Ел қатары күнелттік еркімізбен,  
Егін салып, мал бағып, жайлауда бол.

Тәрік етіп бар күшін, бар амалын,  
Орындағы ол елінің қалағанын.  
Қайта тұған, өмірге қайта келген,  
Жер қайыспай қайыспас қара нарым...

## Э П И Л О Г

— Ана, армысың!  
— Уа, бар бол, балам, саумысың?  
Сөл сабыр ет, қарағым,  
Інішегің қалғысын.

Далада өскен емес пе бабаларың,  
Талпынады далаға інішегің.  
... Пай, пай,  
қандай мына бір самала күн!..  
Есен-саусың қарағым, тыныш елің?..

Сайрады жасыл бақтың кенті — бұлбұл,  
Уыз сәби үйқыда елтіді құр.  
Тентек-самал әжейдің шәй жаулығын,  
Бұлк еткізіп, абайлап желпіді бір.

Жапырақтар жайылған алақандай,  
Жәудірейді бұтақтан, тағат алмай.  
Жасыл жәннәт. Ақ үрпік әжей отыр,  
Ұядан жаңа шыққан балапандай.

Саялатып самал түр жасыл бақты.  
(Ақ жаулығы әжейдің қасын жапты.  
Кәрілікке өлі де бас ұрманты,  
Ақша жүзін өлі өмір жасырманты).

Мен де отырмын, алқызыл айналам гүл,  
Айналам гүл. Жалпақ жаз.

Жайнаған нұр.  
Салауатпен сол әжей жалт қарады,  
Қос жанардың алмасы таймаған бір.

— Оңаша осы баққа күнде келем,  
Балам сені осыннан күнде көрем.

«Түсі жылы, тұңілме» дейді ғой жүрт,  
Түсің жылы бала екен, білмеген ем...

— Күнде түсті осында өткеріп ем,  
Мен де сізді осыннан көп көріп ем.  
Үлкен адам болғасын, сәлем беріп,  
Парзыымды өтейін деп келіп ем...

— Күнде осыннан шұбырып ел де өтеді,  
Қалмаған-ау кішілік елде тегі...  
Жөн, жөн, балам, әманда осылай бол,  
Сәлемдесіп жүргенге нең кетеді.

... Эңгімен әңгіме қозды-ай дерсің.  
Сері-самал теректі қозғай берсін,  
Әлдеқайда асыққан жүрдек поезд,  
Ботасы өлген інгендей боздай берсін...

Уыз-сәби үйқыда балбырасын,  
Жайып құшак жәннәт-бақ албырасын.  
Ертегідей өмірін еске ап әже,  
Ет жүрегі езіліп, қан жыласын...

(Саяал қойдым әжейге тұрган бойда)

— Құрман ше,  
                  Құрман... әде,  
                  Құрман қайда?  
— Оқ тиіп,  
                  қан майданда қайтыс болған,  
Соры бір арылмаған қу маңдайға...

Сол тұңғышым осында, дәрігер-ди,  
Қалғандары, қайтейін, бәрі де өлді.  
Қайсыбірін айтайын қалқам саган,

Қайсыбірін айтайын қалқам саған,  
Білесің гой кешегі әбігерді...  
Мына біреу немерем...

Қарғам менің!  
Шүкіршілік аллаға, арманда едім.  
Айта берсе, қалқам-ау, арман көп қой,  
Бұл өмірде армансыз жан бар ма еді...

МАЗМҰНЫ  
БІРІНШІ БӨЛІМ

Өлеңдер

**«АРМЫСЫНДАР, ДОСТАР» ЖИНАФЫНАН**

Кең дүнне төсінді аш . . . . .	7
Күзетші . . . . .	8
Алпысқа келдіңіздер . . . . .	9
«Тау өзені тентек» . . . . .	10
Біздің жақтың іңірі . . . . .	12
Мен бе екем?! . . . . .	13
Жұмыстасы соң . . . . .	14
Отыздан асып барамын . . . . .	15
Хат . . . . .	16
Күміс жалды күн . . . . .	17

**«ҚАРЛЫГАШЫМ КЕЛДІҢ БЕ?» ЖИНАФЫНАН**

Отыз бесінші көктемім . . . . .	18
Бұзылған там . . . . .	21
1941 жыл. Ақпан . . . . .	22
Қырқыншы жылдар . . . . .	24
Махаббатым өзімде . . . . .	25
Кел, Болашақ!	26
Алатаяу, ассалаумагалайкүм!	27
«Кем болып жаралғам жоқ» . . . . .	28
Сіздер . . . . .	29
«Ауыл тұні бозғыл, торғын» . . . . .	30
«Жұтайдыншы елімнің таза ауасын» . . . . .	31
Арулар . . . . .	32
«Вір ән бар» . . . . .	33

«Қабагы таудың қатулы» . . . . .	34
«Қарлығашым келдің бе?» . . . . .	35
«Бұлқынып жатыр» . . . . .	36
«Қап-қара, ғажап, сыйқырлы» . . . . .	37
«Шау тартып қалыпсың-ау» . . . . .	38
«Адамды адам түсінбеу» . . . . .	39
Қасым солай болмаса . . . . .	40
«Тау үзілгі да агады» . . . . .	41
«Санаулы күн» . . . . .	42
«Сонау бір жазда» . . . . .	43
Сагым . . . . .	45
«Жалаңаңқ жар кешіп» . . . . .	46
«Жоқ күндерім» . . . . .	47
«Заулап еткен заман-ай» . . . . .	48
«Жүргегімде жүргені-ай» . . . . .	49
«Әке, сениң тастап кеткен» . . . . .	50
«Досым, саган сенемін» . . . . .	51
Майгулге . . . . .	52
«Бұлданба жүрек» . . . . .	53
«Қаздар қайтып барады» . . . . .	54
«Тоқта, ботам!» . . . . .	55
Бәсіре . . . . .	57
«Сагынып, аңсал барғанда» . . . . .	58
«Көтеріп шаңын көшениң» . . . . .	59
«Мен ескен лашық — бір бөлме» . . . . .	60
«Азамат едің тәп-тәуір» . . . . .	61
«Суық күз» . . . . .	62
«Бала едік» . . . . .	63
«Ат суара барғанда» . . . . .	65
«Гашықпын» . . . . .	67
«Көңілде ән» . . . . .	68
«Жамылып сагыныштың» . . . . .	69

### *«МАВР» ЖИНАҒЫНАН*

«Үйім — халқым» . . . . .	70
«Кектем де келер» . . . . .	71
«Ей, табиғат» . . . . .	72
«Жүргейсің бізге тәуе етіп» . . . . .	73
Шардарға . . . . .	74
«Біздің таулар» . . . . .	75
Жоқ, дәрігер!	76
«Жарық дүние-ай!» . . . . .	78

«Япыр-ай, неткен көктем!» . . . . .	79
Таудагы нөсер . . . . .	80
Арманың бар ма? . . . . .	81
«Шалғының жүзін» . . . . .	82
Шұбат пен бота . . . . .	83
«Күмған алған» . . . . .	84
«Бір әңгіме қозғашы» . . . . .	85
«Саршұнақ аяз» . . . . .	86
Ата — Жайық . . . . .	89
«Ақбақай» дейтін кел екен . . . . .	90
«Сонау бір — сонау заманда» . . . . .	91
Аякез — Ару . . . . .	92
Махаббат моласы . . . . .	93
«Жасасаң қайыр» . . . . .	94
«Кейіме, інім» . . . . .	95
«Сағым боп ақдан» . . . . .	96
Қайран жеңгем . . . . .	97
«Ойым бар менің» . . . . .	98
«Қазынам бар» . . . . .	99
«Иек артқан тәңізге» . . . . .	100
Неге ертерек сұалдың! . . . . .	101
«Тымсық күндей» . . . . .	102
Әбділдаға . . . . .	104
«Қажыдың, қарғам» . . . . .	105
«Қашанғы қалжыраймын» . . . . .	107
«Жүргіме жүк артып» . . . . .	108
«Махаббат сенен» . . . . .	109
«Туады, туады әлі» . . . . .	110

### «ДАРИГА-ЖҮРЕК» ЖИНАҒЫНАН

Поэзия . . . . .	111
Тілек . . . . .	113
Айхай, далам!	114
Көктемде келер . . . . .	115
Жур, қалқам.	116
Құрдастарға . . . . .	117
«Санаулы менің сағатым» . . . . .	118
Сыбагам қайда?	119
«Сусыны жоқ жолаушыдай» . . . . .	120
Автограф . . . . .	121

**«АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА» ЖИНАҒЫНАН**

Барлығы да менікі . . . . .	122
Құрметтөндер жиырмасынышы ғасырды . . . . .	124
Жаралылар . . . . .	125
Сырласу . . . . .	126
«Қырқада, ойда, бектерде» . . . . .	127
Өмір . . . . .	128
Қыстауда . . . . .	129
Үш бақыттым . . . . .	130
Асығу керек . . . . .	131
Қырқынишы жылдардағы бесік жыры . . . . .	132
Шұғыла арман . . . . .	134
Құрғақшылық . . . . .	135
Ақ кимешек көрінсе.	136
Шеше, сен бақыттысың . . . . .	137
Жайлауга баар жолда . . . . .	138
Жұлдыздар сөніп барады . . . . .	139
Сен өл тірі ме едің?	140
Мен — өзінмін . . . . .	141
Ән сал, жаным . . . . .	142
Сен менің миымдасың . . . . .	143
«Алдынан терезеңің» . . . . .	144
Жас өмір, саған өкпем жоқ . . . . .	145
Мен — таулықтын . . . . .	146
Сәби болғым келеді . . . . .	147
Өмір жайлы . . . . .	148
Бәріне де түсінем . . . . .	149
Кетер ме екем . . . . .	150
Өмір деген біреу бар . . . . .	151
Емханада . . . . .	152
Қайран жандар . . . . .	153
Қара өлец . . . . .	155
Қайдан білсін . . . . .	156
Жаздың таңы . . . . .	157
Қүзде . . . . .	158
Бозқараған . . . . .	159
Айхай, көктем!	160
Бесік-көл . . . . .	161
Сары ала қаз оралды . . . . .	162

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### Поэмалар

#### ОМИРДАСТАН

Бесік балагындағы жылан . . . . .	165
Алдымен көргенім — аспан . . . . .	169
Аға, мен тірімін . . . . .	172
Дарига-жүрек . . . . .	177
Аққулар ұйықтағанда . . . . .	192
Ару Ана . . . . .	206
Эпилог . . . . .	225

---

### М. Макатаев ОМИРДАСТАН

#### Избранные стихи и поэмы

(на казахском языке)

Редактор *Д. Канатбаев*. Художник *М. Горелов*. Худ. редактор  
*A. Смагулов*. Тех. редактор *B. Карабаева*.  
Корректор *K. Сагинбаева*.

Сдано в набор 31/X 1975 г. Подписано к печати 2/II 1976 г.  
Бумага № 1. Формат 70×100<sup>1/32</sup>=7,25 п. л.—9,42 усл. п. л.  
(Уч. изд. л. 7,81). Тираж 10 000 экз. Цена 90 коп.  
Издательство «Жазушы», г. Алма-Ата, 480091, пр. Коммуни-  
стический, 105.

Заказ № 1942. Фабрика книги производственного объединения  
полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комите-  
та Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, по-  
лиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата,  
пр. Гагарина, 93.